

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Г. Қ. Қортабаева

ТҮРКІ ОНОМАСТИКАСЫ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

ӘОЖ 80/81 (075.8)

КБЖ 81.2 я 73

Қ 66

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
шығыстану факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесінің
шешімімен ұсынылған
(№2 хаттама 29 қыркүйек 2017 жыл)*

Пікір жазған:

филология ғылымдарының докторы, профессор ***Р.А. Авакова***

Қортабаева Г.Қ.

Қ 66 Түркі ономастикасы: оқу құралы / Г.Қ. Қортабаева.
– Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 180 б.

ISBN 978-601-04-3020-4

Оқу құралында түркі ономастикасының қалыптасуы, тарихы, зерттеу аспектілері, сонымен қатар ономастиканың разрядтары антропоним, топоним, космонимдермен қатар, жалқы есімдердің мәдени қызметі теориялық-практикалық тұрғыдан қарастырылған.

«Түркі ономастикасы» атты оқу құралы түркітану, қазақ тілі мен әдебиеті, шет тілі: екі шет тілі мамандықтарында оқитын бакалаврлар мен магистранттарға, сонымен қатар PhD докторанттары мен ізденушілерге, жалпы оқырмандарға арналады.

ӘОЖ 80/81 (075.8)

КБЖ 81.2 я 73

ISBN 978-601-04-3020-4

© Қортабаева Г.Қ., 2017

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Әлем халықтары тілдеріндегі жалқы есімдер әлемі – ең әдемі, ең қызықты, сыр мен құпияға толы жұмбақ әлем, ғажайып әлем.

Жалқы есім грамматикалық тұрғыдан қоршаған орта, табиғат, қоғамдағы заттар мен құбылыстарға берілген ат немесе атау деген дефиниция (анықтама) берілген.

Әлемді тіл арқылы танудағы жалқы есімдердің орны мен маңызын ескерсек, ономастикалық тілдік бірліктердің ментальді-когнитивтік сипаттарын айқындау қазақ тіл білімінің қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Түркітілдес халықтардың өнерін, мәдениетін, өркениетін біртұтас кешенді түрде зерттеу – қазіргі жаһандану үдерісіндегі өзекті мәселе. Осы бір байырғы ортақ мәдениетті тану, оны сақтап қалу түркі ұрпақтарының әлемдік өркениеттегі алар орнын айқындауда ерекше маңызды. Халықтардың тамырлас туыстастығы оның тарихы мен тілінде ғана емес, ономастикалық жүйесінде сақталған.

Түркі дүниесі ұғымының аясы мейлінше кең. Түркі әлемі – өте бай мұра, ашылмаған қазына. Ол – жай қазына емес, зерттеуді, зерделеуді, дамытуды қажет ететін алтын қазына. Адамзат өркениеті мен тарихының құрамдас бөлігі – түркі әлемі, дүниесі қаншалықты кешенді әрі күрделі құбылыс болса, оны зерттеу методологиясы соншалықты жауапты әрі өзекті.

Бір замандарда түркілер билеген аумақтардың біразында қазір мүлде басқа этностар мен мемлекеттер өмір сүріпті. Түркі халықтары – Еуразияның сайын даласының автохтонды тұрғындары. Түркі өркениеті өз іргетасында бой көтерді, нығайды, өркендеді. Өркениетке киіз үйді, үзеңгіні, шалбарды, етікті енгізді.

Түркі халықтарының, өркениеті, бүгінгі ұстанып отырған салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, бай есімдер тарихы – ұрпақтан ұрпақ-

қа беріліп келе жатқан мұра, алтын қазына. Батыста – Қара теңіз, Азау, Теріскей Қап, төменгі Еділ, Түскей Орал, Каспий маңы алқаптарында, шығыста – Тұран, Алтай, Саян, Байқал, Қиыр Шығыс өңірлерінде халық даналығындағы аңыз бен ақиқаттай боп жеткен мифтік бейнелер, тарихи тұлғалар, ел аузындағы есімдерде біртұтас халық тарихы, психологиясы, географиясы, этнографиясы, мәдениеті жатыр.

Алып Азия мен еңселі Еуропа сынды қанаттас қос құрлықты қатар жайлап, Солтүстік Мұзды мұхиттан Сахара шөліне, Қиыр Шығыстан Жерорта теңізіне дейінгі миллиондаған шақырымдық ұлан-ғайыр атырапты алып жатыр. Түркі жұрты ұзындығы 50-дің маңайындағы ұлт пен ұлыстың басын біріктіретін түркі халықтары жер жүзінің 20-дан астам мемлекетінің шеңберіне бөлініп орналасып, жаһан тұрғындарының 40-тан бір бөлігін құрайды.

Жаһандану дәуірінде түркі тілдерін сақтау және оны дамыту өзекті мәселелердің біріне айналды. Себебі қазіргі заман талабы халықаралық ағылшын тілін меңгеруге ұмтылуда.

Қазіргі түркітанудың жетістіктері мен жаңа бағыттары әрбір түркі халықтарының өзіндік рухани тәжірибесіне сәйкес маңызды міндеттер мен қызмет атқаратын тарихи-тілдік деректерді зерттеуге жаңа талаптар қойып отыр.

Түркі әлемі: түркілік мәдениет, түркілік дүниетаным, түркілік философия т.б. әлемдік түркітанушылық ой-түйінін зерделеп, түркі халықтарының ұлттық дүниетанымына негіздей отырып, өзіндік ерекшеліктері мен ортақ ұқсастықтарын ұғыну, әлемдік кеңістікте түркі тілдерінің қазіргі жетістіктерін салыстырып зерттеу және «кеңестік түркітану мектебі» дәстүрін жалғастырып келе жатқан отандық және ТМД елдеріндегі түркітану зерттеулері негізге алынды. Тарихи дереккөздердегі, эпостық жырлар мен фольклордағы, фразеологиялық, паремиологиялық жүйедегі тілдік-ономастикалық деректердің ұлт санасындағы ізін анықтау мәселесі – қазіргі тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің негізгі арқауы.

Бұл еңбектің құндылығы: бірінші рет түркі халықтарының мәдени-тарихи ақпарат көзі – ономастика немесе жалқы есімдер жүйесін лингвомәдени аспект тұрғыдан салыстырмалы зерттеу

ретінде қарастырылды. Бұл тек лингвистикалық жаңғырту емес, этномәдени сипаттағы тарихи танымымыздың да көкжиегін кеңейтпек.

Басты мақсатымыз ұсынылған оқу құралы түркітанудың тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, этникалық дәстүр, ұлттық менталитетін сан қырлы сырын ашу жалқы есімдер арқылы ашу – шаң басқан ақпаратты асыл тасты қайта жарқыратқандай рухани жаңғырту.

Автор

КІРІСПЕ

Пәннің жалпы сипаттамасы.

Тіл қызметінің ерекше бір саласы – ономастика. Жалқы есімдердің жинақтық атауын лингвистикада ономастика, оны зерттейтін ғылым ономасиология деп аталады. Ономастика (гр. «*онома*» – есім, ат) – ат қою өнері, яғни барлық атауларды зерттейтін ғылым саласы: кез келген жанды-жансыз зат не құбылыстардың аталуын зерттейді

Ономастиканы (кісі аттары, жер-су, ру-тайпа, аспан шырақтары т.б.) зерттеудің теориялық-әдістанымдық негіздері мен тілмен сабақтастықта қарастырылатын ұлттық этномәдени, әлеуметтік сипатын анықтаудың қажеттілігін В.В. Радлов, В.В. Бартольд, Н. Катанов, А.Н. Самойлович, С.Е. Малов, Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, Қ. Жұбанов, І.К. Кеңесбаев, С. Аманжолов, Ә. Қайдар, Т. Жанұзақов, Ә. Абдрахманов, Е. Жанпейісов, Қ. Рысбергенова, Г. Мадиева, А. Жартыбаев, А.Г. Гафуров, Г.Ф. Саттаров, И.И. Алиев, Ф.Г. Гарифова, К. Конкобаев т.б. ғалымдар өздерінің еңбектерінде жан-жақты көрсетті. Ономастика өз ішінде бірнеше салаға бөлінеді: топонимика (жер, су, қала атаулары), антропонимика (адам аттары), этнонимика (ру, ел, халық аттары), зоонимика (хайуандар аттары), гидронимия (теңіз, өзен, су, көл атаулары) т.б.

Ономастикалық зерттеулердің түркі тілдері үшін, тіл тарихы мен тарихи этнография үшін, демек, ұлт тарихы үшін мәні аса зор. Өйткені ономастикалық материалдар бойында ұлт тарихына қатысты тілдің ежелден келе жатқан морфемалары, лексикалық қабаттары, грамматикалық формалары мен синтаксистік құрылымдары, демек, солардың бойынан аңғарылатын халықтың таным-түсінігі, әдет-ғұрыптары мен ырымдары т.б. жайттары толық байқалады.

Қазіргі түркі ономастикалық кеңістігі инновациялық қоғамдық, психологиялық, тарихи мінезімен сипатталады: геосаяси және тілдік жағдай өзгерді, сондықтан да жалқы есім деп нені

және қалай атау керектігі туралы көзқарас та өзгерді. Бұл жалқы есімнің жаңа концепциясының пайда болуына түрткі болды. Осыған байланысты түркі әлеміндегі қазіргі ономастикалық кеңістікті кешенді зерттеудің қажеттілігі туды.

Пәннің мақсаты – студенттерді түркі ономастикасының теориялық-практикалық мәселелерімен таныстыру, барлық түркі тілдеріне тән ортақ заңдылықтарды айқындап, түп негізін таңуға, түркі ономастикасының даму жолдары мен жүйесін анықтауға бағытталады, түркі тілдерінің ономастикалық жүйесіндегі ортақ және ерекшеліктерін, әрі түркі тілінің өзіндік тілдік туысқандық ортақ заңдылықтарымен бірге, оларды басқа тілдік жүйедегі тілдерден ерекшелейтін белгілерін, бір тілмен екінші тілді салыстыра зерттей отырып кешенді оқыту болып табылады.

Пәннің міндеттері:

- ономастикалық кеңістікті тіл мен мәдениет аясында сабақтастыра қарастыру;
- түркі тілдеріндегі жалқы есімдердің қалыптасу тарихы мен құрылымын түсіндіру;
- ономастикалық терминдерді ұғындыру;
- географиялық атаулардың мәдени-тарихи түптерін зерделеу;
- топонимдер типологиясы мен ортақ мифотопонимдерді анықтау;
- мәтіндегі жалқы есімдерге талдау жасау;
- ғылыми-танымдық, анықтамалық әдебиеттермен жұмыс істеу;
- мәтіндердегі антропонимдерді анықтау, шығу тегі мен құрылысын зерделеу;
- фольклорлық ономастика функцияларының ерекшеліктерін түсіндіру.

Мақсатқа сай төмендегі міндеттер қойылды:

- ономастикалық бірліктердің лексика-семантикалық құрамын анықтау;
- топонимдердің лингвомәдени ерекшеліктерін көрсету;
- ономастикалық өрістегі онимдердің қолданыс аясы мен мәдени-ақпараттық мазмұнын анықтау;

- онимдердің мазмұны арқылы ұлттың мәдени болмысы мен ойлау жүйесін;
- антропонимдер мен топонимдердің ассоциативтік өрісін концепт тұрғысынан қарастыру;
- онимдердің этнолингвистикалық сипатын анықтау;
- онимдердің ұлттық концептосферадағы орнын анықтау;

Студент курсты бітіргеннен кейін **білуі тиіс:**

- түркі әдебиеті, тарихы, мәдениетінің қалыптасу жолдары, өмір сүру құндылықтары мен салт-дәстүрлерінің ортақ мәдени мұраға тоғысатынын білу;
- түркі тілдеріндегі жалқы есімдердің этимологиясын анықтай білу; фразеологиялық бірліктерге ономастика тұрғысынан талдау жасау;
- ғылыми терминологияны орынды қолдана білу;

Студент:

- қазіргі түркі тілдес мемлекеттердің әдебиеті мен тарихын;
- түркі мәдениетінің үрдістері мен оның ерекшеліктерін;
- тіл мен мәдениетке қатысты әдебиеттерді сараптап-саралау және талдауды білуі керек.

Студент меңгеруге тиіс:

- түркітілдес халықтардың қазіргі қоғамда мәдени компоненттерінің ықпалдасуының бағыттарын талдауды;
- түркі әлемінің қалыптасу тарихы және әлеуметтік-мәдени, этномәдени, тілдік құрамдас бөліктерінің жалпы филологиялық негіздерін;
- түркітанымдық кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттерде ғылыми мәселелерді шешуді;
- түркітанушы маманға кәсіби құзіреттілігі бойынша қойылатын талаптарға сәйкес әртүрлі салада бейімділік таныту.

«Түркі ономастикасы» электив пән ретінде Шығыстану факультетінің «5В021200 – Түркітану» мамандығында оқу жоспарына сәйкес 3 кредиттік жүйемен дайындалды.

Ұсынылып отырған оқу құралының мақсаты – түркі тілдерінің кеңестік кезеңдегі және кеңестік кезеңнен кейінгі, жаһандану кезеңіндегі бәсекеге қабілеттілік мүмкіндігін анықтау: болашақ түркітанушыларға түркі мәдени құндылықтарын зерттейтін маман кадрлар, түркітанушылар дайындау лингвистикалық,

әдебиеттанымдық, мәдениеттанымдық және әлеуметтік зерттеулер жүргізуді, тарихи және мәдени бағытта түркітанудың пән ретінде даму үрдістерінің тарихи жолын бағамдай білуді үйретеді.

Еңбектің теориялық құндылығы – әлемдік өркениеттегі ғылыми жауһарлар, қазіргі түркологиялық ғылымның негізін салған ғылыми зерттеулердің ортақ мұраға айналуы, тегі бір, тарихы ортақ түркі ономастикасы туралы түркологтардың жеке көзқарастары мен пікір қайшылықтарын саралау, түркі әлемінен көз жазбай, бабадан қалған асыл мұраны бірлесе игеру, дамыту туралы идеяны маңызды стратегиялық міндет ретінде қоя білуінде.

Практикалық құндылығын түркітілдес елдердің интеграциялау және жаһанданудың формасын қалыптастыру үдерістеріне бейімделу, қарым-қатынастық қызметін мәдениет пен өркениет контексінде бағамдау жөнінде ұсыныстар, бағыт-бағдар берілгендігімен дәйектеуге болады. Ел есіндегі есімдер, мифтік бейнелер, тарихи тұлғалар, әдеби персонаждардың этнолингвистикалық қайнар көзі миф, аңыз, мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаш, нақыл сөз, әзіл-оспақ сөздерден бастау алады. Фольклорлық антропонимдер немесе халықтық бейнелерді өмір сүрген кезеңіне, ортасына, ұлттық болмысы, дүниетанымына қарай шартты түрде бірнеше топтарға бөлдік.

Негізгі міндет – түркі тарихы, мәдениеті, әдебиті, өркениеті, өнері, бір сөзбен айтқанда, ортақ рухани құндылықтарды ат пен атау призмасы арқылы зерттеу, ұғыну, интеграциялық байланыстарды кеңейту, Отан, атамекен деген патриоттық сезімдерге тәрбиелеу.

ДӘРІС МАЗМҰНЫ

1-дәріс. Түркі ономастикасы: тарихы және зерттелу аспектісі.

Түркі аймақтық ономастикасы қалыптасуының тарихи негізі. Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі ономастикалық ақпараттар. Ономастиканың антропонимия, астионимия, гидронимия, зоонимия, космонимия, ойконимия, оронимия, потомонимия, топонимия, урбанонимия, фитонимия, этнонимия т.б. салалары.

2-дәріс. Саян-Алтай халықтарының ономастикасы

Аймақтық ономастикон. Алтайлықтардың тарихи-этнографиялық, антропологиялық, тілдік ерекшеліктері бойынша солтүстік және оңтүстік болып бөлінуі. Алтай-кижи / алтай кісісі / алтай адамы. Саян-Алтай ономастикасының қалыптасуындағы кезеңдер. Қазақстан топожүйесіндегі моңғол (алтай текті) атаулары.

3-дәріс. Еділ-Орал бойы түркі халықтарының ономастикалық жүйесі.

Еділ бойы татарларының есімдері мен тегінің тарихы. Алтын Ордадан шыққан Русь тарихындағы сословиелік фамилиялар. Төменгі Оралдың топонимиясының зерттелуі. Башқұрт, татар, шауаш халқынан шыққан тарихи тұлғалар.

4-дәріс. Кавказдағы түркі тілдес халықтардың ономастикасы.

Қап тауының етегін жайлаған түркі тілдес халықтардың этнонимдік құрамы: қарашайлар, балқарлар/малқарлар. Орыс тіліндегі түркілік антропонимдер. Ноғай Ордасы кезеңіндегі антропонимдер. Қолбасшы Атилла / Еділ есімінің аңыздық тұлғаға айналуы.

5-дәріс. Сібірдегі түркітілдес халықтардың ономастикасының ерекшеліктері.

Саха ономастикасы. Хакас, шор, тыуа есімдері мен тектерінің пайда болуындағы сыртқы факторлар. Долған есімдерінің ерекшелігі.

6-дәріс. Орта Азиядағы түркі халықтарының ономастикасы

Қазақ, қырғыз, ұйғыр, түрікмен ономастикасы. Қазақ әлемі, түркі дүниесі: ортақ тарихы мен зерттеу методологиясы. Ортаазиялық топонимдік деректер: «Маңғыстау» сөзінің шығуы туралы.

7-дәріс. Анадолы, Балқан, Қырымдағы түркітілдес халықтардың ономастикасы.

Түрік, әзірбайжан, ноғай, құмық, қырым татарлары ономастикасы.

Оғыз халқының аңызға айналған есімдері. Қарайым есімдері.

8-дәріс. Түркі этнонимикасы: этнонимдердің шығуы, тілдік табиғаты.

Этноним лексикасының семантикалық және функционалдық әлеуеті. Түрік терминдерінің қолданысы. Этнонимдердің семантикалық сипаттамасы: түр-түстердің коннотациясы.

9-дәріс. Түркі халықтарының космонимдері мен астрономдері

Ономастикалық модельдер: оним түрлері. Түркі тілдес халықтарға ортақ аспан денелерінің атаулары. Темірқазық. Ай мен Күн. Жетіқарақшы. Үркер.

10-дәріс. Түркі халықтарындағы зоонимдер.

Төрт түлік малдың пірлері: Ойсылқара, Зеңгі баба, Қамбар ата, Шекшек ата, Шопан ата. Гиппонимдер мен кинонимдер. Түрікмендердегі мифтік құс Хұмайдың зооморфтық коды. Түркі әлеміндегі қарға бейнесі. Жыл қайыру.

11-дәріс. Түркі халықтарына ортақ юморлық бейнелер.

Қожанасыр мен түрік халқының Келоғлан бейнесі. Қазақ халқының Тазша баласы, әзірбайжандық Кечел Мехеммед, Кечел Жиен, түрікмендерде Келдже Батыр, Қырымда Тазбала, Алтайда Тас, Тастарақай бейнелері. Қазақ-қырғыздардағы Алдар көсе бейнесі. Шорлардағы Пор Мукалай.

12-дәріс. Түркі халықтарындағы фалеронимдер және идеонимдердің символдық мәні.

Фалеронимдер. Түркі халықтарындағы медаль мен ордендер. Идеонимдер. Ою-өрнек, нақыштардың атаулары мен түрлері. Геортонимдер. Символдық ерекшеліктері.

13-дәріс. Пареомиология: мақал-мәтелдер құрамындағы жалқы есімдер

Түркі халықтары мақал-мәтелдер құрамында кездесетін жалқы есімдер. Әдеби ономастика. Ән мәтіндерінде кездесетін жалқы есімдер. Жалқы есімдердегі ғаламның тілдік бейнесі.

14-дәріс. Түркі халықтарындағы табу сипатты аттар.

Түркі халықтарының ономастикадағы тотемдік көзқарасы, дүниенің ғаламдық бейнесі. Табуға айналған жалқы есімдердің эвфемизмге ауысуы.

15-дәріс. Ономастикалық фразеология: фразеонимдердің тілдік-мәдени қызметі.

Фразеологияланған жалқы есімдер. Пареонимдер. Нақыл және қанатты сөздер құрамындағы жалқы есімдердің мәдени қызметі.

1-тарау

ТҮРКІ АЙМАҚТЫҚ ОНОМАСТИКАСЫ

1-дәріс.

Түркі ономастикасы:

тарихы және зерттелу аспектісі

Грек мәдениетінің алтын қазынасы мен ұлт мақтанышына айналған «Одиссея» поэмасында ұлы Гомердің «Адамдар арасында ешкім де есімсіз болмайды» деген сөзі тарихта алтын сиямен жазулы. Көне дәуір ойшылдары (Аполлоний Дискол, Демокрит, Диомед, Платон, Хрисипп т.б.) ат пен атаулардың ақиқаттығы мен қажеттігін түсінді, олардың талпыныстары мен ізденістері кейінгі ономастикалық пәннің негізін құрады. Ежелгі Грек философтарының ерекше сөз еткендері – атаудың табиғаты, зат пен оның атауы арасында қандай байланыс болатыны жөніндегі мәселелер.

Ономастиканың зерттелуі біздің елімізде, сондай-ақ шетелде өткен ғасырда құлашын кең жая бастады. Өзіндік методологиясы мен теориясы қалыптасқан ономастиканы тіл білімінің жеке де қызықты, өзекті де маңызды саласы ретінде қарастырмау мүмкін емес.

Расында, есімдер мен атаулар қарапайым адамдардан бастап кәсіби зерттеушілердің назарын ертеден аудартып келеді. Шығыстың кемеңгер ойшылы Конфуций осыдан 2000 жыл бұрын Қытай билеушілеріне: «Егер атаулар дұрыс болмаса, сөздердің негізі болмайды. Сөздердің негізі болмаған жағдайда іс те жүрмейді және халық та не істерін білмейді» деген екен.

Ономастика тек қана лингвистикалық компоненттермен шектеліп қалған жағдайда, оны жеке ғылым ретінде бөлудің қажеттігі тумас еді. Бұл мәселенің айрықша мән берер тұсы – лингвистикамен қатар әдебиет, тарих, география, этнография,

элеуметтану сияқты зерттеліп отырған объектінің тарихи, мәдени, тіпті экономикалық тұрғыдан да қажет материалдар беретінін ескерсек, оны ерекше ғылым саласы демеске лажымыз жоқ. Осылайша, өз тәуелсіздігін, дербестігін сақтай отырып, таза ғылымдар қатарына қосылады да, тарихшылар, географтар, археологтар үшін қосымша қолданбалы ғылым ретінде қала береді. Бүгінде жалқы есімдер әртүрлі ғылым өкілдерінің де (лингвистер, географтар, тарихшылар, этнографтар, психологтар және әдебиеттанушылар) зерттеу нысанына айналды.

Алайда кез келген ат немесе атау (адамдар, жан-жануар, өсімдік, жұлдыздар, көше, қала, кент, тау-тас, өзен-көл, кітап немесе коммерциялық компания) тіл заңдарына сәйкес құрылғандықтан, белгілі бір заңдарға сәйкес өмір сүретіндіктен және коммуникативті болғандықтан лингвистер еншісіне тиесілі.

Тарих көкжиегіне көз жіберсек, ономастика ғұламалар назарын ерте аударған. Орта ғасырда, түркі тілдес халықтардың әдебиет пен мәдениет, білім мен ғылымының шарықтау шағында әл-Фараби (X ғ.), Әл-Бируни (X–XI ғ.), Дулати (X ғ.), Бабыр (XI ғ.), кейінгі ғасырдағы В.В. Радлов, Н. Потанин, Ш. Уәлиханов, А.Е. Алекторов, А.Н. Самойлович, В.В. Бартольд, Н.В. Катанов, А. Левшин С.М. Тянь-Шанский т.б. көптеген ғалымдардың еңбектерінен ономастикалық құнды деректер табуға болады.

Түркі ономастикасы бойынша алғашқы еңбектер қатарына Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегін атауға болады.

XX ғасырдың 30-жылдары ономастика ғылым ретінде дәрежеге ие болды: 1930 жылы Альбер Дозаның нұсқауы бойынша әр елде жыл сайын екі рет өтетін I Халықаралық ономастикалық конгресі Францияда шақырылды. Антропонимия – адам есімдерін арнайы зерттейтін ғылым ретінде Альбер Дозаның басшылығымен Халықаралық ономастардың I конгресінде (Париж, 1938) тұңғыш рет ресми танылды, ал 1949 жылы Бельгияда ЮНЕСКО шеңберінде «Онома» журналын шығару қолға алынды.

Белгілі орыс ономасы В.А. Никонов «Имя и общество» деп аталатын кітабында 1940–1950 жылдары ономастикалық зерттеудің тоқырауға ұшырағанын: жазушы Л.В. Успенскийдің жал-

қы есімдер (ЖқЕ-дер) туралы этюдтері ғана ономастика ғылымын серпілтенін, мұз көшкінінің бұзылғанын, сөйтіп, 60-жылдары ғана бұл ғылым саласында сілкініс пайда болғанын атап өтеді. Бұл бұрынғы кеңестік ғылым жүйесінде болатын.

Өткен ғасырдың 1980–1990 жылдарында түркі халықтарының антропонимиясын зерттеу шын мәнінде қолға алына бастады, түркі ономастикасы бойынша халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар (Фрунзе, Баку, Гулистан, Алматы т.б.) өте бастады.

Ресей ономастикасы мен ТМД елдері бойынша көркем әдебиет пен фольклордағы онимдік қолданыстарды, яғни поэтонимдердің сан алуан қырына арналған, терең де жүйелі зерттелген көптеген ғалымдардың еңбектерін (И.И. Алиев, В.А. Аникин, С.В. Веселовский, В.И. Болотов, Н.М. Ведерникова, Ф.Г. Гарифова, А.Г. Гафуров, Ю.А. Карпенко, Т.Н. Кондратьева, К. Конкобаев, Э.Б. Магазаник, Е.М. Мелетинский, В.Н. Михалков, В.А. Никонов, Л.И. Ройзензон, Г.Ф. Саттаров, А.В. Супранская, В.Е. Сталтмане, В.И. Супрун, Т.В. Топорова, Ю. Федосюк, О.И. Фонякова, Л.М. Щетинин т.б.) атауға болады.

Соңғы жылдары түркі ономастикалық кеңістігін зерттеу барлық түркітілдес өңірлерде: Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Түрікменстан, Татарстан, Башқұртстан, Таулы Алтай, Тува, Хакасия, Чувашия, Якутияда кеңінен дамыды. Түркі ономастикасы бойынша кеңес дәуірінде 50-ге жуық кітаптар мен монографиялар, 40-тан астам сөздіктер, көптеген ғылыми және ғылыми-теориялық мақалалар, соның ішінде «Ономостикон» атты журнал шығарылды. Бірнеше топонимикалық және антропонимикадан кандидаттық диссертациялар қорғалған.

Антропонимдік зерттеулердің басы ертеден басталып, даму барысында әртүрлі сипатта қарастырылған. Мысалы, Қазанда 1905 жылы жарық көрген В.К. Магницкийдің «Чувашские языческие имена» кітабында, академик К. Мусаевтың көрсетуінше, 10587 ер адамның аты берілген [Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков. – М., 1984. – 205 с.]. Өзбек ономастикасы бойынша Э.Э. Бегметов, Р.А. Ибрагимова, З.А. Шугурова, А.М. Бушуй, С.И. Ройзензон қарастырды. Башқұрт антропонимиясын зерттеуші Г.М. Гарипов ономастикалық деректерді тарихи көздер деп санайды. Түркі тілдерінің лексикологиясын салыс-

тырмалы зерттеген К. Мусаев еңбегінде антропонимияға қатысты топтастырудың 7 принципін береді.

Ономастиканы тіл білімінде материалдық дүниенің тілдегі өрнегі деп қарайтындықтан, оны жалпы атау туралы проблемалардың барлығына да қатысы бар әмбебап ғылым саласы санатына жатқызуға болады. Өткен ғасырдың 20-30-жылдарында құлаш жая бастаған ономастиканың да зерттейтін ауқымы мен аумағы кеңейіп, түрлі тармақтарға: антропонимика, зоонимика, этнонимика т.б таралып, өз бағыт-бағдарын белгілеп, өзіндік сара жолына түсті.

Тіл білімінде қалыптасқан дәстүр бойынша ономаст ғалымдар жалқы есімдер тобын – антропоним, космоним, зооним, топоним, этнонимдер, фитоним т.б. онимдер тобына бөліп қарастырады. Осы разрядтар ішінде антропонимика – түркі тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізі қаланған ономастиканың күрделі бір саласына айналды: кісі аттары, әке аты (patronym), фамилиялар, лақап аттар, бүркеншік аттар (псевдоним).

Түркі тіл біліміндегі ат қою теориясы этнолингвистиканың алғашқы үлгілерін құрады деуімізге негіз бар. Бұл бағыттың шеңберінде адамның ат қою әрекеті сөйлесім мен ойлау әрекеттерінің тоғысуы арқылы жүзеге асатын ерекшелік деп танылады. Ономасиологиялық жұмыстар қазіргі этнозерттеулерді жаңаша қарастыруға мүмкіндік береді. Көркем мәтіндегі жалқы есімдердің лингвистикалық және этнолингвистикалық табиғаты, олардың қолдану ерекшеліктері, апеллятивтенуі, ұлттық сипатын зерттеу енді басталып келеді.

Ономастиканың зерттеу аспектілері:

- географиялық аспект – жалқы есімдердің таралу ареалы ескеріледі;
- тарихи аспект – жалқы есімнің қалыптасуы мен атқаратын қызметінің нақты тарихи кезеңмен байланысын зерттеу (тарихи-мәдени дамыған қоғамның жалқы есімге ықпалы; тіл тарихымен байланыста жалқы есімнің дамуы);
- лингводеректану аспекті – көне әлемнің этнографиялық, географиялық ақпарат мүмкіндік беретін көптеген үлгідегі сақталған көне жалқы есімдердің құнды материал екендігі анықталады;

- лингвомәдениеттану аспекті – жалқы есімдерде көрініс тапқан мәдени-тарихи ақпараттарды зерттеу;
- лексикографиялық аспект – тарихи-этимологиялық, анықтамалық-ақпараттық негізінде сөздік жасау;
- лексикологиялық аспект – белгілі бір тілдегі ономастикон-лексиконын талдау, кірме атаулардың пайда болуы т.б.;
- логикалық аспект – жалқы есімнің жеке және әмбебап апеллятивпен салыстыру, ерекшеліктерін анықтау т.б.;
- ономастиологиялық аспект – ономастикалық кеңістіктегі антропонимия, топонимия, зоонимия және космономимия, эргонимия, гемеронимия т.б. шектеріндегі атау берудегі тәсілдерін анықтау;
- психологиялық аспект – жалқы есімдердің жеке адамға байланысты психология тұрғысынан жалқы есімнің мәтінде қолданылуын зерттеу;
- семасиологиялық аспект – нақты бір аймақтың, халықтың атаулар сөздігінің, онимдік жүйесінің ерекшелігін көрсететін, жаңа атау жасауда пайдаланылатын жиі қолданбалы негізді анықтау;
- семиотикалық аспект – тілдің таңба ретінде жалқы есімнің ерекшелігін анықтау, жалқы есімнің таңбаланушы және таңбалаушы табиғатын ашып көрсету, олардың басқа да семиотикалық жүйелермен, апеллятив лексикамен байланысын зерттеу;
- терминологиялық аспект – ономастиканың метатілін, ономастикалық терминологиялық аппаратын көрсету;
- этнолингвистикалық аспект – ұлттық көзқарас, ерекшелік, этномәдени факторларды ескере отырып, жалқы есімді зерттеу, яғни этностың материалды және рухани дүниесін, оның ұлттық болмысы, ру-тайпа, диалект, этностың ұлттық менталитетін ескеру.

Ономастикалық ақпарат мәдениеттің құрамдас бөлігі, оны меңгерудің негізгі құралы болып табылады, ұлттық менталитеттің ерекше қырлары мен сырларын, жұмбағы мен құпиясына толы шексіз де шетсіз қасиеттерін ашады.

Соңғы 20 жыл ішінде ономастиканың жалпы заңдылықтарын – теориялық ономастика, сипаттамалы ономастика; ономастикалық деректер бойынша, өткен дәуірлердің реалийлерін – тарихи ономастика; практикалық ұсыныстар бойынша – қолданбалы ономастика; көркем шығармалардағы жалқы есімдерді зерттейтін – поэтикалық ономастика т.б. бағыттар бөлініп шықты:

- ономастикалық зерттеулердің құрылымын сипаттайтын сипаттамалы ономастика;
- ономастика жалпы заңдылықтарын зерттейтін теориялық ономастика атаулардың әр дәуірдегі болмысы мен тарихын зерттейтін тарихи ономастика;
- картограф, биограф, библиограф, юристер қолданатын қолданбалы ономастика;
- көркем шығармалар мен өнер туындыларындағы жалқы есім функциясын зерттейтін поэтикалық ономастика;
- этнос тарихын, этникалық топтар мен олардың бөліктерінің пайда болуын этнонимдердің басқа атауларымен байланысын қарастыратын этникалық ономастика болып табылады.

Тіл құпиясының бір ұшығы жалқы есімдердің ішкі формасы, пішім-бейнесі оны қоршаған ортаға көзқарасында, дүниетанымында, этикалық дәстүрінде, тұрмыс-салтында, әдет-ғұрпында, бүкіл ұлттық психологиясы мен логикасы географиясы мен этнографиясынан көрінеді.

Поэтикалық ономастика – көркем мәтінді зерттеудегі ономастиканың, стилистиканың, поэтиканың, мәтін лингвистикасының, семиотиканың, лексикалық семантиканың т.б. әдіс-тәсілдері қолданылатын бағыт. Поэтикалық ономастика көркем шығармалардағы жалқы есімдердің жанрлық, стильдік, тақырыптық және идеялық заңдылықтарына сәйкес қолданылады.

Поэтикалық ономастикада жалқы есімдерді зерттеудің барлық аспектілері мен бағыттары, қазіргі ономастикадағы олардың топтастыру ұстанымдары, жанрлық ерекшеліктері мен семантикалық құрылымы, көркем мәтіндегі кейіпкер аттары ономастикалық кеңістікте мәтіндегі онимдік бірліктермен эстетикалық байланыста қарастырылады.

Түркі ономастикасына жан-жақты (лексика-семантикалық, сөзжасамдық үлгілері, аттар мен фамилиялардың құрылымдық модельдері) тілдік талдау және есімі жалпыға айналып кеткен аттар сырын, яғни «ерекше есім», «сөйлейтін есім», «айқайлап тұрған есім» (Р. Магазаниктің қолданысы) эмоциялы-экспрессивтік юморлық кейіпкер аттарын ұлттық болмыспен сабақтастыра қарастыру, тіл құпиясының адам есімдерінде мол деректің көзі екенін этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу мақсаты қойылды.

«Теория и методика ономастических исследований» атты ұжымдық монографияда мәдениет пен ономастикалық байланыс былай деп атап көрсетіледі: «Біз талдап өткен материал негізінде белгілі болғандай, ономастикада мәдениет өзінің жан-жақты көрінісі арқылы бейнеленеді, алайда ол әртүрлі жолмен беріліп отырады. Бір жағынан алып қарағанда, есімдер тілде ғана жасалады, олар үшін ең бірінші және басты нәрсе – рухани мәдениет. Басқа бір жағынан қарастырғанда, жалқы есімдер сөз ретінде тек қана рухани мәдениеттің емес, сондай-ақ материалдық мәдениеттің кез келген фактілеріне мән береді» [А.В. Суперанская, 293].

Қазіргі ономастика күрделі ғылыми лингвистикалық пән болып табылады, ол өз алдына көптеген проблемалар мен әдістерге ие. Ономастикалық зерттеулер жеке этникалық топтардың көші-қон жолдарын зерттеуге, бұрынғы мекендейтін орындарын анықтауға, әртүрлі этникалық топтардың тілдік және мәдени байланыстарын анықтауға арналған ежелгі жеке тілдерді қалыптастыруға көмектеседі.

Бақылау сұрақтары:

1. Ономастиканың зерттеу нысаны қандай?
2. Ономастиканың түрлерін атаңыз.
3. Ономастиканың зерттеу аспектілерін түсіндіріңіз.

Оқуға ұсынылған әдебиет:

1. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М., 1973.
2. Суперанская А.В. Теория и методика ономастических исследований. – М., 1973.
3. Ономастика: зерттеу мәселелері / Г.Б. Мәдиева, С.Қ. Иманбердиева, Д.Б. Мадиев. – Алматы, 2016. – 160 б.
4. Никонов В.А. Имя и общество. – М., 1974.
5. Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы, 1986.

2-дәріс.

Аймақтың ономастика:

Саян-Алтай халықтарының ономастикасы

Әлемдегі түркі тілдес ұлттар мен ұлыстар Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түрікменстан, Қырғызстан, Солтүстік Кипр Түркия сияқты 7 тәуелсіз мемлекетпен қатар, Қытайда, Ресейде Тува автономиялық республикасы, Татарстан, Башқұртстан, Алтай автономиялық республикасы, Қарашай-Балқар автономиялық республикасы, Астрахань, Орынбор, Омбы облыстары, Чувашия, Якутия (Саха), Хакасияда, Украина құрамындағы Қырым автономиялық республикасы, Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақстан, Молдова құрамындағы Гагаузия, Әзірбайжан, Кавказ, Баян өлгей аймағында тұрады.

Сондай-ақ Иран, Ирак, Болгария, Польша, Литва сияқты т.б. мемлекеттерде де тұрып жатқан түркілер мол (Түркі тілдері: ұжымдық монография. – Астана, 2015. – 456 б.).

Аймақтық ономастика – жергілікті ономастикалық өтпелі жүйемен және белгілі территориямен негізделген ономастикалық зерттеулердің бағыттары; мұндай зерттеулер әдетте бір кеңістікке қатысты болып келеді: топоним, антропоним, астроном т.б. Мақсаты – осы территория, аймақ атауларының белгілерін тілдік-географиялық тұрғыдан зерттеп, топонимикалық жүйелердің регионалдық ерекшеліктерін анықтау, айқындау. Аймақтық ономастикалық зерттеу түрлі онимдік ареалдарды анықтау үшін деректер береді.

Алтай-Саян таулы аймағы ТМД территориясының Карпаттан Тынық мұхит жағалауына дейін созылған оңтүстік таулы белдеуінің орта бөлігін алып жатыр. <http://www.netref.ru/fizikali-geografiyani-audandastiru-pe>

Алтай – Жібек жолының ең бұрынғы торабы және түріктердің шаңырақ көтерген мекені. Неміс ғалымы К. Климкейт Алтайдағы мәдениет пен өркениетті ежелгі ескерткіштер санатына қосты. Алтай ежелден «өркениет бесігі» Еуразия құрлығындағы көптеген түркі халықтарының атамекені болып саналады. Табиғатынан ғажайып өлке Еуразияның географиялық кіндігі болып табылады. Дәл осы жерде көне түркі жазбасы пайда бол-

ды. Біздің ата-бабаларымыздың өткен тарихынан сыр шертетін көптеген құнды тарихи ескерткіштер осы жерлерден табылды.

Алтай – ақ бас шыңды асқар тау Алтай баурайларын ерте замандардан мекен етіп келе жатқан түрік тілдес тайпалардың кең ұғымдағы жиынтық атауы.



*И странно и чудно –
везде по всему краю хвалят
Русский Алтай. И горы-то
прекрасны, и недра-то могу-
чи, и реки-то быстры, и цве-
ты-то невиданны ... Откуда
это общее почтение
Алтая?*

Н.К. Рерих

Халық саны 1992 ж. санақ бойынша 85 мыңнан асады, басым бөлігі Ресейде қазіргі Алтай республикасында (орталығы – Алтай қаласы), сонымен қатар Алтай өлкесінде, Кемер және Новосібір облыстарының бірқатар жапсарлас жатқан аудандарында өмір сүреді.

Алтайлықтар тарихи-этнографиялық, антропологиялық, тілдік ерекшеліктері бойынша солтүстік және оңтүстік болып екіге бөлінеді. Солтүстік топқа тубалар (Бий өзенінің жоғарғы ағысының сол жағалауында және Теле көлінің солтүстік батыс жағында), чалкандар немесе лебеді-қулар (Лебедь өзенінің бассейнінде), құмандылар (Бийдің өр ағысы) кіреді. Кейбір зерттеушілер Кемер облысының Кондома, Мрассу, Томь өзендерінің басталар тұстарында жасайтын шорларды да осы топқа жатқызады. Ендігі бір ғалымдар оларды бөлек ұлыс деп есептейді.

Ұлттың діңгегі саналатын негізгі тобының өкілдері өздерін алтай немесе **алтай-кижи** / **алтай кісісі** / **алтай адамы** деп атайды. Оларды орыс халқы «алтаец», көршілес тывалықтар (тува) **алтай немесе делег** / **теле** / **телеуіт** деп атады. Ресей отаршылары кезінде «*алтай қалмақтары*», «*тау қалмақтары*», «*жағалау қалмақтары*», «*бий қалмақтары*», «*ақ қалмақтар*» деп, ертедегі қазақтар оларды «*құба қалмақтар*» деп атаған.

Ал терістіктегі тобына орыстар «қара татарлар» дейтін айдар таққан. Алтай халқы өзіне жапсырылған осынау жалған атаулардан Кеңес өкіметі жылдарында да оңай құтыла салған жоқ. 1922 жылы алтайлықтар тұрған мекен «Ойрат автономиялы облысы» деген ат алып, Ресей Федерациясының құрамына енді де, ондағы негізгі халыққа «ойрат», яки «қалмақ» деген мүлдем бөтен нәсілдің есімі жапсырылып, сол атау заң жүзінде бекітіріліп берілген. Әділеттілік 1948 жылы ғана қалпына келтірілді: бұл тайпалар бірлестігі «алтай» деген атты еншілеп, олар тұратын аймақ «Таулы Алтай автономиялы облысы» болып өзгертілді.

Түркі тарихын жазған Л. Гумилев төлеңгіттердің асулары қиын, биік жоталарға қоныстануы алтайдың басқа тайпаларынан өзіндік ерекшеліктерінің кейбір түрлерін сақтап қалуларына ықпал еткенін: солтүстік төлеңгіттер өздерін «телелер» дейтінін, оңтүстіктегілердің Чуя (Шуй) өзеннің бойын жайлағандықтан, шуй-кижи / шуй кісісі деп атайтынын жазады. Алтайлардың тарихи-этнографиялық құрамын әлі де зерттейтін тұстары бар.

Солтүстік алтайлықтар Саян-Алтай жеріндегі ежелгі түрік тайпаларының угро-фин, самодий және палеазия элементтерімен ұзақ уақыттар бойы қоян-қолтық араласулары нәтижесінде ерекшеленіп шыққан ұлыс болып табылады.

Алтайлықтар шаманизм мен бурханизмді (бұтқа табынушылық) дәстүрлі дін деп санайды. Бірақ осыдан екі жарым ғасырдай уақыт бұрын Алтай аймағын Ресей империясы жаулап алғаннан бастап жергілікті халықты жаппай шоқындырып, христиан дінін зорлықпен қабылдаттыру жүзеге асырылған. Қазір алтайлықтардың ресми діні православие болғанымен, олар ата-бабаларының көзіндей іспеттес ежелгі наным-сенімдерінен біржола бас тартып кете қойған жоқ.

«Алтайлықтар исламға және мұсылман мәдениетіне жат болып қалды, бірақ олардың кейбір сөздері (Құдай, шайтан) оларға бұл мәдениеттің әсері болғандығын дәлелдейді. Бұл адамдар әлі күнге дейін шаманизмді ұстайды; оның бір бөлігі ғана христиандықты қабылдады», – деп жазды академик В.В. Бартольд. (В.В. Бартольд. Сочинения. – М., 1968. – 3-т. – С. 490).

Ғалымдар Алтай баурайындағы осы алтай, тыва, хакас, тофа, туфа, шор, шұлым, қарағас, бараба тілдерін кейде ортақ

бір атаумен «алтай тілдері» деп те атайды. Тыва ғалымы Ш.Ч. Сат: «В образовании этнических общностей алтайцев, хакасов и тувинцев значительную роль сыграло смещение и взаимопроникновение их этнических элементов. Как известно, язык алтайцев, хакасов и тувинцев близкородственны, хотя диалекты алтайского языка по генеалогической классификации относятся к различным группам» (Советская тюркология. – 1983. – №4. – С. 25) деген пікір білдіреді.

Қыздардың есімдері:

- Жылдыс – жұлдыз,
- Тоорчык – бұлбұл, Карлагаш – қарлығаш,
- Кызылгат – қарақат, Кузук – жаңғақ, Чейне – пион,
- Алтын, Мёнюн – күміс,
- Торко – торқа жібек, Чачак – шашақ, Кумуш – барқыт,
- Чиме – кескіндеме, әшекей, Кумаш – мылжың,
- Инекчи – сиыршы (табыншы), Ёләнчи – дәрілік шөп жинаушы,
- Талканчы – талқан жасаушы т.б.

Алтайлық антропонимдер орыс есімдерін иеленген: Темекей (Тимофей), Элескей (Алексей), Паслей (Василий), Еканат (Игнат), Дьелене (Елена), Мукулаш (Николаша), Бануш (Ванюша); хакасс. Игнас (Игнатий), Маткей (Матвей), Педе (Федя).

Қазақстан топожүйесіндегі моңғол (алтай текті) атаулары

Жер бетінде моншақтай шашылып жатқан географиялық немесе топонимикалық атаулар Ғ.Қ. Қоңқашбаев, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, В.Н. Попова, Е. Қойшыбаев О.А. Сұлтаняев Е.А. Керімбаев, М. Қожанов, Г.Б. Мадиева, Қ.Қ. Рысбергенов, В.У. Махпиров, Қ. Сапаров, Г. Сағидолла т.б. ғалымдардың іргелі зерттеулеріне айналды, олардың топонимика саласына қосқан үлестері жоғары.

Қазақстан топожүйесіндегі топонимикалық атауларды зерттеуде географиялық, лингвистикалық, тарихи, этнологиялық өз-

герістерді ескере отырып қарастыру сол бағыттың дұрыс зерттелуіне жол сілтейді.

Тарикқа көз жүгіртсек, XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығы мен XVIII ғасырдағы жоңғар қалмақтарының шабуылы нәтижесінде біраз жер атауы моңғол (қалмақ) тілінен енді. Біз сол атауларды толығымен зерттей алдық па?

Тарихтың сан алуан көшінде ұлт басынан «сан қилы» тағдыр өтті. Бұл көптеген топонимдердің өзгеріске ұшырауына, ұмыт болуына, басқа атаудың пайда болуына әсер етті. Осыған байланысты бүгінгі күні жер-су атауларын зерттеу өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Шығыс Қазақстанның жері әлемге Алтай тауының атымен танымал болған. Сонау Геродот жазбаларында, қытайдың жылнамаларында, көне түркі жазба ескерткіштерінде, Марко Поло, Плано Карпини сияқты шетелдік саяхатшылардың жазбаларында Алтынтағ (Алтын йыш, Әктаг, Төлес, Алтай), Мұзтағ (Мұзтау), Ертіс атаулары көрініс береді.

XIII ғасырдағы Моңғол шапқыншылығы мен XVIII ғасырдағы жоңғар қалмақтарының шабуылы нәтижесінде моңғол (қалмақ) тілінен енген жер-су атаулары пайда болды. Моңғол тіліне қатысты атаулардың екі факторын атай аламыз:

1. Түркі-моңғол тіл бірлестігі (алтай дәуірі) заманы.

2. XII ғасырдағы моңғол шапқыншылығынан кейінгі, яғни моңғол тіліндегі атаулар.

Алғашқысына тіл бірлестігі, мағыналық сәйкестік негіз болса, кейінгі топқа моңғол қолбасшылары есімдерімен қойылған топонимдер жатады. Мыс.: *Жошы, Шонай, Дабы, Мақан* т.б. *Ал, Долағай, Шиш, Шаған, Баятар* т.б. секілді атаулардың тілімізге моңғол тілінен түрлі фонетикалық өзгерістерге ұшырау барысында ауысқанын байқауға болады. [Өлкенің жер-су аттары. – Қарағанды, 2001].

Моңғол тілді атаулар қабаты, кейбір ғалымдар айтып жүргендей, алтай тіл бірлестігі заманынан бері келе жатпағанын аңғарамыз.

Бұл кірме атаулар Алтай тауларының өзіне, одан соң Қыпшақтың Ұлы даласына тек XIII ғасырдан бастап тарай бастаған. Қазақстанда кездесетін моңғол атауларының көне моңғол тілінен емес, қазіргі моңғол тілінен ашылатыны бұған дәлел болады. Облыс көлемінде моңғол тіліндегі топонимдердің көлемі

10 %-ды құрайды. Алтай, Борғұстай, Бақанас, Қандығатай, Доланқара, Зайсан, Ұлан, Өрел, Сайқан, Ұласты, Үйдене, Шаған, Шорға, Шабарты, Толағай т.б.

Қазақстан аумағында қазір моңғол тілінен немесе алтайтекті 217 топонимдік атаулар бар екен. Белгілі топонимист-ғалым Ғ. Қоңқашбаевтың зерттеуі бойынша, Қазақстан аумағында моңғол тіліне тән атаулар 200-ден аспайды делінген, бірақ бүгінгі зерттеулерде саны – 217.

Татар ономаст ғалымы Г. Саттаровтың зерттеуі бойынша Татарстанда моңғол тілінен немесе алтайтекті топонимдік атаулар 20-ға жуық екен [Г. Саттаров, 119].

Моңғол-қазақ тілдерін салыстыра зерттеген ғалым Б. Базылхан мұны былай деп түсіндіреді: *«Қазақтар мен моңғолдар – ежелден рулық-тайпалық қатысы болған материалдық тұрмысы мен рухани ойы желілес халықтар. Егер қазақ тілінің сөздік қорына араб, парсы сияқты шет тілдерден енген кірме сөздерді, ал моңғол тілінің сөздік қорына санскрит, тибет, т.б. тілдерден енген сөздерді есептемесек, онда қазақ пен моңғол тілдерінің негізгі сөздік қорында осы екі тілге ортақ ұйытқы сөздердің молдығын көреміз, яғни қазақ пен моңғол тілдерінің негізгі ұйытқы сөздері бір желіге байланысып жатыр. Қазақ тілін моңғол тіліне басқа түркі тілдерінен гөрі ең жуық тіл деп айтуға болады»* деп пікір білдірген.

Шығыс Қазақстанда алтайлық іздер жер атауларында сақталып қалған: *Урунхай /Ұранқай* геногидроним: тува тіліндегі «урянхай» *Сібе сибел/сибо* генонимінен шыққан, *сибел/сибо* тайпасы қазір Синыцзянда тұрады және маньчжур диалектісінде сөйлейді.

Ғ. Қоңқашбаев *сибел/сибо /собе* моңғол сөзі деп қарастырады, Сибин көлі мен Сібе өзендерінде кездесетін кәмшат аңымен байланыстырады [Қоңқашбаев Ғ. 1959].

Дегерес – Қазақстанның оңтүстігіндегі таулы өлкелерде ұшырасатын жер атауы. Атаудың шыққан төркіні туралы моңғолдың «тау теке» ұғымын беретін «дзер герес» тіркесінен пайда болған деп жорамал жасайды. Моңғол тілі сөздігінде «Гороос» сөзі «ешкі» немесе «теке» ұғымын ғана береді деу қиын емес. «Дегерес» – жоғары жер атауына негіз болған моңғол сөзі:

дігуур – жоғары, түсті; дээгуур – жоғарғы, үстінгі болса керек. Сонымен қатар қалмақ тілінде де «деерэс» немесе «деегур» тұлғалары біздің тіліміздегі «үсті, жоғары жақ» мағыналарына ие. Моңғол тілінде көптікті білдіретін -с жұрнағын қоссақ, қалмақ тіліндегі «деерэс» сөзіндегі «г» дыбысы түсірілген десек, біздегі «дегерес» сөзімен тұлғаластық заңды түрде туып тұр.

Егер жер бедерін ой, қыр немесе жазық тау деп бөлсек, ой мен жазық әдетте төменгі жақ, ал қыр мен тау – үстіңгі, жоғарғы жақ болып та аталатынын ескерсек, біздегі дегерес» пен моңғол тіліндегі «дэгэрэ» сөзінің мағынасы айқын көрініп тұр.

Толағай – ороним, биік таудың аты. Құрамында толағай (тологой/толгай/толой) сөзі моңғол, бурят тілдерінде кездеседі. Мәселен, Баян-Толгой, Лам-Тологой, Бурят республикасында Чулун-Толгой, Ундэр-Толгой деген тау аттары бар. Моңғол тілінде толгой – «бас» мағынасын білдірсе, топоним ретінде «төбе, шоқы» дегенді білдіреді. Ғ. Қоңқашбаев тіліміздегі толағай сөзі моңғол тілінен енген «шоқы, жеке тұрған биік тау» деп білген [Қоңқашбаев Ғ., 1959].

Шымкент облысында Муллаолы, Нарымшоқы деген оронимдер кездеседі, оны ғалым Ғ.Қоңқашбаев моңғол сөздері тек XII-XIII ғасырларда емес, XVIII ғ. Енген деп санайды. [Қоңқашбаев Г.К. Географические названия монгольского происхождения на территории Казахстана, 1959. – Вып. 1. – С. 89].

Зайсан – лимноним, көлдің атауы.

Ғ. Қоңқашбаев: *«Моңғолдың заасинг (жақсы) деген сөзінен бұл атау ертеректе Зайсан-нор, кейде Нор-Зайсан деп те аталған. Зайсан атының қойылуына байланысты аңызда: «Бір жұт жылы қалмақтар аштан қырылып жатқанда, осы көлге келіп, балығын жеп, аштықтан аман қалыпты. Сөйтіп, көлді Заасингнор (жақсы көл) атапты. Зайсан көлінің бұрынғы атауы Хонхоты да (Қоңыраулы) моңғол сөзі»,* – деп жазады.

А. Әбдірахманов: *«Ертеректе моңғол ақсүйектері де заасинг деп атаған. Қазақ тіліндегі «жақсы мен жайсаң» деген тіркестегі жайсаң сөзі – моңғол тілінен енген көл аты осы мағынадағы сөзбен байланысты болуы ықтимал, жергілікті тұрғындар көлді осы күнге дейін Жайсаң деп атайды»,* – деп жазған. Қазақ «қасқа мен жайсаң» жиылған жер деп осындай дүбірлі тарихи уақиғасы бар орынды айтады».

Ал енді «зайсан» атауын жоңғар хандығы кезеңіне байланысты қарастырып көрелік. Сол замандарға қатысты дереккөздерді шолып отырсақ, бұл сөздің көбіне кісі есімдеріне байланысты тіркеме сөз ретінде қолданылғанын көреміз, *Дэджит-зайсан, Эрдэни-зайсан* және т.б.

Аталмыш хандық кезеңінде «зайсан» сөзі 3 мағынада қолданылған:

1. Мұраға қалдырылатын рубасы дәрежесі.
2. Ойрат қарулы жасағының бөлім сардары дәрежесі.
3. Игілікті, мейірбан, аса мейірімді.

Ресей жылнамасында (1554–1800 ж.) мынадай тарихи дерек бар: *«1643 г. Цецень Очирту Хань, сынъ Бабибагасъ Багатура, тайши Хошоутск калмыковъ, кочевал у озера Норь-Зайсана, а братъ его Аблай расположившись на р. Иртышь построил в Колбинских горъ»* [Историческая справка].

Аталған жылнамада Зайсан көлінің байырғы атауы *Кунгхоту* болғанын да жазады, бәлкім, түрікше «Күн» мен «От» болар.

Моңғол елінің тау-тастарындағы қашалған тарихи бейне суреттерден бастап салт-дәстүр, көне әдебиет үлгілерінен бұғы, маралды киелі санап, табынғандығы айқын көрінеді. Мысалы, моңғол жерінде көп кездесетін мүйізімен қалықтап ұшқан бұғы суретінің мағынасы үш марал жұлдызы туралы аңыздың оқиғасына ұқсастығы бар. Аспан, жұлдыздардың пайда болуы туралы көне түсінікті сақтаған аңыздардың желісі, бір жағынан, аң, хайуанды сипаттаған тәріздес, екінші жағынан, адамды сипаттаған тәріздес болып келеді. Ал қоршаған орта, ағаш өсімдіктердің пайда болуы туралы /теогоникалық/ аңыздар қазақ және моңғол аңыз, ертегілерінде маңызды орын алады

Нарын – потомоним, ұзын өзен бастауын Орталық Тянь-Шань тауларынан алады да, тау арасынан ағып өтеді. Э.М. Мурзаев «Нарын – Қазақстанның Каспий жағалауы мен басқа жерлеріндегі созыла жатқан жон, төбе-төбе құмдар» деп, оны қалмақ тіліндегі нарын «тар», моңғ. наран – «жіңішке», «нәзік» сөзімен салыстырып қарайды (Э. Мурзаев, 1984. – С. 398).

«Нарын» сөзінің түп-төркіні «жіңішке», «жұқа» мағына береді, моңғолдың «наран» сөзінен шығуы мүмкін. «Моңғолша-қазақша» сөздікте «наран» – «күн», «күнге» деп берілген. Нарын өзен, құм аттары ретінде Өзбекстан, Қазақстан, Қыр-

ғызстан, Тува, Еділ бойы қалмақтарында, буряттарда көп кездеседі. Я. Бичурин: *Дагянь, Тархан, Чаянр, Бури, ақа, жосы, аран, ши сойыс, тау Норх, Күңгел, Темірлік, Нарын, Долос, Талас, Қарқара, Ақсай (жер-су аттары), Күнбег, Унгебай, Чергбай, Эртақ, Еркін* (кісі аттары).

Бұған қарағанда *Нарын* атауының түркі тілдеріне де тікелей қатысы ғана тән демей, моңғол-түркі тіл бірлігі кезеңіне тән ортақ сөз, атаулар деп қарауымыз керек сияқты.

Құланөтпес – **потомоним**, Нұра ауданын басып ағатын өзен. Осы өзеннің Құланөтпес аталуы жайлы ертеден келе жатқан аңыз бар.

Ертеде Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы Дешті Қыпшақты түгел жаулап алып, билігін жүргізіп тұрған кезінде бір күні нөкерлерімен серуен құрып, аң аулауға шығады. Келе жатып, алдарынан топ құланға кездеседі де қуып кеп береді. Қуғынның қызығына түскен Жошы, қасындағы нөкерлерінің ілесе алмай алыста қалып қойғанын байқамайды. Хан баласы шауып келе жатып, садағын бұра тартып қалып, топ құланның көсемін аяғынан жаралайды. Ашынған ақсақ құлан айналып келіп Жошының өзіне шауып шайнап, таптап өлтіреді. Соңынан қуып жеткен нөкерлері өліп жатқан хан баласын көріп қатты сасады, Шыңғысханға қалай хабарлауды білмейді. Қайтып оралған нөкерлердің ешқайсысы ханға қаралы хабарды жеткізуге батылы бармайды. Бір жамандықты сезген Шыңғысхан «Кімде-кім жамандық хабар жеткізсе, басы шабылады» деп қаһарланады.

Сонда ел ішінен қарт күйші Шыңғысханға келіп қаралы хабарды домбырамен «Ақсақ құлан» күйін тартып естірткен екен. Басқа деректерде Жошы өлімін Шыңғысханға Найманнан шыққан Кетбұғы жыршы жеткізеді. Сонда хан қарт тартқан күйден бәрін түсінеді де, күйшінің басын алуға әмір етеді.

Қарт: «Тақсыр, мен саған ештеңе айтқам жоқ, сөйлеген мына менің домбырам», – дейді. Шыңғысхан домбыраның көмейіне қорғасын құйып, үнін өшіруге әмір етіпті және сарбаздарына сол жерден ұзыннан-ұзақ терең ор қаздырып, қазақтың сары даласындағы құлан біткенді қазылған орға айдап құлатуға жарлық беріпті. Сол қазылған ор кейін өзенге айналып, «Құланөтпес» аталып кеткен екен.

Шыңғыстай – ойконим, елді мекен атауы. Бұл сөздің шығуын ғалымдар Ж. Болатов, Ә. Әбдірахманов *шәңіс // шәңкіш* моңғолша *цангис* деп аталатын бунақталған бамбук тәрізді өсімдік атауы негізінде қалыптасқан деп топшылайды. *Шәңгіштай* орыс тілі транскрипциясы бойынша *шыңғыстай* болып жуан дауыстыларға ауысқан. Өсімдік атаулары аймақтағы топонимдер құрамында өнімді қолданылған және сол жердің флорасының өзіндік ерекшелігін сипаттап отырады.

Борғұстай – Тарбағатай тауындағы өзен және жота атаулары. Моңғол тіліндегі бургас (тал немесе шілік, қалың тал) сөздеріне молдық ұғымды -тай жұрнағының қосылуы арқылы жасалған. **Тұғыл** (тарб.) аумақта кездесетін елді мекен атауы. Атау моңғол тілінің төгөл (тораңғы) сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшырауынан туындаған. Ертеректе ауыл маңында тораңғы өсімдігі көп өскен. Облыс аумағында тораңғы фитонимі негізінде қалыптасқан оронимдер мен гидроним атаулары (7 рет) жиі кездеседі.

Түйін

1. Топонимдік атауларда моңғол-қалмақ тілінің ықпалы белгілі бір дәрежеде болған. Бірақ аталған топонимдердың бәрі тек моңғол тілі негізінде қойылды деген пікірді білдірмейді.

2. Мұның біраз бөлігі Қарағанды аумағында.

3. Кейбір топонимдер таза моңғол не түріктік деуге келмейді, яғни моңғол-түркі тіл бірлігі кезеңіне тән ортақ сөз, атаулар деп қарауымыз керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Ономастика идеясына сай келетін ойларды қай ғалымдар айтқан?
2. Саян-Алтай ономастикасының қалыптасуындағы кезеңдерді атаңыз.
3. Топонимдік атауларда моңғол-қалмақ тілінің ықпалы қандай болған?

Оқуға ұсынылған әдебиеттер:

1. Бердібай Р. Байқалдан Балқанға дейін. – Алматы, 1996.
2. Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – Л., 1971. – 286 с.
3. Саттаров Г.Ф. Монголизмы в топонимии Татарии // Тюркская ономастика. – Алматы, 1984.
4. Жанұзақов Ж. Қазақ ономастикасы. – Алматы, 2007.
5. Сапаров Қ. Т. Қазақ шығысының өзен-көл атаулары. – Павлодар, 2012.
6. Түркі тілдері. – Астана, 2015. – 456 б.

3-дәріс.

Еділ-Орал бойы түркі халықтарының ономастикалық жүйесі

Қазіргі уақытта «Орал» деп аталатын аумақ «өркениетті» әлемге ұзақ уақыттан белгілі. Ол тіпті ежелгі грек тарихшысы Геродоттың еңбектерінде кездеседі. Әрине, сол кезде «Орал» сөзін ешкім қолданған жоқ, бұл аумақ «Рифей тасы» деп аталған. Иә, антикалық ғалымдардың Орал және Сібір туралы пікірлері жартылай мифтік болды.

Еділ-Орал бойында Татарстан Республикасы, көптеген ұлт өкілдері өмір сүреді: Мордвин, Мари, Удмурт, Чуваш, Қазан немесе Волга татарлары мен Башқұрттар.

Татарлар – түркітілді халықтар тобына жататын тереңге тартқан тарихы мен мәдениеті, өнері бар мыңжылдық дәстүрге ие ежелгі ұлт. Ресейдің барлық облысы мен өлкесіне тарай қоныстанған татарлар сан жағынан республикада орыстардан кейінгі 2-орынды алады.

Башқұрттар – Башқұртстанда, сондай-ақ Челябинск, Орынбор, Түмен және Ресей Федерациясының басқа да аймақтарында тұратын Оңтүстік Оралдың және Оралдың байырғы халқы. Әлемде башқұрттардың саны – шамамен 2 миллион адам.

Чуваштар – Волга және Кама аймағының байырғы халықтарының бірі және Қазан хандығының бұрын пайда болған әлі де оқшаулануын сақтап қалған халық. Чуваштардың жалпы саны шамамен 1,5 миллион адамды құрайды.

Еділ бойындағы татарлар өздерінің арғы тегін IX–XIII ғасырлар аралығында өмір кешкен Европадағы ең гүлденген мемлекеттердің бірі болған бір кездегі Бұлғар патшалығымен байланыстырады. Еділ бойы татарлары – байырғы бұлғарлар мен қыпшақтардың қосылуынан пайда болған халық.

Еділ халықтарының ономастикасын зерттеген ономаст-ғалым Г.Ф. Саттаровтың зерттеулеріне сүйенсек, татар ономастикасының өте бай екенін байқаймыз. «Татар исемнәре ни сөйли?» (1998) деген еңбегінде 15000 есімді келтірген, барлық нұсқаларын қоссақ, 20000 бірлікті құрайды. Г.Ф. Саттаров татар тілінің антропонимиясының ежелгі қабаты көне түркі және

ежелгі бұлғар кезеңіне қатысты деп санайды. Ежелгі түркілердің наным-сенімдеріне сәйкес аспанға, табиғатқа табынуды сипаттайтын есімдерімен аталғанын көрсетеді: *Тауштемур, Бикташ, Тәңгеребирде, Кугай, (Кук+ай), Айсылу, Чулпан* т.б.

Түркі болмысының орыс тарихына әсерін бағаламауға болмайды. Сол ортадан (түркі) шыққан біраз адамдар Орыс князьдігінің басшысы да болған. Мысалы Иван Грозныйдың анасы татар болған деседі: оның анасы Елена Глинская шоқынған татар қызы болған. Бұл оқиға олар үшін Қазанды басып алу және Қазан тағына талас кезінде көп пайда әкелген.

Татар фамилияларының қалыптасуы туралы зерттеушілер көптеген зерттеу жүргізген болатын. Солардың ішінде толық және жіті зерттелген С.Б. Веселовскийдің «Ономастика» және Н.А. Баскаковтың «Древнерусские имена, произвища и фамилии», «Русские фамилии тюркского происхождения» атты кітаптары болып есептеледі. Олардың жұмыстары және архив қағаздары Ломоносов атындағы МГУ-дің зерттеу орталығында пайдаланылуда.

Алтын Ордадан шыққан Орыс тарихындағы атақты фамилиялар.

- **Буниндер** (орыс жазушысы, ақын Бунин Иван Алексеевич). Прокуда Михайлович Буниннің (1595 жылы қайтыс болған) ұрпағы. Ол Ордадан шығып Рязань князьдігіне кеткен. Сол князьдікте Рязань уезінен жер алған.
- **Карамзиндер** (жазушы, ақын, тарихшы Николай Михайлович Карамзин). Арнайы шежірелік кітаптарда татар мырзасы (мурза) Кара Мурзадан келген деп белгіленген. Карамза атауының этимологиясы – Қарамырза «кара» – *қара*, «мурза» – *мырза, князь* деген мағынаны білдіреді.
- **Рахманиновтар** (орыс композиторы Сергей Василиевич Рахманинов). Рахмандар Ордадан шыққандар (араб. рахман «мейірімді», «қайырымды») деген мағынаны береді.
- **Скрябиндер** (орыс композиторы, пианист Александр Николаевич Скрябин). Ордадағы Соқыр бектің (бей) ұрпағы. Сокурдың этимологиясы, анық, түркі сөзінен шыққан «сокур» – соқыр, яғни Сокур бек – Соқыр мырза.
- **Тургеневтер** (орыстың атақты жазушысы Иван Сергеевич Тургенев). Турген Лев (Арыстан) мурзадан (мырза-

дан) тараған ұрпақ. Турген Лев мырза 1440 жылы Ордан шығып, Ұлы князь Василий Ивановичке қосылған. Тургенев түркі-моңғолдық негізге ие фамилия, turgen моңғолша *тез, шапшаң, асығыс* деген мағынаны білдіреді.

– **Языковтар** (ақын Пушкиннің досы Николай Михайлович Языков). Алтын Ордалық Енгулай Языктан тараған. Өмір сүрген дәуірі шамамен XIV–XV ғ. Себебі XV ғасырда Языковтар орыс дворяндары ретінде жақсы танылған.

Сонымен қатар көптеген орыс жазушылары, әскерлері, зерттеушілер, Алтын Ордан шыққан түркілердің ұрпақтары болып есептеледі.

Сібір татарларында жиі кездесетін есімдер: *Алтын, Асқар, Аслам, Асман, Еген (йегән), Еман (йаман) Кинча, Куца, Кантар, Концак (колынцак), Марган (мәргән), Мерас (мирас), Самай, Темей (тәмәй), Таулат (тәуләт)*. (Стефанова Р.Т. Диалектная ономастическая и апеллятивная лексика в основах фамилий Сибирских татар).

Татар тегі диалектілердің фонетикалық-морфологиялық ерекшеліктері араб-парсы тіліндегі жеке атауларында айқын көрінеді, олардың әрқайсысы тәуелсіз үшін негіз болды.

Ғалымдардың пікірінше, жеке аттардың әртүрлі нұсқаларынан, мысалы, келесі атаулар: *Айнетдинов (Гайнетдин), Антрашитов (Габдерәшит), Аппасов (Габбас), Арибуллин (Гарифулла), Аттауллин (Гатаулла)* және басқалар.

Татар әдеби тілінде h, f, x дыбыстары жоқ. Олар ислам дінінің енуіне байланысты араб және парсы лексикаларын пайдаланудың басталуымен ғана пайда болды, бірақ олар татар халқы тарапынан ассимиляцияланбады.

Сібір-татар тілінің Тобыл-Ертіс диалектісінде көптеген атаулардың атауы $x > k$: *Калил – Хулил, Кунби – Хунфи, Күлім – Халим (Ғалым), Калит – Хулит*.

Башқұрттар – башқорттар; башқорт, яғни бас құрт «бас бөрі» түркі тілдес халық.

Башқұртстанда ономастиканың ғылым ретінде қалыпташуына проф. Г. Киекбаевтың алғашқы «Башқұрт АССР топонимдерінің сөздігін» айтуға болады (Уфа, 1980).

Топонимдерді этимологиялық талдау А.К. Матвеева, Н.И. Шувалов, Ш. Шайхулов еңбектерінде қамтылған. Татар

есімдері, жеке атаулардың шығу тегі туралы Т.М. Гарипов, Р.Г. Кузеев, Е.Ф. Ишбердин, Н.Х. Максютова, З.Г. Ураксин және басқалар ғылыми тұрғыда қарастырады.

Башқұрт топонимдері негізгі және кірме деп бөлінеді. Географиялық объектілердің атауында фин-угор, парсы, орыс, чуваш, мари, мордва кірме атаулары кездеседі.

Екі халықтың эпикалық мұрасында кездесетін кейіпкерлердің бірі – Сыпыра жырау. Башқұрт тілінің дыбысталу ерекшелігіне сәйкес оның аты – Хабрау сэсэн. Ол ел дағдарған істердің жол-жобасын көрсететін және айтқаны әулиенің сөзіндей қабылданатын ақылгөй дана болып сипатталады. Сыпыра қазақ, башқұртпен қатар қарақалпақ, ноғай жырларында да дуалы ауыз, көп жасаған, сөзіне хан да, қара да тоқтайтын жан болып көрінетіні мәлім. Бұл тұрғыдан алғанда оны оғыз эпосындағы Қорқыт атамен салыстыруға болады.

Башқұрт ономастикасы псевдонимдердің көптігімен ерекшеленеді:

- Габдельмажиит Нурганиевич Гафуров – Мажит Гафури;
- Галеев Абдрахман Галеевич – Муса Гали;
- Искандырова Тамара – Искандыриә;
- Низамов Рашит Зияфетдинович – Рашит Унгар (Биш-Унгар – жер атауы);
- Туйгунов Риф Галимович – Туйгун;
- Шакуров Рашит Закирович – Рашит Шакур.

Чуваш ономастикасы

Чебоксарының халық саны жарты миллионға жетеді, ал Ресей жеріндегі чуваштардың саны 2 миллионға жуық. Зерттеушілердің айтуы бойынша, чуваш тілінде сөйлейтіндердің саны азайып барады. Чувашияда 21 үлкен ауыл орталықтары бар, ең негізгі қалалары Чебоксары, Жаңа Чебоксары, Канаш, Улатыр, Шмирле, Куславка, Сирпү және де Йедирне болып табылады.

Чуваш онимдерін зерттеуде Н. И. Ашмариннің «Чуваш тілінің сөздігін» атауға болады.

Чуваш антропонимиясы өзге түркі халықтары сияқты өзінше күрделі болып келеді. Ерекшелігі – ирандық ономастикалық бірліктердің чуваш тілінде иранизм болып табылуы.

Чуваш ономастикасында соғдиян, бактрия, парфян, мидяндықтардың этнонимдері сақталған. Кейбір саяси және діни басшыларының есімдері Харпан, Харман; Харпан торра – теоним, Харпан т.б. этнонимдерінен шыққан деген болжам бар.

Чуваш антропонимиясы өзінің құрамы жағынан сан қырлы деуге болады. Антропонимдерде әртүрлі салт-дәстүр, дүниетаным, өмір сүру, мәдени және тарихи факторлар, халықтың діни сенімі, оның экономикалық, әлеуметтік және саяси жүйесі бейнеленген. Чуваш тілінде ирандық ономастикалық бірліктердің ерекшелігі – ирандық сияқты, олардың фонетикалық композицияларға қатысты, әсіресе үйлесімді дыбыстар саласындағы айқындылығы.

Чуваш халқынан шыққан есімі әлемге әйгілі перзенттер көп: соның бірі, мысалы, орыстар мақтанышына айналған А.В. Суворов. Бұл қолбасшының есімі де сол гундердің Сувар тайпасынан шыққан. Алғашқы ғарышкерлер А. Николаев пен тұңғыш әйел-ғарышкер В. Терешкова чуваш ұлтынан шыққан болатын.

Бақылау сұрақтары:

1. «Рифей тасы» деп қай жер аталған ?
2. Чуваш халқынан шыққан атақты адамдарды атаңыз.

Оқуға ұсынылған әдебиеттер:

1. Гарипов Г.М. О древних кыпчакских именах в антропонимии башкир // Ономастика Поволжья. – Уфа, 1973. – Вып. 3.
2. Башкирская энциклопедия. – Уфа, 2011. – 624 с.
3. Камалов А.А. Башкирская топонимия. – Уфа, 1994.
4. Қусимова Т.Х. Башкирские имена. – Уфа, 1976.

4-дәріс.

Кавказдағы түркі тілдес халықтардың ономастикасы

Қап тауының етегін жайлаған түркі тілдес халықтардың бірі – қарашай-балқарлар. Олар тілі жағынан бір-біріне өте жақын қарашай және балқарлардан тұрады да, қарашайлар Қарашай-Черкес автономиялық облысында, балқарлар Кабардин-Балқар автономиялық республикасында тұрады. Қарашай-балқар – ғалымдардың пікірінше, алаңдардың ұрпағы.

Құмықтар мен қазақтардың көне заманнан келе жатқан жақындығы түрлі терминдерден, атаулардан анық байқалады. Ежелгі түбірлестік мекен атауларынан айрықша көрінеді. Елді мекендерді жұрт (юрт), кент, ауыл, отар деп айтушылық туыстық тамыры тереңде екенін сипаттайды. Қазақстандағы Жанкентті /Янгикент еске салатын Янгикент құмықтарда да бар. Ал «жұрт» деген ескі сөз көп қоныстардың атына жалғанатын қосымша болып қалыптасқан (Хасавюрт, Бабаюрт т.б.). Темір ауыл, Ағаш ауыл деп дыбысталуы да қазақ тіліндегідей.



Қазақ пен ноғайдың түбі бір туыстығы ауыз әдебиеті шығармаларында, әсіресе эпикалық туындыларда өшпестей болып бейнеленген. Соның аса ірі көрсеткіші – атақты айтқыш Мұрын жыраудан жазылып алынған «Қырымның қырық батыры» атты қыр тізбегі.

1979 жылғы халық санағы бойынша, бұрынғы Кеңес Одағында алпыс мыңдай ғана ноғай болыпты. Оның көпшілігі, ілгеріде көрсеткеніміздей, Дағыстан мен Ставрополь өлкесінде. Ноғай Ордасы заманында бір өзі үш жүз мың қол шығарып, айбынды мемлекет болып саналған ноғайдың қазіргі кезде жұрнағы ғана қалғанына бұдан артық дәлел керек емес.

Ноғайлардың негізін құраған этнонимдерге қарағанда, бұл халықтың ертеде Ертіс бойын, Дешті-Қыпшақты, Орта Азияны, Солтүстік Кавказды жайлаған түрік тайпаларының бірігуінен пайда болғаны айқындалады. Ол рулар мен тайпалар: қыпшақ, қоңырат, найман, маңғыт, арғын, керейіт, үйсін, ұйғыр, қаңлы, дүрмен, қатаған, байұлы, бұлғар болып келе береді.

Қабарда және қарашай-балқар халықтары тарихи тағдырлас болғандықтан, тілдеріндегі айырмашылықтарға қарамастан, олардың әдебиеті бір арнада қатар дамыды. Балқар әдебиетінің негізгі бастауы, әлемнің басқа да халықтарының әдебиеті тәрізді – халық ауыз әдебиеті. Балқарлардың ерте кезеңдегі тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін терең зерттеген ғалымдар олардың ауыз әдебиетінің өте бай екендігін жазды. Мысалы, XX ғасырдың бас кезінде орыс география қоғамының мүшесі, этнограф-кавказтанушы Г.Ф. Чурсиннің еңбектерінде балқарлардың халық әндерінің туу сарындары мен орындалу ерекшеліктері Кавказдағы көрші басқа да түрік халықтары тарапынан жоғары бағаланғандығы баяндалады. Өте бай балқар ауыз әдебиеті тақырыптық және стильдік ерекшеліктері жағынан өзге Кавказ халықтарының сөз өнеріне жақын болып келеді (Чурсин 1913).

Малқарлар (*Аланла*) – Солтүстік Кавказда тұратын түркі тілдес халық.

Балқарлар – Кабардин-Балқар Республикасының негізгі халқы болып саналады, жалпы саны 80 мың, 60 мыңы өз республикасында тұрады (1997). Балқарлардың арғы тегі Алтай, Ертіс бойынан шыққан қыпшақтар мен жергілікті аландардың араласуынан бастау алады. Халық болып орта ғасырларда қалыптасқан. Шыңғыс хан әскерлерінің шапқыншылығы кезінде (XIII ғ.) Балқарлардың арғы аталары Орталық Кавказдың тау шатқалдарына ығыстырылады да, XIX ғасырдың 2-жартысында біразы қайтадан жазыққа қоныстанады. Ұлы Отан соғысы кезінде, 1943-1944 жылдары Балқарлар Орта Азия мен Қазақстанға көшірілді.

Қарашай-малқардың көне рухани ескерткіштері дегенде, ең алдымен, Нарт – солтүстік Кавказдың халықтары (осетин, адыге т.б.) арасында кеңінен таралған эпикалық мұраны айтуға болады.

Қарашай-балқар ауыз әдебиетінің маңызды ерекшеліктерінің бірі – **Нарт таурухла**, яғни нарт дастандары. Нарт дастандары – қарашай-балқар түріктеріне және әртүрлі тілде сөйлейтін көршілес кавказдық халықтарға ортақ мұра болып табылады (Абаев 1933).

Кавказ мифологиясына сүйенсек, нарттар – кавказ халықтарының арғы тегі болып саналған, аты аңызға айналған кейіпкерлер. Нарт жырларында олардың атты қолға үйреткендігі, темір балқытып, алғашқы қару-жарақтарды жасағандығы айтылады. Нарттар батыллықтың, ержүректіліктің, игіліктің және Кавказ халқы мәдениетінің символына айналған. Ең ақылды, тапқыр және шебер жауынгерлер болған нарттар, адам күші жетпейтін жауларын күш-қуат, ынта-жігермен ғана емес, терең ақылдылықпен жеңетін болған.

Жоғарыда айтылғандай, нарт жырлары тілі мен ділі әртүрлі, басқа ұрпақтардан тараған Кавказ халықтарының арасындағы мәдениетті біріктіретін бірден-бір туынды саналады. Нарт дастандары адыг (шеркеш), абхаз, осетин және шешен-ингуш халықтарымен бірге қарашай-балқар түріктерінің ауыз әдебиетінде де ең көне туынды болып саналады.

Қарашай және Балқарияның дәстүрлі отбасыларында ұлдардың туылуына ерекше мән беріледі: ұлы – отбасының мұрагері, туған өлкесі, Отанының қорғаушысы. Баланың туылуы туралы жаңалықты әкесіне немесе атасына алғаш рет хабарлаған адам өте үлкен сыйлық: сүйінші алады, мысалы, қой, тіпті жақсы отбасы жылқы атайды. Қыздардың туылуына келетін болсақ, өткен ғасырдың басында өте қызықты оқиға болған.

Бір Алиев деген отбасыда қыз дүниеге келеді. Үйдің отағасы қуанышты хабарды жеткізген хабаршыға айтады: *«Ой юйюнг кьурусун, бар да Хубийланы кьууандыр, ала берирле сюйюм-чюнью»*. Сөзбе-сөз аудармасы: «Ой, ойың құрсын, бар да Хубийланы қуант, сүйіншіңді ала бер».

Әкесі көптен ұл күтіп жүрген, сол үшін ренжіп, қызын Хубиевтер болашақ келін ретінде алатындығын біліп, «сүйіншіні сол отбасынан алыңдар» деген сөзі.

Қарашай-балқардың аттарының басым көпшілігі: әлеуметтік мәртебе, сабақ, ата-аналардың қалауы, физикалық және өзге де қасиеттері: Биченчи *шөп шапқыш*, Бегеуол *қарауыл*, Кьойчу

қойшы, Мараучу аңшы, Сабанчы сабанышы, Чепкенчи черкеска тігуші, Абрек бұзақы, Чагар шаруа, Чанка ақсүйек, Гитче кішкентай, Кёккёз көккөз, Қъарачач қара шаш, Сары шикіл, Сокъур соқыр, Пелиуан күшті, Қъатхан қатқан, Огъурлу мейірімді, Чомарт жомарт, Насыплы нәсібі мол, Башчы басшы, Эртуу ер боп туған, Бийче бике, Ақъбийче ақ бике, Ариука ару, Алтынчач алтынишаш, Ақъбоюн ақ мойынды, Чырақъ шырақ, Шекер шекер т.б.

Қарашай-малқар антропонимдері арасында этимологиясы анық емес есімдер мен фамилиялар кездеседі: *Алас, Албот, Алчагъыр, Апалай, Асан, Ахай, Байда, Бакку, Балакку, Бараз, Батча, Бата, Бауа, Биджи, Борча, Боташ, Бурхан, Габа, Гадий, Гебек, Гочия, Гурту, Гыллы, Гюлюй, Жангураз, Жаппу, Жеке, Жетиш, Кожук, Кыпык, Кючмен, Къайта, Къарча, Къурта, Къурша, Маглу, Мокъа, Мёчю, Отар, Сотта, Тамма, Таттуука, Тотук, Тотурукъ, Умма, Хоса, Чабдар, Чопан, Чубакъ.*

Белгілі болғандай, көрші тілдердің лексикасының өзара байланысы табиғи үдеріс болып табылады. Сол себепті Қарашай-Балқар тілінде басқа көршілес тілдерден енген антропонимдер баршылық. Сондай-ақ мұсылман әлеміне кең таралған араб-парсы антропонимдері де көп кездеседі: *Мухаммад, Ахмат, Азрет, Рахмат, Иман, Фатимат, Зайнаф* т.б.

Кабардин-балқарлардан шыққан есімдер: Паго «қысқа шашты», нашхо «сұр көз», Апша «білекті, күшті», Апашокъа *темір сауыт*, Шимауха «бақытты салт атты», Хакеш *құйрығын қысқан ит* және т.б. ;

Осетин аттары: Гуппой «қопыраған», Мысака «өнертапқыш», Геруз «белдік» және басқа көршілес тілдерден: Азнауш (жүк) «еркін», Апсуа Абхазияның өз атауы, Бичо «жүк» «бала», Грузиядағы «Eristau» атау, Шауарден бүркіт т.б.

Кеңес дәуірінде ресейлік немесе орыс тіліндегі антропонимдердің көбісі карачай-балқар тіліне көптеп енген:

- Николай – «жеңімпаз»;
- Михаил – «Құдай сынды»;
- Валерий – «мықты»;
- Марина – «теңіз»;
- Валентина – «сау»;
- Елена – «жарқыраған».

Орыс тілінен шыққан атаулардың арасында *Лена, Миша, Володя, Зина, Рита* сияқты қысқартылған, кішірейтілген есімдер де бар.

Жоғарыда аталған қарашай-балқар антропонимдері көп қырлы, Қарашай-Балқар (түркі) негіздерінен, көрші тілдерден енген кірме атаулардан тұрады деп қысқа тұжырымдама жасауға болады.

Бірнеше ғасырлар бұрын ғұндар деп жалпы аталған саны қыруар түрік тайпалары бір уақытта батысқа қарай бет бұрып, Еділ және Жайық (Волга және Урал) өзендерінің екі жағасын жағалап қоныстанды. Олардың қолбасшысы Атилла қайтыс болған соң, олар қайтадан Еділдің ар жағына, Кавказ жеріне ығыстырылған.

V-VI ғасырларда Византия мен Стамбулда (Түркия) тұрған, грек жылнамашылары Пресек және Менандр ғұндардың (хұндардың) келесі (этникалық) аттарын хабарлайды: сарығұр, оноғұр, котеғұр, болгар.

Болгарлардың бір бөлігі Дунайдан (болгарлардың арғы аталары), хунндардың қалған бөлігі Еділ мен Кама өзен аралығында Хазар мемлекетін қалыптастырды.

Осында атап өтілген гуздар қаңлы мен қыпшақтардың тармағы. Кейін оларды *коман немесе қыпшақ* деп атап кеткен. Командар қыпшақтар және алшындармен бірге Жошы ұлысына енген.

Жошы ұлысының көшпенді бөлігі Жайық пен Кубаньнан Донға дейін жеткенде, олар Береке ханның немере ағасы Ноғай ханның атымен аталған. Ноғайлықтар XV ғасырда Қырым тартарларының ханына қарасты болған.

Ал Жайықтың жағалауында қалған солтүстік шығыс ноғайлары дербес хандық құрып, Әбілқайыр ханның кезінде өздеріне көршілес қазақтарды бағындырып алған. Ұлық Мұхаммед (Орманбет хан) қайтыс болып, Ноғай Ордасы ыдырағаннан кейін ноғайлар XVII ғасырдың бас кезінде Еділге ауа көшкен, онда осы жерге бұрын келген торғауыттардың билігіне түседі. Олардың басқа бөлігі Қырым хандығының қарамағында еді. Содан кейін ноғайлықтар хандар атымен, ру және мекендеген жер атауымен аталатын болған.

Мысалы, Еділдегі ноғайлар үш рудан тұрады: Мансұр, Орақ, Мамай, Қасай, Орманбет, Тоғыз, Ідешек, Ідесан, Жанбайлық, Қарашы (Есеке бидің ұрпақтары). Қарашы тармағының рулары: шерін, барын, арғын, қыпшақ. Оларға Сахиб-Керей хан мен Мансұр және сежеуіт рулары қосылған. 1865 жылы Қырым уезінің Таврика губерниясының тізімі құрастырылды, онда келесі рулар көрсетілген: арғын, қоңырат, қыпшақ, алшын, қаңлы, алаш, тама, керейіт, боз оғлы, оңғар найман, қарт қожақ, көшен, тоқсаба. 1883 жылы Қырым Ресейге қосылған соң, қырым ноғайлары Түркияның қарамағындағы түріктерге көшіп, олардың санын 500 мыңға дейін арттырған. <http://e-history.kz/kz/contents/view/572>

Бақылау сұрақтары:

1. Ноғай тілінде онимдердің қайсысы кеңірек дамыған?
2. «Қырымның қырық батыры» жырындағы батырлардың есімдері

Оқуға ұсынылған әдебиет:

Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы, 1994.

5-дәріс.

Сібірдегі түркітілдес халықтардың ономастикасының ерекшеліктері

Сахалар өздеріне тілі мен этникалық тегі жағынан ерекшелігі бар – Якутия халқының жартысына жуығын құрайтын халық. Краснояр өлкесінің Таймыр және Эвенкі ұлттық аудандарында, сондай-ақ Магадан, Сахалин және Амур облыстарында тұрады. Жерінің шалғайлығы, қатынас жолдарының қиындығы бұл елді өзгелерден бөліп тастағандай еді. Әсіресе сахалардың XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында жаппай шоқындырылуы, аты-жөндерінің орысша жазылуы, елдің дағдысына христиан салттарының ене бастауы оларды түрік, тіпті мұсылман әлемінен алыстатып жібергендей болды. Оның үстіне сахалардың ғасырлар бойында моңғол, бурят, эвенкі, чукча, юкагир секілді халықтармен аралас-құралас өмір кешкендігі сөздік құрамының да күшті өзгеруіне әсер етті.

2010 жылғы санақ бойынша, якуттар (478 мың), тувалар (265 мың), хакастар (73 мың), алтайлықтар (81 мың), сибір татарлары (6,8 мың). Адам саны өте аз долгандар (7,8 мың), селькуптар (3,6 мың), тофалары, энцтер (самоед), элеуттер, ороктар (1000-нан аспайды).

Якут антропонимиясын Е.И. Убрятова, Н.Е. Петров, К.Ф. Гриценко, А.И. Рудных т.б. ғалымдар саха есімдерін, лақап аттарды және якут топонимиясын М.С. Иванова-Багдарыын, Е.В. Федорова, С.И. Жиркова, Н.Г. Самсонова, Н.М. Иванова, В.Д. Монастырева зерттеді.

Якут антропонимиясын зерттеуге профессор Н.Г. Самсонов үлкен үлес қосты. Ежелгі атауларды белгілі топонимист М.С. Ивановтың «Сири-Халлааны анааран», «Түгэх өбүгэлэр» атты еңбектері топонимияны зерттеуге арнаған. Н.И. Филиппов «Олонхо бухатырыгар ааты инэрии көстүүтэ» атты еңбегінде олонхо эпостарындағы персонаждарды зеттеп шықты.

Профессор Николай Самсонов саханың есімдері халықтың айрықша сипаттамаларын білдіреді деп санайды. Мысалы, Аччыгый – *кiшкентай*, Уһун – *ұзын*, Бекчен – *бүкір т.б.* [Самсонов Н.Г., Самсонова Л.Н. Имена говорят. – Якутск: Якутское книжн. изд-во, 1993].

Ежелгі саха атаулары тек олонхо мәтіндерінде, ертегілерде, тарихи аңыздарда сақталған. Якутияны христиандандыру, Ресейге қосылуы XVII ғ. I жартысынан бастап XIX ғасырдың 20-шы жылдарында аяқталды.

Сахалар православиелік христиандықты қабылдап, суға шомылдыру рәсімінен кейін әрбір якут шоқынды деп есептеліп, орыс есімін қабылдады. Якут қоғамында жаңа есімдер пайда болды, бірақ өз есімдерінен бас тартқан жоқ, ескі есімдерін әлі күнге дейін *Ардык Седет*, *Булчут Сэргэй*, *Додук Басылай*, *Далан Мария* деп жарыстыра қолданып жүр.

Әдеби шығармаларда, күнделікті тұрмыста орыс тілінен енген есімдерді сахаландырып алған [Якутские имена].

Мысалы:

саха	Была-адык	Уйбаан	Лэгэнтэй	Дьөгүөр	Охо-нооһой	Киргизлей	Сүөдэр
орыс	Владик	Иван	Иннокентий	Егор	Афанасий	Григорий	Федор

саха	Бүө- түр	Была- тыан	Байбал	Мэ- хээлэ	Маппыай	Сэмэн	Дьаакып	Ааныс
орыс	Петр	Платон	Павел	Михаил	Матвей	Семён	Яков	Анна

саха	Хабы- рылла	Бок- куойа	Мотуру- она	Арам аан	Миитэ- рэй	Өкүлү- үнэ	Балааб ыйа	Өлөө нө
орыс	Гав- риил	Прас- ковья	Матрена	Ро- ман	Дмитрий	Аку- лина	Пела- гея	Елена

2012 жылы жалпы төлкүжатта ұлы, қызы деп жазуды заңды түрде қабылдады: *уола – ұл -вич), кыыһа – қыз (-евна /овна).*

Мысалы: Уйбаан уола Алампа – Анемподист Иванович. Тағы бір ерекшелік якут / саха ұлт атымен аталатын әйел есімі кездеседі: *Сахаайа / Сахая (якут қызы).*

Хакас ономастикасы

XVII ғасырларда орыс құжаттарында хакастар Енисей қырғыздары деп жазылған, абакан татарлары, минусинск татарлары деп те аталады. Хакастар төрт этникалық топқа бөлінеді: Качин (Хааш, Хаас), Сагай (Саай), Қызыл (Хызыл) және Койбал (Хойбал).

Өткен ғасырда алтайлықтар мен тувалар Хакас пен Хакасияны «Хоорай», «Конграй» немесе «Хонра» деп атады. (В.Я. Бутонаев. Происхождение хакасов по данным этнонимии // Историческая этнография: традиции и современность. Проблемы археологии и этнографии. Вып. II. – Л., 1983. – С. 68-73).

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап фамилия енгізілді. Хакас тілінде фамилия деген ұғым жоқ, «обеке» баба ұғымы бар немесе «пічікке кірчен «құжатта бекітілген» деп түсінеді. Хакастардың отбасы атаулары отбасылардың басшыларының аты-жөнінен шыққан, олар тәуелсіз отбасы болған. Хакас ономастикасының алуандығы мен байлығына байланысты бірнеше атаулары болды. Кейде діни тыйым салуларға байланысты атаулар аллгартиялық сөздерден алынады. Мысалы, 1754-1820 жылдары. өмір сүрген Чода Узноинов. Хакастың әдет-ғұрыпына сәйкес, әйелдерге күйеуінің және оның туыстарының есімдерін айтуға тыйым салынды. Сондықтан, Узун Азах / «Ұзақ аяқ» деп атау нәтижесінде Ұзынзақов фамилиясы пайда болды.

Уақыт өте келе кейбір фамилиялар жоғалып кетті, ал басқалары бірнеше жүз отбасына дейін өсті. 1978 жылы Хакасияда ең көп атауы Боргояковтар – 407 отбасы, Хебодаевтар – 358 отбасы, Сагалаковтар – 328 отбасы, Топоевтар – 266 отбасы, Мойнагашевтер – 150 отбасы, Бутанаевтар – 92 отбасы және т.б.

Көптеген хакас сөздері бұрмаланып, өзгеріске түсті. Мысалы, бір кездері Сагал (сақалы) есімінен Щеголаков, Шагалаков, Сагалаков сияқты фамилиялар шықты.

В. Высоцкийдің мына өлең жолдары осы орыстанған есімдерге байланысты туған:

*Русский я по паспорту.
Только русские в родне,
Прадед мой – самарин,
Если кто и влез ко мне,
Так и тот – татарин.*

Көптеген есімдер жалпытүркілік форманттардан жасалған: «бай», «бий», «хан», моңғолдық «тай» және орысша «ча» форманты кездеседі. Мысалы: Арыхнай, Азылбай, Хулахнай, Алабий, Тохтабий, Турабий, Айхан, Айдархан, Астай, Хучандай, Орғыдай, Соянса, Астанча т.б.

Хакас антропонимдерінің ішінде ер есімдері мен әйел есімдерінің арасында айтарлықтай бір айырмашылық жоқ. Көптеген есімдер ерлерге де әйелдерге де қойылады. Мысалы: Алтай, Арамзар, Мамай, Наран.

Қазіргі уақытта орыс мәдениетінің ықпалымен қыздардың есімдерінің соңына -а қосымша қосатын болған. Мысалы: Сояна, Карима, Аяна, Сабира.

Хакастар шоқындыру мен орыс антропонимдері енуіне байланысты есімдердің саны едәуір өсті. Олардың көпшілігі дыбыстық өзгеріске ұшырады. Мысалы: Аркас – Аркадий, Апонча – Афанасий, Кабрис – Габриел, Самой – Самуэль, Керейби – Еремей.

Көрнекті Хакас ғалымы Н.Ф. Катанов (1862–1922) тобалардың 480 жыр-өлеңін жазып алған. Қазақтың жыры мен тобалардың ыры бұл елдердің «алыс та болса, жақындығының» белгісі. Тобалардың көптеген өлең қатарлары бірыңғай дыбыстардан басталатындығы, өлең тармағының соңындағы ұйқас қатал сақталмайтыны атап өтілген.

Тыуа / Тыва есімдері.

Тыва тілі (бұрынғы аты – урянхай, өзінше атауы – тыва дыл) тыва халқының тілі. Тыва тілінде Ресей Федерациясы құрамындағы Тыва Республикасының байырғы тұрғындары, Жалпы сандары – 300 мыңдай.

Тыуа ономастикасының негізін қалаушы Николай Федорович Катанов алғаш рет «Опыт исследования урянхайского языка» еңбегінде тыуа есімдері туралы сөз етеді [Опыт исследования урянхайского языка. – М., 1903. – 283 с.].

Қазіргі тыуа есімдері негізінен түрік, сонымен қатар орыс, моңғол және тибет тілдерін қамтиды. XVI ғасырдан бастап олар ламаизмдік есім беру дәстүрін ұстайды. Бала туылғаннан кейін бірнеше апта, ай немесе тіпті жыл өткеннен кейін, мысалы он жасында немесе одан да көп жылдар өткесін есім беріледі. Бұған дейін ол тек «бала», «кішкентай бала», «ұл» деп аталады т.б.

Мамандық атауына байланысты қойылған есімдер: *Артис-оол*, *Артисмаа* > артист, *Бугалдыр* > бухгалтер

Тарихи оқиғалар: *Сесроол*, *Сесероол* > СССР, *Колхозбай* > колхоз, *Алдын-оол* > алтын ұл, *Алдын-қыз* > алтын қыз.

Қыздардың есімі -маа аффиксі арқылы жасалады, ол Тибеттің «ана» деген сөзінен шыққан: *Долчанмаа*, *Кунзенмаа*, *Санчыммаа* т.б.

Айдыс, Айдын, Сылдыс, Солангы, Меңги есімдері ерлер арасында да, қыздарға да қойыла береді.

«Ай» сөзінен жасалған есімдер: *Ай-кыс*, *Айдын*, *Айна*, *Айлана*, *Айдана*, *Айыран*, *Ай-Демир*, *Айрана*, *Ай-Херел*, *Айыраа* сияқты.

Белек – «сыйлық», *Белекмаа*, *Белек-кыс*, *Байыр-Белек*, *Бай-Белек*.

Қыздар есімі -а аффиксімен жасалады: *Буян* – *Буяна*, *Буянмаа*. *Чаян* – *Чаяна*, *Шооран* – *Шоорана*, *Орлан* – *Орлана*, *Азиат* – *Азиата*, *Чойган* – *Чойгана*.

Сан есімнен жасалған: *Дертен-оол*, *Бежендей*, *Бежен-оол*, *Чедендей*, *Чедей*, *Чедээлей-от чеден* [Сувандии Н.Д. Тувинская антропонимия, 2004].

Белгілі ғалым З. Қырғыстың «Тува халқының ән мәдениеті» (Қызыл, 1992) кітабында көптеген мысалдар кездеседі. Мұнда халық ауыз әдебиетінің жанрлары, көрнекті ескерткіштері жө-

нінде де мағлұмат келтірілген. Олардың кейбіреулері («Ачыты Кезер Мерген») В.В. Радловтың «Түрік ұлыстарының халық әдебиеті» деген топтамасының 9-томына енген. Аталған эпикалық аңыздау – бурят халқының эпосы «Гесермен» сарындас.

Сонымен қатар «Эртинe мерген», «Қаңғывай мерген», «Танаа-Херел», «Узун-Ашақ», «Алдын Чаагай», «Бай-Буралдай», «Тон-Қараты хан» секілді аңыз жырлар – Тува халқының аса қымбатты қазынасы. «Түрік эпосы» деп аталатын ұланғайыр мол көркемдік байлықтың ішінде тобалар үлесі аз емес.

Долған ономастикасының ерекшелігі

Географиялық жағынан Долған ауданы Енисейдің және Пяси́на, Хатанга, Попига́й және Хет өзендерінің төменгі қабаттарын қамтиды. Хатанга аймағы – қазіргі заманғы негізгі этникалық аумақ. Олар Краснояр өлкесінің Таймыр (Долгано-Ненец) автономиялық округінде, негізінен, Хатанга ауданында және Дудинка қалалық кеңесіне бағынатын аумақта, сондай-ақ Якутияда тұрады. 2010 жылғы санақ бойынша – 7885 адам.

«Долған» деген атау солтүстік Тунгус (долгот) тайпаларының бірі болып келеді және XIX ғасырдың басынан бастап таралған.



«Долған» атауы XIX ғасырдың басынан бастап ортақ атау ретінде таралды. Кейбір қазіргі якуттардың ата-бабалары XIX ғасырдың басында өздерін долған ретінде көрсетті. Өздерін *haka*, *дулгаан*, *тыэ кихитэ* деп атайды.

Долган этникалық мәдениеті түрлі түсті әшекей сияқты. Орыс халқының ықпалымен олар христиан мерекелерін: Рождество, Пасха, Шіркеу, жаңа туылған нәрестелерді шомылдыру рәсімі т.б. атап өтеді. Шомылдыру рәсімінен кейін казактар долгандарға: Кудряков, Жарков, Чуприн, Поротов деген тектерін берді, оның ұрпақтары біздің заманымызға жетті.

Долганов деген патроним Долган лақабынан келеді: ол лексема биік бойлы адам деген сөзден шығады. Алайда бұдан басқа да өзгеше мағынасы болды. Долгандар – Таймыр автономиялық округінде тұратын адамдар. Бұл жағдайда Dolgan бұл ұлт өкілі немесе Dolgan арасында біраз уақыт өмір сүрген адам деп аталуы мүмкін.

1833 жылға дейін қол қойылған, тіркелген жеті адамның алтауы орыс тегімен (фамилия) берілген: Уксусников (үш), Кожеников, Прохоров, Семенов. Дубоглаз мен Тюревицтің есімдері аталады.

XX ғасырдың басында долгандар төрт тектен (фамилия) тұрады: Якут Мокойбуттар (негізінен Левицкий) – 39 адам, Харитонкойдор (Сотников және Лаптуков) – 84 адам, Оруктастар (негізінен Яротский) – 100 адам, Тонкодор (Сахатины) – 48 адам [М.И. Попова. Основы истории культуры малочисленных народов Таймыра, 1995].

Белгілі ресейлік саяхатшы, географ және натуралист А.Ф. Миддендорф өзінің «Сібірдің солтүстігі мен шығысына саяхат» кітабында долгандарды өте қызықты аралас адамдар деп сипаттайды, бірақ сахалық белгілері басым болып тұрады деп айтқан.

Долган өнері ол сахалар мен орыс ықпалының фольклоры. Саудагерлер мен шаруалар туралы, Иван Царевич сияқты ертегілер кең тараған. Сондай-ақ әндер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер бар. Долган елді мекендерінде «Хейро», «марал күні», «Балықшылар күні» сияқты ұлттық мерекелер атап өтіледі.

Бақылау сұрақтары:

1. «Олонхо» деген нені білдіреді?
2. Долган есімдерінің ерекшелігі неде деп ойлайсыз?
3. Эрлик хан қай халықтың антропонимі?

Оқуға ұсынылған әдебиеттер:

1. Басангова (Борджанова) Т.Г. Якутские алгысы в свете фольклорных традиций тюрко-монгольских народов Сибири // Новые исследования Тувы. – Тува, 2015. – №1.
2. Емельянов Н. В. Сборник якутских пословиц и поговорок. – Якутск, 1965. – 246 с.

6-дәріс.

Орта Азиядағы түркі халықтарының ономастикасы

Бүгінгі түркі ономастикасының өзіндік қол жеткен табыстары бар, дербес пән ретінде қалыптасқан ғылым саласы деуімізге толық негіз бар. 40-тан астам докторлық және кандидаттық диссертация қорғалған. Қазақ ономастикасында түркілік жалқы есімдерінің этнолингвистикалық аспектілері Е.Ә. Керімбаев, Б.М. Тілеубердиев, К. Аронов, А.Ә. Әлімхан, К.М. Семби, С.Е. Керімбаева, Д.М. Керімбаев, Г. Б. Мәдиева, А. Б. Смайлова т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелді.

«Қазақ ономастикасының мәселелері» атты кітапта: «Бізде антропонимика, топонимика, этнонимика, астрономика, зоонимика, космономимика, фитонимия, теонимия т.б. бөлімдері әлі толық зерттелген жоқ. Олардың зерттеу объектілері ұшан-теңіз, бір емес, бірнеше ұрпаққа жетері сөзсіз» [Қазақ ономастикасының мәселелері. 1986. – 4-б.], – делінген.

Мәселен, қазақ тілінің жалқы есімдері белгілі бір дәрежеде ономастикалық номинацияның нәтижесі, өнімі ретінде қарастырылды, сонымен қатар жүйелі интерпретациялау мен суреттеуде лингвистикалық бірліктер ретінде олардың қасиеттері мен белгілері толық пайдаланылады.

Соңғы кездері қазақ ономастикасы бойынша қорғалған (Алимбаев М.Е, Абдуалиұлы Б., Сапаров Қ.Т., Мыңбаев Н.Ж., Бигелдиева М.М.), оның ішінде Г.Б. Мәдиева, С.Қ. Иманбердиеваның «Ономастика: зерттеу мәселелері», Б. Тілеубердиевтің «Қазақ ономастикасының лингво-концептологиялық негіздері» атты диссертациялық еңбектерді теориялық-практикалық тұрғыдан тұжырымдалған еңбек деп бағалауға болады.

Қазақ есімдерінің өзіне тән тарихы, шығу, пайда болу жолы бар. Оның бәрін зерделеп, саралап берген «қазақ ономастикасы»

ның атасы» аталып жүрген, ономастика мектебін қалыптастырған профессор Т. Жанұзақов.

Халқымыздың ғасырлар бойы басынан кешірген өмір жолында табиғатқа сыйыну, ай мен күнге табыну, ит, қасқырды то тем ету – бәрі кісі аттарының қойылуына әсер етпей қоймады. Көрші елдермен араласу, шет елдермен байланыс жасау тілімізге мыңдаған сөздермен қатар, кісі аттарының да енуіне ықпал еткені мәлім.

Қазақ антропонимдерінің байи түсуі ислам дінінің тарауымен де байланысты болды: араб-иран тілдерінен енген есімдер бастапқы тұлғасынан ауытқып, дыбыстық өзгеріске ұшырап, жаңа формаға ие болып отырады. Қазақ есімдері XV–XVIII ғасырда құрамы жағынан байып, толыса түсті. Бұл дәуір қазақ тайпаларының негізінде біртұтас қазақ халқы қалыптасқан, нығайған кезі еді.

Одан кейінгі тарихтағы төңкерістер дүниежүзіндегі көсемқайраткерлер Мэлс, Эмиль, Маркс, Клара, Марлен, Тельман, Марат, Долорес, Ким, Социал, Совет, Генерал, Маршал, Армия, Большевик, Октябрина сияқты есімдер сәнге айналды.

Қазақ ономастикасының жеке тілдік аспектілерін зерттеу жалқы есімдердің тілдік мағыналары, олардың лексика-семантикалық топтары, белгілі бір зат пен құбылыстарға ат қою ұстанымдары, жалқы есімдердің сыры, этимологиясы, т.б. жалпы қазақ халқына тән жалқы есімдер жүйелі де дәстүрлі тұрғыдан зерттелген.

Кейінгі зерттеу нәтижелері қарақалпақ этногенезінің қалыптасуында оғыз-печенег, қыпшақ және ноғайлардың үлкен рөл ойнағанын көрсетті. Алайда қарақалпақтарды аталған тайпалардың тікелей ұрпағы деп санау мүмкін емес. Өйткені ғылыми ізденістер бұл халықтың этникалық қалыптасу процесіне жергілікті және басқа да тайпалардың қатыстылығын дәлелдеп отыр.

Мысалы, сенімді дереккөздер қарақалпақ халқының этникалық құрылымын мынадай *онторт уру* (он төрт ру) құрайтынын көрсетеді: – анна, құйын, боклы-хытай, мәңжүлі, қырк, черучи, ай-теке, аралбай, беш-сары, кайчилы, еки-шейх, казаяклы, қаңлы, қыпшақ, кенегес, манғыт.

Бұл тізімнен қарақалпақ халқының этногенезінің күрделі екендігін және тарихи қалыптасу үдерісіне көптеген ру-тайпалардың болғандығын көруге болады [Н. Мамедов, 2007].

Ежелден тағдыры ортақ елдің әрідегі Алтын Орда, Ноғай ордасы тұсындағы тығыз қарым-қатынасын сөз етпегенде, қарақалпақтар XVII ғасырдың ақырынан XVIII ғасырдың орта тұсына дейін Сырдария бойында өмір кешкенін айтсақ та, түбі бірге туыстың сыры біршама айқындалып қалады.

Қарақалпақтар XVIII ғасырда 14 ру және қоңырат деп екі арысқа бөлінген: Қыпшақ, Қытай, Маңғыт, Кенегес болып өз ішінен жіктелген. Қоңырат та өз тарапынан жеке топтарға бөлінген. Тәуке ханның тұсында қарақалпақтар қазақпен бір бірлестік құрамында болған.

Бұдан кейін кіші жүз хандарының қоластына қарайды. Аталған кезеңде Сырдария қарақалпақтары түркістандықтар, ал Түркістан күллі қарақалпақтың ата жұрты делінген. Сырдария жағалауындағы Сығанақ пен Жанкент бұл халықтың тарихында маңызды орын алған. Жоңғар жаулаушылары кезінде қазақ секілді қарақалпақ та дұшпан шапқыншылығына душар болған. Туыс жұрт XVIII ғасырдың орта шенінде Хорезм жеріне барып табан тіреген. Бұл жағдай Жиен жыраудың «Босқан ел» деген дастанында суреттелген.

Қырғыз антропонимдерін зерттеуші А. Идрисовтың «Қырғыз тилиндегі ысымдар» (Фрунзе, 1971) еңбегінде антропонимдердің қалыптасу кезеңдері былайша анықталды:

1) алтай дәуіріне дейінгі кезең жан-жануар, аң-құс, географиялық атаулармен байланысты антропонимдер;

2) хун дәуірінде қалыптасқан антропонимдер (б.э.д. II, III–VI б.ғ.) жан-жануар, аң-құс, өсімдік, аспан денелері т.б. байланысты есімдер;

3) көне түркілік кезең (V–X ғ.) ескі түркі ескерткіштеріндегі антропонимдер – Чур, Барс, Шумкар, Арстан т.б. *Буга, Эсин, Чур, Барс, Туран, Ал Туран, Кушу Тутук, Боз Каган*

4) ортағасырлық кезеңдегі (X–XV ғ.) араб есімдері:

5) жаңа түркілік кезеңде (XV–XX ғ.) ескі еврей (библиялық) және араб-парсы есімдері:

6) қазаннан кейінгі кезең аттарының қатарында революционерлер, әдеби кейіпкерлер, мемлекеттік ресми тұлғалар атауларымен сипатталған: *Совет, Колхозбек, Совхозбек, Маданият, Билим, Вилен, Ленар, Марлен.*

Көне қырғыз дереккөздерінде, мысалы, «Манас» халық эпосында ерлердің есімдері – 146, 6 әйел есімі кездеседі.

Саяхатшы П.П. Семенов Ыстықкөлге ғылыми зерттеулерін жүргізген алғашқы орыс ғалымы болды, ең алғаш Хан тәңірі тауын да көріп сипаттады.

Қырғыз халқының тарихын зерттеуде маңызды еңбектер қатарынан Санкт-Петербург Шығыстану мектебінің көрнекті өкілі, академик В.В. Бартольдты (1839-1930) атауға болады.

Тарихшылардың көрсетуінше, біздің заманымыздың бірінші мың жылдығы соңында Тарим атырабы мен Жоңғарияда түрік тілдес рулардың одағы ұйғырлар ірге тепкен. Демек, ұйғыр халқының төл атымен байланысты оқиғалар мен құбылыстар көбінесе осы аталған уақыттық мөлшер шеңберінде қаралады. Кезінде Ұйғыр қағанаты (745–840) Алтайдан – Хинганға, Саян қырқаларынан Гобиге дейінгі аралықтағы көптеген түрік тілдес ұлыстардың басын біріктірген. Осы дәуірдің аса құнды куәлігі – қаған Мойын Шор атымен сақталған тас жазу.

Өзбек ономастикасының зерттелуі өткен ғасырдың 60-жылдарында бастау алды. Осы тақырыпқа арналған бұған дейінгі мақалалар ғылыми-публицистикалық сипатта болды. 1965 жылы Э. Бегматов докторлық диссертациясын «Өзбек тілінің антропонимикасы» тақырыбымен қорғады. Одан кейін Т. Нафасова, С. Караев, З. Дусимов, Л. Каримова, Н. Ахунова, Т. Рахматова, С. Наимның еңбектері өзбек тілінің топонимикасына арналған.

Х. Хасанов бірнеше рет тарих және өзбек топоним транскрипциясы туралы ғылыми еңбектер жариялады.

Түркі халықтары оның ішінде Орта Азия халықтарының есімдері бір-біріне өте ұқсас келеді. Бұл халықтарда діни ұғымдар негізінде балаларға ат қоюда табиғатқа бас ию сияқты әдет-ғұрыпты сақтаушылық болған.

Мысалы: *Құдайберген, Тәңірберген, Алдамжар, Аллаберген, Таңшолтан, Күнімай, Айтуған, Аймереке, Қамарсұлу* т.б. кісі есімдері осындай жағдайдан келіп шыққан.

Бұл туралы Ш. Уәлиханов былай деген: «Ырым мен әдет-ғұрып салт-санаға тән». Мәселен, ұлы жоқ ата-аналар қыз балаларға *Ұлтуған, Ұлбала, Ұлжан, Ұлтуар, Ұлболсын, Ұлдархан, Ұлданай, Ұлжалғас, Ұлмекен* деген есімдерді қоюы ұлды қастер-

леу, жоғары бағалаудан, қыздың артынан ұл ерсін деп ырымдау негізінде шықса керек [5;163].

Бес халықтың да: Орта және Орталық Азия (ұйғырлар, қазақтар, қырғыздар, өзбектер, түрікмендер):

- *жан* компоненті ерлердің есімдерінде, ең көбі өзбектерде – 53 %, содан кейін ұйғырларда – 32 %, қазақтарда бары жоғы – 8 %, түрікмендерде – 2 %; қырғыздарда – 1 %.
- *дин* компоненті ұйғыр халқында басқа көрші түркі халықтарына қарағанда жиі кездеседі. Ұйғырларда – 11%, өзбектерде – 4 %, қырғыздарда – 1 %, қазақтар мен түрікмендерде – 0,5 %.
- *бек* компоненті қырғыздарда, қазақтарда және өзбектерде кездеседі.
- *ай* форманты ұйғырларда аз кездеседі.

буви қосымшасы ұйғырларда жиі кездеседі. [Назаров И. Имена уйгуров // <http://imja.name/imena/imena-ujgurov.shtml>].

Ортаазиялық топонимдік деректер: «Маңғыстау» атауының шығуы туралы

Маңғыстау – бұл тек қазақ халқына қатысты тарих беттері емес, өз кезеңінде ноғайлар түтін түтетіп аруақтарын жерлеген, түрікмендер Отан еткен, қалмақтар жерін жайлаған, Хиуа хандығы – «меншігім» деп көз тіккен бірнеше халықтың біте қайнасып өмір сүрген мекені. Бүгінгі күні бұл аймақ – республика үшін маңызды экономикалық шикізат орталығы болса, өткен дәуір өрлеуінде халықтар конфедерациясының ядросы ретінде тарихтан өз орнын алып, бірнеше дала халқына баспана болып, талай соғыстарды басынан өткерген ноғай-қалмақ-түрікмен-қазақ этномәдени бірлестігінің рухани бесігіне айналған өлке.

Ежелгі заманнан бері Каспий маңын, оның шаруашылығын, геологиясын, географиясын, тарихын зерттеушілердің қайсысы болмасын «Маңғыстау» сөзінің шығу тәркініне тоқтамай кетпейді, бірақ қазірге дейін түрліше талқыға түсіп, бірізділікке түскен емес.

Ең алғаш рет «Маңғыстау» сөзіне түсінік берген Махмұт Қашқари «Диуани лұғат ит-түрк « деген еңбегінде: Маңғыстау сөзінің «ман» бөлімі *өгіз* – түркімендер тілінде төрт жастағы

койдың аты, «Маңғыстау» – түркімен жеріндегі «Қой қыстау» деген географиялық атау деп анықтама берген.

Әулиеге деген сенім екі мың жыл бойына киелі Маңғыстауда үзіліссіз келеді. Әр топонимикалық тұлғада жүрегіне ыстық естілетін, мәңгілік жадында қалатын атамекен атаулары бар десек, артық айтпаған болар едік. Атамекен атаулары кіндік қаны тамған, балалық шағы өткен, еш уақытта ұмытылмас, қимас Отанының, ата жұртының символы іспетті екені баршамызға аян, сол себепті осындай киелі ұғым Маңғыстау топонимиялық әлем көрінісіне тән деп айтуымызға болады.

Осындай символдық атаулар мен тілдік деректер зерттеуші С. Қондыбай еңбектерінде айрықша көрініс тапқан.

Марқұм Серікбол өзінің қысқа ғұмырында төсекте таңылып жатып, тарих, фольклор, география, этнография, лингвистика, әдеби материалдарды мифологиялық реконструкция тоғысында ұштастырып, 80-нен аса ғылыми мақала жазып, соны қадам, үлкен белеске көтерілді. Оның «Маңғыстау географиясы», «Қазақ мифологиясына кіріспе», «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары», «Қазақ даласы және герман тәңірлері», «Есен-қазақ», «Гиперборея: түс көрген заман шежіресі», «Казахская мифология», «Эстетика ландшафтов Мангистау», «Маңғыстау-нама» және төрт кітаптан тұратын «Арғықазақ мифологиясы» атты кешенді, іргелі зерттеуі қазақ қоғамтану ғылымында жоғары бағаға ие болды, «Еуразияның ұлы даласында дәурен сүрген салтанатты көшпелілер өркениетінің тарихы мен мәдениетін, түркі тектес халықтардың адамзат тарихындағы өзіндік орнын жаңаша парықтаған бұл еңбектер байсалды ой-тұжырымдарымен жұртшылық назарын аударып берді» деп пікір жазды көрнекті қазақ ғалымдары Қ. Салғараұлы мен А. Сейдімбек.

«Ғасыр феномені» аталған Серікбол Қондыбайдың ғұмыры қамшының сабындай қысқа болғанмен, жасындай жарқ етіп, әдебиет, тіл, тарих, этнография, археология, география, химия, астрономия, философия, мәдениеттану т.б. ғылымдарды тоғыстырып, елді елең еткізер жаңалық ашты, ғылымның жаңа көкжиегінен көрінді.

Маңғыстау халқының әлеуметтік-саяси және экономикалық-мәдени даму тарихы қазақ тарихының құрамдас бір бөлшегі ретінде бірнеше ғасырға созылған күрделі де қиын жолдан өтті. Тарихта тоғыз жолдың торабында орналасып, «жеті жұрт келіп,

жеті жұрт кеткен» киелі мекен – көшпенді өркениет әлемінде тек қазақ халқының ғана қоныстанған жері емес, өз дәуірінде оғыздан бастап ноғай, қалмақ, түркімен халықтарының интеграциялық орталығына айналған мекен.

С. Қондыбайдың айтуынша, бір жағынан, бұл – тарихы тым қарапайым, «дерегі жоқ» делінетін өлке, сондықтан осындай ізденістер жүргізуге қажетті сынақ алаңы бола алады, екінші жағынан, Маңғыстау – ізденістер жүргізуге қажетті фольклорлық базасы сақталған өлке, ал фольклорлық материалдар біздің жағдайымызда ең басты мифологиялық қайнар көз болып табылады.

Белгілі бір аймақтың топонимиконын тарих қалыптастырады, сөйтіп, дәуір топонимдері сақталады. Тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын ономастикалық бірліктерде ұлтымыздың мәдени кодтары жатыр. Жалқы есімдердің семантикасында ұлттық құндылықтарымыз бар, нақтырақ айтқанда, басқа заттарға ұқсатып, салыстыра атайтын бейнелік топонимдер бар, оларды ғалымдар В.Г. Костомаров пен Е.М. Веращегин «тарихи-элеуметтік тұрғыдан коннотациялы» дей келе, *Хиросима – жай ғана жапон қаласы емес, ядролық жарылыс құрбаны, Киев – орыс қалаларының анасы*, яғни символдық мәнге ие екендігін айтады.

Осы тұрғыдан келгенде, Маңғыстау – «жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен жер», «Маңғыстаудың қара ойы, 362 әулиенің бар ойы» деп ғасырлар бойы аталуы жайдан-жай емес деп ойлаймыз.

Үстірттің қыры мен Маңғыстаудың қара ойын жалғастырып жатқан он төрт құлама жалдың негізгісі «Маната» деп аталады.

Осы құлама жолдың екінші аты – «Қаратүйе-Маната». Манатаға ұқсас Манатау деген топонимді алсақ, «Манатау» – Құрманғазының осы жерге келгенде шығарған күйі және «Манатау» – Кіші жүздік жетірудағы Жағалбайлы руының ұраны. Соңғысының маңғыстаулық Манатаға қатысының бар жоқтығы белгісіз, дегенмен оны да есім сырын ашуға пайдаланып көруге болады. Ал осы Ман-Ата аймақ үшін қандай маңызға ие? Ең әуелі – оның есімінің, яғни «Ман» сөзінің бүтін жартыарал мен облыс, тарихи аймақ – Маңғыстаудың өз есімімен ұқсас болуы.

«Маңғыстау» сөзінің мәні мен тарихы жайлы түркімен ғалымы Гурман Алманиязов: «Маңғыстау» көптеген авторлардың топшылағанындай түрін өзгерткен «Мың қышлақ» емес, ешқандай өзгерісі жоқ түркімендердің әдеттегі қолданып жүрген, сөйлеп жүрген *ман* «үлкен, кең, ұлан» деген төркінін сақтаған.

Сонда бұл жарты арал түркімен халқының байтақ, мол және «кишлақ» деген сөздері әуелде шыққан «кең қыстау», «ұлан байтақ қыстау» деген шаруашылық өмірінен алынған географиялық атау деген пікірі М.С. Буйнаковский көзқарасымен ұштасып жатыр.

Академик М.С. Буйнаковский «Маңғыстау және Үстірттің физикалық географиясы» деген кітапшасында: *«А.Б. Борнеман и М.Д. Спиридинов пишут: Правильно называть этот полуостров не Мангишлак а Маңгыстау, как его и называет все местные казахское население, что означает 1000 кстау – зимовок или вечная кстау».*

Қазіргі Маңғыстау жерінде «ман» деген түбірдің ертеден қалыптасқан сөз екенін «Маната» (үлкен), Отман (биіктен от жағып, қарауыл қарайтын тау басы), «Маңсуалмас» (мол сулы құдық) деген жер атаулары дәлелдейді.

Маңғыстаудың ең биік шоқысы Отпан тау болып есептеледі. Жаугершілік заманда ел іргесіне жау тигенде адайлар Отпан тау басына от жағып белгі берген. Оны көрген батырлар келісімді жерге жиылып, бас біріктіріп, жауға соққы берген. Сондықтан Отпан тау ел бірлігінің символы болып келді.

Зерттеуші Б. Көшімова пан/ман – үндіевропалық тау деген сөз, мағынасы «от тауы» дегенді білдіретінін айтады [4, 186].

X ғасырдағы белгілі араб географы Әл-Истахри Сиях-Кух Маңғыстау туралы: «Мен бұл аймақта Сиях-Кухтан басқа адам мекендейтін жерді білмеймін. Тек сол өңірде ғана түркілердің бір тайпасы тұрады, олар бұл жерге оғыздармен болған қақтығыстардан кейін қоныс аударып әдеттерін игеріп, тұрақтап қалды» деп жазған.

Ибн Наджиф Бекран: «Маңғышлақ – түркілердің бір тайпасы, олар осы жерге оғыздармен болған татуластық салдарынан қоныс аударып бес күндік жаяу жерге Сиях-Кухтан қоныс тапты. Оларды маңғышлақтың адамдары деп атайды, олардың өз билеушісі бар, оны хан деп атайды» деп жазыпты.

Араб-мұсылман дәуірінің авторларына тән олқылық – олардың бір аймақ туралы уақыт өзгеруіне қарамастан бірінікін бірі пайдалана беру үрдісі болғаны, Бекран Әл-Истахрид те алдыңғы ойды көшіре отырып, оған толықтыру енгізген.

Бұл толықтыру – Маңғыстау түбегін және оған жапсарлас аймақтарды оғыздарға дейінгі мекендеген белгісіз тайпаның *маңғышлақ* деп аталуы.

С. Қондыбай *осы IX–X ғ. Маңғышлақ тайпасының аты мен бүгінгі әулие Ман-атаның арасында тікелей байланыс бар* деп есептейді. Өйткені көшпелі топонимика дәстүріндегі ат қою тәсілі бойынша белгілі бір сөздердің артына «қышлақ» деген анықтама жалғану үшін әлгі сөз:

- 1) нақты тарихи тұлғаның аты (ру басы, әулие, хан);
- 2) ру аты, яғни этноним;
- 3) белгілі бір шежірелік, мифтік есім (ру атасы) болуы қажет.

Осы шартқа сүйенсек, Ман-ата – белгісіз тарихи тұлға (хан, батыр, ру көсемі, би, абыз), аңыздық тұлға (мифтік шежірелік аталардың бірі) немесе нақты ру тайпалардың есімі болып шығар еді. Осы ықтималдықты С. Қондыбай «оғыздарға дейінгі әуелі Үстірт пен Сам өңірін, кейін Маңғыстауды мекендеген халықтың аты «ман» болғандықтан, олардың аударылып, оғыздар жалпылама түрде «манның қышлақтары» деп атап, кейін бүкіл аймақтың атауына айналдырып жіберген» деп түйіндейді.

Ман ата IX–X ғ. үстірттік және маңғыстаулық **ман** жұртының өкілі болып табылады. Ол – сол жұрттың реалды тарихи тұлғасының есімі ме, әлде мифтік түсініктеріндегі тұлға ма – оны дәл айту мүмкін емес. Тұлғаның мифтік генезисі тұрғысынан қарағанда, маңғыстаулық Ман-ата үндіарий мифологиясындағы бірінші адам – Ману деген бейнемен бір текті болуы әбден мүмкін деп жорамалдайды зерттеуші С. Қондыбай.

Маңғыстау топонимиясын зерттеп жүрген ғалым Б. Көшімова *ман* топоформанты *тау* және *өзен* деген мағынаны беретін үндіевропалық сөз деп есептейді, сөйтіп, Маңғыстау атауы *тау қыстауы* немесе «таулы қыстау» деген мағына береді деп топшылайды [4, 59].

«Ман» сөзінің адам мағынасында түркі есімдерінде (*Отман, Ақман, Қараман, Айтман, Алып-Манас, Алпамыс, Манашы*), қа-

зақ тілінде (*көрер+мен, майтал+ман, орал+ман, шабар+ман*) қолданылуына қарап осы тұжырымды негіз етіп алған. Бастысы – Ман-ата Маңғыстаудың Жер-су иесі іспетті символдық координаттары болып табылады.

Біріншісі С. Қондыбай Есен-ата – Асан қайғы, Орманбет, «ман»-дар (Манашы, Маната, Отман, Қараман, Ақман т.б.) сияқты образдардың түп-қайнары осы мәдениетте жатыр, яғни «Вара» танымдық жүйесінің түсініктері деп санайды [Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004].

Екіншісі – сопылық (суфистік) мәдениеттің далалық исламдық қағидаларға сәтті бейімдей алуы.

Ежелгі Маңғыстау – үстірттік және жан-жақтан қашып келген жеке адамдар мен ру-тайпалардың діни түсініктері, халифтері мен эпостары тек осы сопылық ислам уағызшыларының арқасында бірыңғайланып, ортақ түсініктер мен образдарға айналды.

Ежелгі әртүрлі сипатты мифтік образдар енді бірыңғай, стандарт бейнелі «сопы жағдайына» айналып шыға келді. Баба түкті Шашты атаның да, Шопан-ата мен Шақпақ-атаның, Масат ата, Түкті ата мен Қалипаның, Қапам мен Қараман атаның, Есен атаның және басқалардың қай-қайсысының образдары ежелгі алуан түрлі мифтік сипат алғандығын айтуға болады.

Тарихшы ғалым Э.А. Абланова «Орта ғасырлық тарихта, яғни оғыздар заманында түбекте қыстауға тек 3 жастағы еркек қойды ғана қалдырғанын, «Маң» түбірі нақты 3 жастағы малдың аты екені, осыдан келіп «Маң» түбіріне «ғышлақ» сөзінің жалғанғандығы, ал екінші болжамда оғыздар жер атын өздеріне дейінгі көшпенділерден мирасқа алып қалғанын, яғни «Маң» халық, ел, адам, «ғышлақ», «қыстау» мекен, иелік деген түсінік, осы жерден келіп, «Маңғыстау» адам, ру, ел, халық мекені, иелігі деген жер аты шыққан» деп жорамалдайды.

Зерттеушілер пікірін саралай келе, мынадай көзқарастарды жинақтаймыз: бірінші «Маң» атауын «мың» сан есімімен байланыстырушылар (Г. Вамбери, М. Мендикулов, О. Туманович), екінші көзқарас жер атауын көне түркі тіліндегі «Маң» түсінігі «қой» малы деген түсінікпен байланыстырушылар (М. Қашқари, Ғ. Мұсабаев, М. Әбдіқалықов), үшінші «Маң» түбірі «үлкен, кең, ел қыстағы» деген көзқарас (С. Шалабаев, Е. Өмірбаев,

Қ. Сыдиқов, Г. Аманиязов, М. Тұрсынова, Ү. Қыдыралин), төртінші «маң», «маңғыш» қорқынышты айдаһар, яғни мифтік-аңызбен байланыстыра суреттейтін Е. Қойшыбаев, С. Қондыбай тұжырымдамалары.

Міне, киелі өңірдің топонимиялық тізімінде осындай атаулар жинақталған. Әйгілі шығыс зерттеушісі, академик-ғалым В.В. Бартольд «түркі тілдес халықтар арасында топоним атаулары өзінің қарапайымдылығымен, әрі тарихи деректілігімен, жерінің қасиетіне сәйкес аттарын дәл тауып қоятын тапқырлығына таң қалдырып отырады» деген пікірімен мақаламызды қорытындылаймыз.

Түрікмен ономастикасы

Түрікмендер – араб әдебиетінде Х ғасырда тұңғыш рет пайда болды, бірақ оның семантикалық мағынасы туралы тек қана гипотеза түрінде айтылып келді. Атап айтқанда, ортағасырлық авторлар болжамына сай, оны «түрік», «түрікке ұқсас», «мен түрікпін» немесе «түрікмен» деп аударуға болады.

Келесі ғасырларда бұл болжам расталған жоқ, бірақ жоққа да шығарылған жоқ.

Түрікмен антропонимдерін зерттеушілер 7000 есімді зерттеп, талдау жасаған.

Синкретизм – бір жүйеде әртүрлі элементтердің араласуы. Бұл жағдайда біз түрікмендердің жеке атауларының тілдік синкретизмі, олардың көптілділік туындысы туралы айтып отырмыз. Бұл құбылыс, басқа да көптеген сияқты, Түрікменстан аумағында орын алған этникалық және тарихи процестердің алуандығы мен күрделілігіне байланысты.

Көптеген ғасырлар бойы жергілікті иран тілінде сөйлейтін халық осы топқа немесе түркітілдес тайпаларға келді. Бірақ иран тілдес көршілер – парсы, күрдтер, кейінірек – белудж, жамшидтермен байланысы әлсіремеді.

Сондықтан Иран эпосы қаһармандарының бірі Рустем (ескі ирандық Мертад), Дидар – *жүздесу*, Шир – *арыстан*, Азат – *еркін*, Ширин – *тәтті*, Тезегул – *жаңа гүл*, Гүлжан – *жан розасы*, Миве – *миуа*, Нязик – *нәзік* және басқалар түркімендік атаулардың арасында ирандық атаулар мен сөздер кездеседі.

Ерекшелігі деп мынаны айтуға болады, ер адам есімдері гүл компонентімен жасалған, мысалы: Огулгүл, Огулбегүл, Огулджан, Огулшат.

Түрікменстанда «қасиетті» деп саналатын алты әлеуметтік-діни топ бар: хожа, ших, сейит, махтум, ата, мужевур. Бұл сондай-ақ антропонимияда көрініс тапқан: Ходжа, Ходжак, Ходжаберди, Ходжагули, Шихберди Магтым, Мақтумгулы, Сейит, Атагелды, Атадурди және басқа да көптеген адамдар. Мұндай атауларды кез келген халықтан табуға болады: мысалы, түрікмен *Құдайберген, Худайдад, Алладад*, мысалы славяндарда – *Богдан, Теодор, Федор, Теодоро, Тудор, Тейво* есімдер «құдай берді» деген семантикалық мәнге ие.

Бақылау сұрақтары:

Есім, фамилия, әкесінің аты арасында функционалды айырмашылықтары бар ма?

Оқуға ұсынылған әдебиеттер:

1. Идрисов А. Кыргыз тилиндеги ысымдар. – Фрунзе, 1971.
2. Мұхаммедова З.Б. Исследование по истории туркменского языка XI–XIV вв. – Ашхабад, 1973. – С. 45
3. Бегметов Э. Антропонимика узбекского языка. – Ташкент, 1965. – С. 18.
4. Назаров И. Имена уйгуров // <http://imja.name/imena/imena-ujgurov.shtml>

7-дәріс.

Анадолы, Балқан, Қырымдағы түркітілдес халықтардың ономастикасы

Балқан түбегі – Оңтүстік Еуропадағы түбек, құрлықтағы шекарасы Дунай, Сава өзендері арқылы Триест шығанағына дейін созылады, Кіші Азиядан Мәрмәр түбегі, Босфор, Дарданелл бұғаздары арқылы бөлінген.

Түркия – дербес, тәуелсіз ел: Түркия Республикасы мен Солтүстік Кипр Түрік Республикасының тұрғылықты халқынан тұрады. Тарихта Селжұқтар деп аталған алғашқы Түрік мемлекеті Кіші Азияда XII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың бас кезінде құрылып, соның негізінде XIV–XVI ғасырдағы жауынгерлік жаулап алушылық соғыстарының нәтижесінде ұлан-ғайыр жерді иемденген Осман империясы дүниеге келеді.

«Оғыз» сөзінің өзі де – сонау IX–X ғасырларда Арал теңізі төңірегіндегі бір одаққа кірген ру-тайпалардың жиынтық аты. Олардың ішінде Орталық Азияның шығысынан келгендер де, жергілікті тұрғындар да болған. Қарым-қатынас жағынан да бір тілде сөйлей қоймағаны түсінікті.

Оғыз тілі арқылы болашақ түрік, түрікмен, әзірбайжан, гагауыз тілдерінің негізі қаланып, сол ұлттық тілдердің қалыптасу үдерісі XI ғасырда бастала бастаған [Короглы Х. Огузский героический эпос, 1976. – С. 10.].

Түрік антропонимиясын зерттеген М. Бигельдиева өзіне дейінгі антропонимист Л. Рашони, А. Ерол, С. Сақаұлы, М. Әлмез, Н. Емеджан, Е. Боз сынды ғалымдардың көптеген зерттеу еңбектерін жазғандығын атайды. Аталған еңбектерде жалпы ономастиканың негізгі мәселелері, оның ішінде антропонимия туралы жазылған.

Оғыз халқының аңызға айналған есімдері:

- Афрасиаб, Оғыз қаған, Таргитай, Алп Тоңға – оғыз халқының аты аңызға айналған хандары.
- Ишпакай – скифтердің (ішкүздардың) әйгілі ханы – б.з.б. VII ғасырда Ассирияға шабуыл жасаған ежелгі дүниенің іргесінен өз патшалығын құрған. Бұл патшаның оғызша атын «Бақай» десе де болады («Іш» сөзі өзі де басшы дегенді білдіреді, ішкүздар – «патша скифтері» деп аударылған).
- Томирис – скифтердің аңызға айналған (массагет тайпасы) әйел ханшайымс б.з.б. VI ғасырда Ахеменид империясының негізін салушы парсы Кир II патшаның солтүстікке жорығын тоқтатқан. Кейде «Тұмар қыз» деген балама есімі бар. Бұл патшайымның Оғызша аты Тамыр / Томир, грекше Томирис. Еуропа елдеріне бұл есім кейін (Грузин дастанына байланысты) Тамара патшайым ретінде жетті.
- Шырақ – сақ тайпасының жауынгері V ғасырда парсы патшасы Дарийдің қоластындағы көшпенді тайпалардың азаттығы үшін күресуші сақ жауынгері. Жолбастаушы болған ол Дарий патшаның әскерлерін қалың құмның арасына бұрып алып кетіп қырғынға ұшыратқан.

- Спитомен – скиф (массагет) тайпаларының көсемі б.з.б. IV ғасырда Александр Македонскийдің Орталық Азияға жорығына қарсы күрескен жоғарыдағы дастанында аталғандай «мен» қосымшасын алып тастағанда Ыспатай түрінде дыбысталып тұр.
- Көроғлы – оғыз жұртының аңыз бен жырға айналған батыры, есімі Еуропаға Геракл болып жетті. «Гера» және «гора» және «көр», «кор» сөздері «жер» дегенді білдіреді.
- Қорқыт – оғыздардың ұлы ойшылы, киелі өнер иесі. Бұл атаудағы «Кор» сөзі де жоғарыдағыдай «Қорқұт» түрінде дыбысталады
- Тоғрұлбек (1038–63) – Селжұқ империясының негізін қалаушы, сұлтан.
- Ертоғұрұл (1288–1326) – Осман империясының негізін қалаушы сұлтан.

Атақты билеуші Түркістан шаһарында Ахмет Йасауи зираты жатқан жерде кесене орнаттырғаны мәлім. Ұлы істерден ұлы дәстүр қалады деген рас. Түркістан қаласы, Әзірет Сұлтан мавзолейі бір қазақтың ғана емес, күллі түрік дүниесі жұртшылығы өз тұтып, қадірлейтін, зиярат ететін орнына айналған. Қазіргі кезде мұнда халықаралық Қазақ-түрік университетінің ашылғаны елімізге ежелгі даңқ, берекенің қайта оралғанының рәмізіндей (символындай).

Әйел есімдерінің тілдік құрамын салыстырар болсақ, 19 % – парсы негізді есімдер, 20 % – араб негізді, 1 % – латын, моңғол, француз, грек, күрд, итальян және тағы да басқа тілдерінен енген болса, қалған 60 % түркі негізді есімдер болып табылады.

Қазақ антропонимиясындағы әйел есімдерінің 8 % парсы, 18 % жуығы араб тілінен енген, 72 % түркі негізді сөздерден жасалған есімдер мен 2 % орыс, латын, моңғол, француз, грек, тәжік, хинди, көне еврей тілдерінен енген есімдер құрайды.

Түрік тектері 1934 жылы Тек Заңы қабылданғалы бері күрделі өзгеріске ұшырамады. Түрік халқында Тек Заңы қабылданғанға дейін ер, қыз балаға да лақап ат қолданылған болса, қазақ халқында о бастан әке атын, ру атын қолдану бар болған. Орыс үлгісіндегі тек жүйесі еңбестен бұрын қазақ халқы екілік жүйені қолданған.

Түріктердің аты-жөні есімі мен тегінен тұрады. Қазіргі қолданылып жүрген фамилия XX ғ. басынан ғана қолданылып келеді. Түрік халқының Тек Заңы 1934 ж. 21 маусымда қабылданды. Осы заңға сәйкес азаматтардың көбісі өз әке не атасының атын тек ретінде алудың орнына лақап атын алған. Мұндай құбылысты қазіргі тектерден көруге болады.

Мұстафа Кемал Ататүрік – 623 жыл өмір сүрген әйгілі Осман империясы бөлшектеніп, ыдырап, құлаған шақта тарих сахнасына келген кемеңгер, дана, ойшыл, мемлекет қайраткері.

Мысалы: *Terzioğlu, Yoğurtçuoğlu, Bekçioğlu, Avcioğlu, Demircioğlu, Nalbantoğlu* және т.б. осылайша қазіргі тектердің көбінің өз ата-бабасының атымен еш қатысы жоқ.

Қазақ тіліндегі тектер жалқы есімдерден жасалатын болса, түрік тіліндегі тектер жалпы есім сөздерден жасалған және түрік тіліндегі тектер ұрпақтан-ұрпаққа беріліп жалғасын тауып отырғанымен, атаның аты немереге тек ретінде берілмейді. Байырғы тек өзгерместен өз қалпында қалып отырады.

Түрік тілінде музыкалық терминдермен байланысты және музыкаға қатысты сөздерден жасалған антропонимдер мен табиғат құбылыстарына байланысты антропонимдер көп болса, тілімізде мұндай антропонимдер жоқ. Түрік тілінде тағам атауларымен қатысты антропонимдер жоқ. Жалпы жеміс-жидек атауларынан туындаған түрік әйел есімдерінің қазақ әйел есімдерімен салыстырғанда әлдеқайда аздығы түрік халқының есім беруіндегі тағы бір өзіндік ерекшелігі деп санауға болады.

Қазіргі түрік әдеби тілінің негізі болған Анкара говоры мен Кипр диалектісі де Шығыс Анатолия тобына кіреді. Болгария, Румыния, Югославияның Македония өлкесін мекен ететін түріктер тілін ерекшелеп, ғылым дүниесінде шартты түрде балқан түріктерінің тілі деп атау бар. Олардың жалпы саны – 2,6 миллион адам.

Сондай-ақ түрік тілдес қауымдастыққа айналған 30 мыңдай қырым татары мен 5 мыңдай гагауз да осы тілде сөйлейді. Бұл аталған түріктердің тілі ұзақ уақыт өздерінің атамекенінің негізгі бөлігінен ажырап қалғандықтан, бір жағынан, көршілес славян тілдерінің (әсіресе болгар, Македония тілдерінің) әсерінен елеулі өзгеріске ұшыраса, екінші жағынан, жоғарыда атал-

ған туыстас үш тіл өзара жақындаса түсіп, бір-біріне өте ұқсаста болып кеткен (Түркі тілдері. – Астана, 2015).

Бүкіл түрік елдерінен шыққан санаулы санаткерлерінің бірі Исмаил Гаспринскийдің (Гаспралы) еңбегін ерекше бөліп көрсетуге болады. Отаршылдықтың зұлматына душар болған түрік халықтарының ортақ мұңын сөйлеген Исмаил Гаспринский (1851–1914) шығармалары ұлттық сананың оянуына күшті ықпал жасады.

Қырым-татар есімдері.

Қырым-татар аттарының дерлігі араб сөздерінен алынған. Араб тілі – Қасиетті Құран тілі. Исламды қабылдағаннан кейін араб тілінің көптеген мәдени ықпалы болды.

Қырым татарлары ауызекі тілінде мынандай ереже сақталған, дауысты дыбыс түсіп айтылады:

- *Адиле* → *Адле*,
- *Эмине* → *Эмне*
- *Алиме* → *Альме*
- *Велиша* → *Вельша*
- *Яхья* → *Яя*
- *Сетмер* → *Ситмер*
- *Абдурахим* → *Абдреим*
- *Абдурахман* → *Абдраман*
- *Абдулазиз* → *Аблязиз*
- *Абляз* → *Абляс*
- *Сеид* → *Сеит*

[http:// kirimtatar.com](http://kirimtatar.com)

Түрік халықтарының бір бұтағы – қырым татарларымен арамыздағы мәдени ортақтық, дәстүр жақындығы мәселесін алып қарасақ та, көпшілік біле бермейтін көп қызғылықты мысалдарды ұшыратамыз.

Жалпы алғанда, біз қонысы шалғай, шекарасы жырақ Қырым елімен ежелгі қарым-қатынасымыз мол болғанын тым бұлдыр білеміз. Ауыз әдебиеті шығармаларында кездесетін «Ұлы Ұрымға, қызы Қырымға кетті» секілді тіркестерден ғана алыс замандардағы байланыстардың сілемі елестегендей болатын.

Қарайымдар-қарайлар – қазір Литвада, Қырымда, Польшада, Украинада, Мәскеуде, Санкт-Петербургта өмір сүреді. Қазір ТМД елдеріндегі қарайымдардың жалпы саны – 3 341, алыс шетелдерде – 2 803 адам.

Бүгінгі күні әдеби тілі жойылған. Қырым, Галис және Тракай диалектісі бар, орыс тілі кең қолданылады. Ұрпақтары Хазар қағанаты құрамындағы Қырым тұрғындарының түрік тіл-десіне жатады [Түркі тілдері, 2015].

Қырымның барлық әйел есімдерін 3 топқа бөлуге болады:

1. Иврит, Киелі жазбалардан алынған (TaNaNa).

– Берух – иврит. הכורב *бақытты*

– Милка – еврей. הכלם («queen»). Патриарх Абрахам Нахордың бауырының әйелі. Milke ретінде айтылады.

– Мириам – еврей. מירם («Mistress», «achter»). Мұса пайғамбардың мейірімі.

– Рейчел – еврей. לחר («кой»). Патриарх Жақыптың әйелі.

– Ребека – еврей. הקבר Патриарх Ысқақтың әйелі. Ребка ретінде айтылады.

– Сара – еврей. הרש («Mistress, Mistress»). Патриарх Ыбырайымның әйелі.

– Хан – иврит. הנח («сүйкімді»). Самуил пайғамбардың анасы. Орыс пішіні – Анна.

– Эстер – еврей. אסתר (Астарт атынан – «жұлдыз»). Мордоханың асырап алған қызы. Ол Stira ретінде айтылады. Орыс пішіні – Эстер.

2. Бұл топқа араб және парсы тілдері арқылы енген есімдерді атауға болады:

– Аджика – Хаджика – «Хаджидің әйелі»

– Айтолу – «сұлулық» мағынасында «толық ай»

– Ақбике – «ақ немесе таза ханшайым»

– Алтын – «алтын»

– Арзу – парсы тілінен шыққан сөз «қалауы» деген мағынасы бар

– Бибуш – «кішкентай ханшайым»

3. Грекше. Қырымға Стамбулдан бірнеше адам көшіп келген.

Фирсин – Эвросиния /Эфросини деген грек есімінің фонетикалық өзгеріске түскен түрі. Фумла Фома деген ер адам атының нұсқасы.

Бакылау сұрақтары:

Ономастиканың ғылым ретінде даму тарихы мен кезеңдері қандай?

Ономастиканы жеке ғылым деп айта аламыз ба? Дәлелдеңіз.

Түрік ономастикасы қалай дамыды?

Оқуға ұсынылған әдебиеттер:

1. Гордлевский В.А. К личной ономастики у османцев. Изб. соч. – М., 1968. – Т. 4.
2. Мусукаев Б.Х. Балкарская ономастика в парадигме современной лингвистики. – Нальчик, 2007.
3. Короглы Х. Огузский героический эпос. – М.: Наука, 1976.

2-тарау

ОНОМАСТИКАЛЫҚ РАЗРЯДТАР: ОНИМ ТҮРЛЕРІ

8-дәріс.

Түркі этнонимикасы:

этнонимдердің шығуы, тілдік табиғаты

Этнонимика (грек. *ethnos* – халық, тайпа, *онума* – ат, есім) – ономастиканың этнонимдердің шығуы мен таралуын, қолданылуын және құрылымын зерттейтін саласы. Этнонимдер – тарихи лексиканың ерекше түрі, құрылым бірлестіктердің (ұлттар мен халықтардың, тайпалар мен тайпалық одақтардың, рулардың) аттары. Этнонимдер құрылымы мен жүйесіне қарай макроэтноним және микроэтноним болып екіге бөлінеді.

Макроэтнонимдер – ірі этностар мен этникалық одақтарды (орыстар, арабтар, қытайлар, үндістер, т.б.), микроэтнонимдер – кішігірім рулар мен тайпа, ата атауларды (пешенегтер, балталы, бағаналы, ашамайлы, тама, баба, жәнібек, таз, т.б.) зерттейді. Этнографтар мен тарихшылар этнонимдердің шығуын, пайда болуын, тарихи кезеңдері мен таралу шегін зерттесе, тіл мамандары олардың тілдік табиғатын, этимологиясын зерттейді.

Этнонимдер зерттеушілерге этно- және глутогенезді қалпына келтіру құралы ретінде ғана емес, белгілі бір тілдің сөздік бөлігі ретінде де қызығушылық тудырады. Этнонимдер ХХ ғасырда қалыптасқан этнолингвистиканың зерттеу объектілерінің бірі болып табылады, оның басты мақсаты – халықтың менталитетін тіл мен мәтіндер арқылы сипаттау [Никитин, 1991. – С. 117].

Түркі сөздерінің көбіне ортақ термин шежіре орыс тілінде родословная, ал ата-баба – предки деп аударылып келеді.

Ғалым С. Нұрханов сол родословная терминін рунама, ал этногенез терминін *ата-тек* [Нұрханов С. Этнография мен этнолингвистиканың өзекті мәселесі] деп қолданып жүр.

Этнографиялық әдебиеттерде, соңғы кездерде, ру, тайпа, халық, ұлттардың жиынтық атауы ретінде этнос деген терминді көбірек қолданып жүр.

Этногенез мәселесінің тереңірек зерттеле беруіне байланысты жаңа терминдер туа бермек.

Бұрыннан келе жатқан Үйсінтау, Арғанаты, Меркі, Қыпшақ, Керей, Қоңырат сияқты жер-су аттары этнотопоним деп аталады.

Этнонимдердің арасында политоним, соционим, экзоэтнонимдер болып бөлінеді.

Сувар – этноним.

Бұлғарлар – политоним (мемлекеттің атымен аталатын атауды политоним дейміз)

Экзоним жергілікті тұрғындар немесе адамдар, соның ішінде ресми деңгейде қолданылмайтын, бірақ олармен сыртқы қауымдастықтармен қолданылатын топоним немесе этнонима болып табылады.

Чуваштар – соционим және экзоэтноним болып саналады.

Шауаш / Чуваш атауы **Сувар** деген сөзден шыққан. Шауаш тілінің ең басты ерекшелігі сол – басқа түркі тілдеріндегі сөз соңындағы **з, ж, ш, с** дыбыстары **р** дыбысына айналады. Мысалы, оғұз – оғұр, гуз – гур, сондықтан «шауаш» (чуваш) деген сөзді сауар (сувар) деп оқуға болады. Ал Сувар тайпасы – сол замандағы ғұндардың ең іргелі тайпаларының бірі. «Шұбар» деп аталатын ру-тайпалар қазақ руларының құрамында баршылық.

Тарихшылар «Субар» (Чуваш) сөзін көне түркілердің Суб-Йер / Су-Жер деген сөзімен байланыстырады.

Түркі атауы алғаш рет Орхон-Енисей, ежелгі ұйғыр, манихей т.б. жазба ескерткіштерінен белгілі. XIX ғасырдың 2-жартысынан кейінгі ғылыми әдебиеттерде «түрік» сөзі кең мағынада, Түрік (Осман) империясында жасаушыларға да, жалпы түркі халықтарына да қатысты айтылып келді. Сонымен қатар түркі тілінің жалпы атауы «түркі-татар», «түрік-татар» тілдері деп бөлінді. Атаудың ғылыми-шығыстану әдебиетінде жүйеге келтіріліп, барлық түркі халықтарының тілдерін «түркі тілдері» деп, осман түріктерінің тілін ғана «түрік тілі» деп атауы соңғы 30-40 жылдың ішінде ғана жүзеге асырылды (Ә. Қайдар. Ғылымдағы ғұмыр, 2004).

Ғалым Е. Қажыбек 2007 жылы халықаралық «Қазақ тілінің тарихы: алтай дәуірі – прототүрік кезеңі – көнетүрік ескерткіштері» атты ғылыми басқосуда түркі мен түрік атауына байланысты мынадай түсініктеме берді:

«Түрік термині бүгінгі қолданыстағы *türk ~ türik ~ türki ~ türki*// *тюрөк ~ туөк ~ туркú ~ тюркú* // *түрік ~ түркі ~ түрк* // *turkish ~ turkic ~ türke ~ türkisch ~ turc* т.б. атауларымыз, таза ғылыми тұрғыдан алғанда, әбден шатасып кеткенге ұқсайды. Мажарстан, Қытай, Түркия, Қырғызстан, Ресей, Әзірбайжан ғалымдары қазақ қаламдастарының ұсынысын қолдап, бұдан былай «түрік» және «түркі» («турецкий» мен «тюркский») дегенді, енді бір-ақ ортақ «түрік» терминмен беруге уағдаласты».

«Халық» термині бұрын *ел, жұрт* деп аталса, «тайпалық одақ» – «одақ, қауым» деген терминдермен, ал «тайпа» арыс деген терминмен аталған.

Ал ру термині кейде *сүйек, тек* деп, *ата* термині *бұтақ, үрім бұтақ, ұрпақ, әулет* деген синонимдермен айтыла берген. Бұл синонимдер – халықтық атаулар ретінде сөйлеу тілде қолданыс тауып жүргенмен, ғылыми терминдер. Халық, тайпалық одақ, тайпа, ру деген терминдер бұл күнде әдеби тілде берік қалыптасып кетті.

Қазақ пен ноғайдың, қырғыз бен қарақалпақтың, башқұрттың ру-тайпаларының байланысы туралы Шоқан Уәлихановтың пікірі былайша берілген: «Өзбектерде маңғыттар (қарақалпақ) пен қырғыздар болғанын, ал қыпшақтардың өзбек, қазақ, қырғыз, ноғай, найман, керейттер арасында барын көрсеткен. Қыпшақтар өзбектер мен қырғыздар, ноғай, наймандар арасында бар» [Валиханов Ч.Ч. Собр. соч., 1961], – деп жазды.

Кейбір түркі халықтары өзінің атасын, шыққан тегін құстан таратады. Мәселен, қырғыздың Жағалмай руы – тотемдік атау, ұсақ жыртқыштар тұқымына жататын құс аты. Бұл қырғыздарда тек ру аты емес, ол қырғыздардың оң қанатын құрайтын үлкен ұлыс. Бұғы мен сары бағыш таңбасының да аты екен. Жағалбайлы руының да мағынасы осы құс атымен байланысты болуы ықтимал.

Кейбір түркі халықтарында бүркіт, қарға деген ру аттарының барын көреміз. Мәселен, шорларда қарға, якут пен туваларда хускун деген рулардың болғаны хақ. Осымен байланысты

болса керек, зерттеушілердің кейбірі керей / керейт тайпасын қарға сөзімен байланыстырғысы келеді. Бірақ та керей атауы «Керулен деген өзен жағасын мекендеушілер» деген мағынаны білдіретінін ескергеніміз жөн.

«Түрік» атауының өте көне кезеңдерден тамыр тартатынын айтып жүр. Оны алғаш рет Көктүріктер ресми түрде өз мемлекетінің аты етіп алған екен. Ал османлы (Анадолы) түріктері бұл этнонимді Кемал Мұстафа Ататүріктің 1923 жылғы төңкерісінен кейін ғана өздеріне төл атау ретінде заңды түрде бекіттіріп алған еді. Осының өзі-ақ бір кездері Саян-Алтай тауларының баурайынан шыққан осынау атаудың қалған барлық түркі халықтарына бірдей дәрежеде ортақ та тең ұғым екенін көрсетеді. Сонау өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарының басында қазақтың қаз тұрған Алаш Орда үкіметі гимнінің: «Арғы атам – Ер Түрік, Біз – Қазақ еліміз» деп басталуы да тектен-тек емес болатын.

Қазақ этнонимдерінің негізгі көзі – қазақ антропонимдері. Бұрын ру, тайпа аттарынан жер-су (өзен, тау, бұлақ) аттары қойылып келсе, қазір бұл кездеспейтін құбылыс. Этнонимдердің кісі есіміне негіз болу заңдылығы – түркі тілдерінде кездесетін құбылыс.

Мысалы Арғынбай, Адай, Найманбай (Әсет Найманбаев т.б.), Қоңыратбай (Ә.Қоңыратбаев т.б.), Алшынбай, Жаппас т.б.

Қазақ этнонимдері алғаш рет этнограф, тілші ғалымдар Ш. Уәлиханов, А. Левшин, Н. Аристов, В.В. Радлов, В.В. Бартольд, А. Бернштам, Ә. Марғұлан, С. Аманжолов, Ә. Қайдаров, С. Толыбеков, Т. Жанұзақов, Қ. Салғарин, А. Әбдірахманов т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қарастырылған. Соңғы жылдары қазақ этнонимдері – қазақ шежірелері жеке-жеке кітап болып жарық көруде.

М. Қашқаридың өзі «қаңлы» этнонимін былай түсіндіреді: «Қаңлы – қыпшақтардың үлкен бір адамының аты. Оның осы айтқанынан қаңлы қыпшақтардың бір үлкен тайпасы деп түсіну керек. Қаңлы сөзі М. Қашқаридың еңбегінде екі рет кездеседі. Екінші жерде автор «қаңлы ауыр жүк артылған екі доңғалақты арба» деп түсіндіреді.

Қаңлы жөніндегі тарихи дерек көрнекті түрколог А. Кононов зерттеген «Түрікмен шежіресі» аты нұсқасында да кездеседі. Мұнда оғыз қаған журжуттерге көрші тұрған татарларға

шабуыл жасайды және жеңіске жетеді. Мұнда да бір шебер кісі арба жасайды. Ол арба жүргенде, «қаңқ» деп дыбыс шығарады. Оған дейін арбаның өзі де, аты да болмаған еді. Сондықтан арбаны «қаңқ», ал оны жасаған адамды «қаңлы» деп атады. Барлық қаңлы деп аталатын ел осы кісіден тарайды, деп ескерткіште беріледі. [Кононов А.Н. Родословная туркмен. – М., 1958. – С. 84].

Қазақ мәтелінде сақталған «Кәделі елде қаңлы бар», «Қаңлыдан хан сайла» немесе «Қаңлы тұрғанда басқа хан болмайды» деген ежелден сақталып қалған қанатты сөздердің астарында да ежелгі мифтік-эпостық дәстүрден қалған реликт ұғым «қаңғ» > «қаңлы» деп аталған (оны «қаңлы» этнонимімен шатастырмаған жөн) «патшалық әулет атауы» жатыр. Оның ежелгілігі сондай, белгілі тарихи уақыттағы «қаңлы» атты ру ешқашан да билікке ие тұқым ретінде хұқығы болып көрмеген, сондықтан да әлгі сөйлемді тым ежелгі замандарға жіберуге болады.

Біз әңгімелеп отырған Шенгел әулиенің де, Саңғыл бидің де тұрпатының астарында «қаңлы» бейнесі жатыр деп тұспалдауға толық негіз бар.

Міне, шамамен, ең бері дегенде б.з.д. 1 мыңжылдықтың бірінші жартысы мен орта тұсындағы дей-түріктердің әртүрлі тайпалық бірлестіктерінің көсемдері, билеуші әулеттері өздерін әлдебір ежелгі «Ұлы Қаңғ» немес Қоңғ елінің немесе әулетінің, патшасының тікелей ұрпағы деп есептеген сыңайлы.

Б.з.д. IV–III ғасырларда пайда болған «қоңғ» (хунну), «қоңыр» (хуньюй), «қаңғар» (қангюй) мемлекеттерінің билеуші әулеті өздерін осындай «мифтік Қаңғ» сөзінен шығарған, өрбіткен деп шамалауға болады. Кейін, б.з. алғашқы ғасырларында-ақ «қаңғ» сөзі өзінің мифтік сипатынан айырылып, «билеуші көсем» дегенді білдіретін терминге – «хан» мен «қағанға» айналған. <http://daraboz.elarna.com>

Башқұрт халқының атауы да бөріге табынудан шыққан: башқыр / башқорт деген атау *бас бөрі, арлан бөрі, көкжал бөрі* деген ұғымды білдіреді.

«Татар» есімді этноним түрік және моңғол рулары арасында VI–IX ғасырлардан мәлім. Алтын Орда мемлекеттің орнатқан моңғолдар құрамында да түрік тілдес татарлар болғаны белгілі.

XII–XIV ғасырларда осы үлкен бірлестіктің қыпшақ тілді басым көпшілігінің ішінде де «татар» атауы ерекше орынды иеленді.

Алғашқыда бұл атау Алтын Орданың билеуші топтарына тән болып келеді де, хандықтар жойылғаннан кейін жалпы қарапайым бұқара да осылайша атала бастайды. Бұл терминнің орнығуына орыстардың Алтын Орда халқын татарлар деп атағаны да себепкер. Сонымен, бұл есім бірте-бірте тілдері, дәстүрі жақын көптеген түрік жұрттарына ортақ болып қалыптасады.

Қырғыздардың ата-бабасы Енисейдің жоғарғы бөлігі Оңтүстік Сібірді мекен еткен. Түркі тілдес тайпалардың дәуірлеп тұрған кезеңінде қырғыздар Алтай, Ертіс, Тува және шығыс Саян аумағын қамтыған қырғыз қағанатын құрды. Моңғол империясының қысымынан кейін Алтай қырғыздары Тянь-Шаньнан көшуге мәжбүр болды. Қырғыздардың әлемдік аренадағы ең басты бренді миллионнан астам жолдан тұратын «Манас» эпостық жыры әлемдегі ең ұзақ туынды ретінде Гиннес рекордтар кітабына енген. «Манас» қырғыз халқының мәдениетін, философиясын, дәстүрі мен тарихын, топонимикалық, этногенетикалық тарихи атауларды толық қамтуымен ерекше туынды болып саналады.

Халықтың атымен аталатын мемлекет «политоним» терминімен анықталады: моғолдар – Моғолстан мемлекетінің халқы, ноғайлар – Ноғай Ордасының халқы, яғни бұл этносаياسي ұғым. Тарихи-этнографиялық әдебиетте тарихи-этнографиялық өңірде құрылған мемлекеттің тұрғындарын этносаياسي қауымдастық деп атайды. <http://webcache.googleusercontent.com>

Р. Бердібайдың «Байқалдан Балқанға дейін» еңбегінде алтайлар құрамында қазақ, өзбек, ноғай, қарақалпақ, қырғыз халықтарында бүгінде ұшырасатын қыпшақ, найман, жетісары, далмат, көбек, жүз, меркіт, төлеңгіт, тассақал, мерет, ұранғай, ошы, тоңжан, төлеуіт, еркіт, күзен, қомдош, орғоншы, төлес, баят, алмат, тодош, кергіл, үйліп, чапты, сағал, ара сынды рулар бар екендігін жазады.

Қазақта мұндағы қыпшақ, найман, төлеңгіт, төлеуіт атауларының бар екендігі рас.

Сонымен қатар төлеуіт (телеуіт), төлес (теле, телес) этнонимдері біздегі Кіші жүз құрамындағы жетіру бірлестігінде «телеу» атауымен жүргендігі де белгілі. Бұған қоса Алтайдың Моңғолиямен шектесер жеріндегі Қосағаш ауылында қазақтардың

бір шоғыр боп Алтай жұртымен аралас-күралас тұратындығы мәлім. Сол қандастарымыздың салт-санасы, ата дәстүрі, өнер өрісі өзімізбен тамырлас.

Қарақалпақ халқының этникалық атауы «Қарақалпақ» атауы қара мен қалпақ сөздерінің бірігуінен туған. Рашид ад-Диннің дерегі бойынша, моңғол шапқыншылығы кезінде қарақалпақтар «*Kavm-i külah-i siyah*» (қара қалпақты халық) деген атаумен танылған. Ерте орта ғасырларда *қара бөрікті* (Karaborkli) тайпасы Арал теңізі маңында печенег (бажанак) деген атпен өмір сүрген. Ғылыми әдебиеттерде *қарабөрікті*, *қарақалпақ және қарақұлахан* деген этноним бір мағынада қолданылған [История Каракалпакской, 1986. – С. 50-91].

Ал орыс жылнамаларында *черные клобуки*, *чёрный колпак*, ал араб дереккөздерінде *karabörkli* атауларымен кездеседі. Бүгінгі қарақалпақ этнонимімен танылып отырған халық, тарихи деректерде, осы атаумен алғаш рет XVI ғасырдың соңында (1578 жылы) аталына бастады.

Ұзақ уақыт бойы қарақалпақ халқының шығу тегі туралы нақты тұжырымдама болған жоқ. XX ғасырдың 20-жылдарына дейін олар туралы ғылыми әдебиеттер өте аз болып, олар «қарақалпақ» этнонимін сипаттаудан аспады.

Белгілі шығыстанушы Дассон «Моңғолдар тарихы» деген еңбегінде Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағын» талдай отырып, орыс жылнамаларында *черные клобуки* деген атпен белгілі болған халықтың қарақалпақ екендігін анықтайды.

Н.И. Березин де «Нашествие Батия» деген еңбегінде осындай қорытындыға келеді [М.К. Нурмухамедов, 1971].

Кейбір ғылыми әдебиеттерде қарақалпақтардың төркіні печенегтерден, қыпшақтардан ізделді. Мысалы мажар түркітанушысы А. Вамбери мен Н. Аристов печенег деп білсе, ағылшын тарихшысы Ховорос печенегтердің тікелей ұрпағы ноғайлар деп, қарақалпақтардың қыпшақтардан тарауы мүмкін деген болжам жасайды [Н. Мамедов, 2007].

Құмық тілінің табиғаты жайлы көзқарастар екі бағытта өрбиді, бірінші бағыттағы зерттеушілер XIII ғасырға дейін-ақ қалыптасқан қыпшақ тілі ретінде таныса, екінші топтың пікірі моңғол шапқыншылығынан кейін қыпшақтық сипаты басымдыққа ие болды дегенге саяды.

Құмық этнонимін ІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан түркілік тайпалық одақ – Қимақ бірлестігінің негізгі халқының атауы «қимақ» этнонимінен таратушы пікірлер белгілі болғанымен, «құмық» этнонимінің шығу тегі, құмық халқының этногенезі, даму кезендері жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Түркітанушы академик Ә.Қайдар «Қыпшақ тілдеріне тән белгіні сақтаған құмық тілінен кавказ тілдерінің де ықпалы байқалады» дейді.

Ғағауыз: *gagauziya* немесе *Gagauz Yeri*; румынша – *Găgăuzia*; орысша – Гагаузия. Ғағауыздар – қырым татарларға жақын, көк оғыздардан шыққан түркі тілдес халық. Олардың шығу тегі түрліше айтылады: түріктенген христиандар, христианған түркі-балқарлар деп аталады. 2012 жылы ЮНЕСКО ғағауыз тілін жоғалып бара жатқан тілдер қатарына қосты.

Түркияда Селжук теориясы кең таралған, оған сәйкес Оңтүстік Ресей даласының түркі тілдес кумандары (половцы) бірге Оғыз мемлекетін құрған, кейін ХІІІ ғасырда Добруджаға көшкен Минасан түріктерінің ұрпақтары деп санайды.

Қоныс аударғанға дейін гағауыздар Балқан Ресейге (Бессарабия) екі топ: «хасыл Гағауыз және «болгар Гағауыздар» тұрды. ХІІІ ғасырда олардың ұрпақтары христиан дінін қабылдады.

Гағауыздардың бір бөлігі 1912-1914 жылдары Қазақстанға көшті. Ұжымдастыру жылдарында Гағауыз тобы Өзбекстанда қоныстанды, 1994 жылғы желтоқсанда Молдовадағы Гағауыз автономиясы құрылды.

Гағауыздардың негізін құраған түркітілдес көшпенділер (оғыздар, печенегтер, далалықтар) болды. ХІІІ ғасырда олардың ұрпақтары христиан дінін қабылдады.

Гағауыздардың бір бөлігі 1912–1914 жылдары Қазақстанға көшті. Ұжымдастыру жылдарында гағауыздардың бір тобы Өзбекстанға қоныстанды. 1994 жылы желтоқсанда Молдовадағы Гағауыз автономиясы құрылды.

Түркі этнонимдері түр-түс атауымен кездеседі. Зерттеушілер солтүстік бағытына – қара түс, оңтүстік – ақ түс, шығыста – көк түс, батыста – сары, қызыл түс тән деп есептейді.

Профессор И. Г. Добродомов осы этнонимдік түр-түс кодын символдық тұрғыдан қарастырады: тарихта Ақ Орда, Көк Орда,

Алтын Орда болған, сары ұйғырлар, қарақалпақ, қазақ этнонимдері құрамында түр-түстің кездесуі осының айғағы

Бақылау сұрақтары:

1. Жалқы есімдерді зерттеуде тіл білімінің әр саласы бойынша деректер қажет пе?
2. Тілді зерттеудегі ономастиканың маңыздылығы қандай?
3. Топонимдерді талдай отырып, қандай ақпарат алуға болады?

Оқуға ұсынылған әдебиеттер:

1. Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава казахов Большой орды и кара-киргизов. – СПб., 1894.
2. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории. – Алматы, 1959.
3. Әбдірахманов А. Қазақстан этнонимикасы. – Алматы, 1979.
4. Валиханов Ч., Соб. соч.: В 5-ти томах. – Алматы, 1984. – Т. 1.
5. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе: оқу құралы. – Алматы, 2004. – 360 б.

9-дәріс.

Түркі халықтарының космонимдері мен астронимдері

Астронимдер жеке бір нүктедегі аспан денелерін, атауларын зерттейді.

Аспан денелері туралы деректер мен зерттеулер Ғаббас Жауһари, Әбунасыр Әл-Фараби, Әбу Райхан, Әл-Бируни, Ұлықбек және т.б. Орта Азиядан шыққан ұлы ғұламалар еңбектерінде жазылған.

Ғарыштық және астрономиялық мәселелерді зерттеушілер қатарынан Ю.А. Карпенко, Н.Х. Максютовалардың еңбегін ерекше атауға болады. Ғалым-ономологтар арасында В.А. Никонов космонимдерді «лингвистикалық емес, сондай-ақ тарихи құндылықтар үшін бағалы көз» деп бағалайды.

Түркі тілдес халықтардың көбісіне ортақ аспан денелерінің атаулары: ай, қояш (күн), йолдыз, чулпан, таң және т.б.

Түркі халықтары таң атауына байланысты қыздарға есім берген:

- татарша – Таңбикә (бикә-бикеш), Таңсылу, Таңсу.
- қазақша – Таңшолпан,
- түркменше – Даңбала (даң – таң),
- қырғызша – Тансулу және т.б.

XIII ғ. қыпшақ жазба ескерткіштерінде «ай» түбірінен құралған әйел аттары кездеседі: *Айсаву, Айсили, Айкине, Айва*. Таттар тілінде басқа аспан денелерімен де қыздардың есімі қойылған: *Нұр, Камәр (ай), Шәмсе (күн, Камәрсылу, Нұржамал*.

Космонимдер – аспан әлемінің аттары, ғарыш кеңістігі, галактика, Ай, Күн, жұлдыз, аспан денелерінің аттарын зерттейтін ономастиканың бір саласы.

Көне жазба ескерткіштерінде (XI-XV ғ.) фонетикалық тұлғада айтылатын астрономиялық есімдер жиі ұшырайды.

Махмұт Қашқаридың «Диуани луғат-ат түрік» еңбегінде *Эран түз (Таразы), Бақір соқум (Марс), Үлкар (Планета), Қаракуш (Юпитер), Тэмур Қазуңқ (Темірқазық)* тәрізді астрономиялық терминдер аталған. Бұлардың ішіндегі тек Тэмур Қазуқ (Темірқазық) түркі тілдерінде түрлі вариантта аталады: *Демир Газык, башқұрт тілінде Тимер Қазық йондозо, яки Алтын бағана, болмаса Алтын Қазык йондозо, Темир Қазик*, қазақ тілінде Темірқазықтың *Алтын қазық* немесе *Жалғыз қазық* деген атауы бар.

Түркітілдес халықтардың көбісі Жеті қарақшыны (Большая медведица) Жетегейле немес Жетиген дейді. Яғни, жеті, жетінші деген сөзі бар. Өзбекше Етти Огайны (жеті дос, жеті туысқан дегенді білдіреді).

Илькер (Плеяда жұлдызы) яғни, алты жұлдыз бар. Түркітілдес халықтар Үркер планетасын түрлі фонетикалық түрде айтады: *Юлькар, Юркер, Юркир, Уркар, Юргяль, Елькар* және т.б. Осы сөзді зерттеуші лингвистер бұл сөздің мағынасын «бөлінген, ажыратылған» деп қарастырады.

Къзыыл жулдуз (Марс), қарашай-балқар тілінде Бешмюйюш жулдуз. Қазақ тілінде бұл сөздің мағынасы – Қызыл жұлдыз. Кейбір көне түркі жазба ескерткіштерінде, М. Қашқаридің еңбегінде «Бикыр /Бағғыр жулдуз». Сары жулдуз «Сириус» (Үлкен иттің альфасы), қазақ тілінде Жарық жұлдыз, қырғызша Ак жылдыз деп аталады.

Сонымен қатар түркі халықтарының көбісі кометаны *Къуй-рукълу жулдуз, Учхан жулдуз* дейді. Ал жұлдыздар жиынтығын *Жыйын жулдуз, Кечет жулдуз* деп атайды. Ал құс жолын *Сарнғайгъанла, Мырытла* деп атайды. Қарашайлар мен балқарлар Жетіқарақшыны (малая медведица) *Мырыт жулдуз* немесе

Мырытла деген. Орион жұлдызын *Гида жулдузла*, ал жеті жұлдыздан тұратын және кесе ұқсас жиынды *Чёмюч Жулдузла* немесе *Чёмючле* деген екен. Темірқазық пен Жетегейленің арасында орналасқан жұлдызды *Сарайгъан* және *Тюрайгъан* деп атайды екен.

Ғасырлар бойы түркі халықтары ғарыштық құбылыстарды қабылдады, бұл ғарышқа байланысты есімдердің өзгеруіне әкелді. Осылайша, көне түркілер үшін *көн* сөзі Күнді білдірді, бірақ бұл сөз біртіндеп күннің маңызына ие болды. Бұл құбылыстарды семантикалық сәйкестендіру орын алды, ал кейбір түркі халықтарында, мысалы, башқұрттарда қазірдің өзінде *көн* Күнді білдіреді.

«Ай» космонимі қазақ, өзбек, ұйғыр, түркімен мақал-мәтелдерінде мәтін түзуші тірек сөз ретінде қолданылған:

Өркімдікі өзіне *ай* көрінер көзіне (қаз.)
Хар кимники ўзига, *ой* кўринар кўзига (өзб.)
Һәркимнің өзигә, *ай* көрүнәр көзигә (ұйғ.)
Хер кимиңки өзүне, *ай* гөрнер гөзүне (түрікм.)

Бұл мақалдан біз халық айды қасиет тұтып, оның сұлулығына қыздарын теңеген, осыдан қазіргі қазақ тілінде Айсұлу, Айсәуле, Айнұр т.б. есімдер кеңінен тараған. Дегенмен бұл мақалдарда тек қыз бала емес, жалпы балаларын аса қымбат, құны жоқ деп қабылдаудан туындаған мақал деген қорытындыға келеміз.

«Құтты білікте» Ж. Баласағұн ай космонимін нұрлы сұлулық символы ретінде қолданған:

*Бұл Күнтуды сонымен ер атанды,
Күн мен айдай нұрлантып кең жаһанды.*

Ай – ең алдымен, қазақтардың исламға дейінгі байырғы дүниетанымындағы киелі рух иесі ретінде мінәжат еткен аспан денесі. Бұл сөзді В. Радлов барлық түркі тілдеріне ортақ деп қарайды және оның ұйғыр, шағатай, осман түріктері, қарағас диалектісі, якут және әзірбайжан т.б. тілдерінің деректерін келтірген. Осынша кең ауқымды тілдік материалды молынан қамти отырып, В. Радлов сол тілдердің бәрінде де ұшырасуы ықтимал мысалдардың толық тізбесін берген.

Мәселен, ол «ай» сөзінің бірінші мағынасы «ай» деп аударды да, осы ұяда *ай айдыны* «айдың беті, жүзі»; *ай қарағы* «айдың көзі»; *жаңа ай*; *ескі ай*; *айдың жаңасы*; *көһна ай* алт. тамам ай «толық ай»; айдың қызыл толуну алт. *ай ара парчар шор.саг. ай пыркан полгон, ай йылдыз* осм. *ай дәдәсінің одасында мысафыр алмақ* осм.

Космоним «Ай» атауының кісі есімінің құрамында Сібір түріктерінің тілінде жиі ұшырасатындығына В. Радлов арнайы тоқталған. В. Радлов былай деп жазады: «В абаканских, алтайских и шорских богатырских сказках образуются сложные имена героев и героинь со словом ай (луна), напр.: *Ай-Кан – Луна Хань*; *Ай сылдыр – Луна-Звезда*; *Ай – Канат – Луна-Крыло*; *Ай-Кун – Луна-Солнце*; *Ай Мәргән – Луна Стрелок*; *Ай Мөкө – Луна Силач*; *Ай Тас – Луна Камень*; *Ай Толузу (Ай Далай) – Полная луна*; *Ак ай – Белая луна*; *Ай Арыг – Чистая Луна*.

Құсжолы

Солтүстіктен оңтүстікке созылған аспан белдеуі тәрізді ақ жолақ жұлдыз шоғырын, яғни Құсжолын әлем халықтары әртүрлі атаған. Осы жолақты қазақ, қырғыз, түрікмендер – *Құсжолы*, татар, чуваштар – «Дала қаздарының жолы» деп атаған. (Искақов М.О. Халық календары – Алматы: Қазақстан, 1980. – 318 б.)

Мәселен, башқұрт аңызында: «Үлкен тырналар күн бұлттанған дауылда балапандары адаспау үшін соңына қауырсынын тастап отырған. Сол құс жолы жұлдызына айналған».

Түріктер, өзбектер *Сабан жолы* деп атайды. Тіпті оңтүстіктегі кейбір қазақ аудандары да осылай атайды. [Искақов М.О. Халық календары. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 318 б.].

Расында, өңірлік ерекшелікке сай оны атау себебін түсіндіру қазақтар арасында әртүрлі екендігі бізге зерттеу барысында белгілі болды. Мысалы, Маңғыстау қазақтары «Құсжолы – құстардың Мекке жаққа баратын жолы» деп те елестеткен. [Картуц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлак, 1912].

Олардың арасында мынадай аңыз бар: «Көктемде ұшып келіп, күз түссе жылы жаққа қайтатын жыл құстарының ылғи алдын бастап, қарқара тартып ұшып отыратын Қызылқан атты бір құс болыпты дейді. Қызылқан өзінің соңындағы мың сан құсты небір қанат талар шөлден, топшы талар белден өткеріп, оты-суы

мол өлкеге бастап келіп жүреді екен. Бірде моншақтай тізіліп, жылы жақты сағалап келе жатқан қалың құс боранға ұрынып, шығынға ұшырапты. Сонда соңынан ерген ұяластарының ауыр халіне күйзелген Қызылқан мұңын шағып, Тәңірге барады. Тәңірі Қызылқанның шағымын тыңдап болып: «Е-е, тұз табиғатпен тілдес етпей болмайды екен. Жарайды, мен сендерге адаспай ұшу үшін аспаннан жол салып берейін!» – деп, көк жүзіне ақ белдеу жол салып береді. Аспандағы ақ белдеу құс жолының пайда болу себебі содан болса керек.

Қазақта кездесетін бір сюжетте құсжолы ай анасының аспанға шығып, қызын іздегенде аққан сүті деп есептеледі [Сәнік З. Алтай мифтері жайлы аян мұралар нені айтады? Үрімжі, 1991].

Әзірбайжанда Сүтжолы деген атау кейде кездеседі.

Сахаларда Құсжолы «Халлаан сиигэ», яғни «Аспан тігісі» деген атауда қолданылады. [Эргис Г.У. Очерки по якутскому фольклору. – М.: Наука, 1974. – 402 с.].

Қазақ арасында кейде айтылатын көк қақпасы немесе көк қабызы туралы ұғым бар болғанымен, ол нақты астрономиялық атауға айналмаған. Тіпті сол көк қабызының мәні туралы түсінік те бұлдыр. Ал татар, сахалар «Көк қапұсы (қақпасы) ашылғанын тек қана бақытты жандар көре алады, сол кезде тілеген тілек қабыл болады» деген ұғым бар. [Закирова И. Космогоник миф һәм легендаларның телдә сакланган эзлере // Фольклор теле – шигърият теле. Қазан, 2001].

Сахалар көк қақпасы ашылғанда былайша тілек тілеген: «Көмүс быһаахты биэрээрий, көмүс кыптыыйда биэрээрий!» // Бұл «Күміс пышақты бере гөр, күміс қайшыны бере гөр!», яғни «Ұл мен қыз бере гөр!» деп ұл-қыз тілеген. Демек, аспанның тігісі, көк қабызы бар, ол әлем алғаш жаралғанда жабылған немесе жамалып-тігілген, ол ерекше жағдайда ашылады деген ұғым ерте кезде көшпелі халықтарда қалыптасқан. [Эргис Г.У. Очерки по якутскому фольклору. – М.: Наука, 1974. – 402 с.].

Үшарқар:

Алтай, тува, хакас – Үшмарал (хакас, алтайша *үш мигах* – үш марал) деп атаған. Г.Н. Потанин жазып алған қазақтағы сюжеттің бір нұсқасы былай: «По рассказу Сибирая, киргиза и

Тарбагатая, киргизы называют три звезды этого созвездия, стоящие рядом, Ушь-аркар, «Три каменных барана», другие три – Ушь-мерген, «Три охотника»; седьмая звезда называется Мултукнынг огы, «Ружейная пуля». Охотники были прежде на земле; не было от них прохода ни одному зверю, ни одной птице; аркары жаловались на это богу и были по аркану подняты на небо; охотники тоже поднялись по аркану на небо. Они были прокляты» [54 б.]. [Казахский фольклор в собраниях Г.Н. Потанина. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 382 с.].

Келесі нұсқа былай: «Бірінің артынан бір созылып тұрған үш ірі жұлдыз – шұбап бара жатқан үш арқар, оған көлденең тізіліп тұрған «қиқымдай» Шайтантаразы дейтін үш жұлдыз, үш арқарды кезеп атқалы тұрған Көгалдай мергеннің құрулы мылтығы».

Темірқазық

Түркі халықтарында поляр жұлдызы қолмен салыстырылатын. Еш әрекетсіз тұратын жұлдыздың айналасын жануарлар тәріздес өзге жұлдыздар айналып жүреді. Көбінесе түркі халықтары бұл жұлдызды *temir qazuq* деп атайтын, яғни «темір қол». Кезінде көне түркі лексикологиясында болған бұл атау қазір түркмен, түрік, қарақалпақ, қазақ, ноғай және қырғыз тілдерінде қолданылуда. Кейбір тілдерде бұл атау поляр жұлдызынан басқа «солтүстік» деген мағынаны білдіреді.

Чуваш тілінде темір қазық орнына «тимёр ғалча» деген сөз қолданылады және *temir qol* деген мағынаны білдіреді. Тағы да «*altyn qazuq*» деп аталады. Бұл атау қазақ диалектісінде, қырғыз, алтай, өзбек және орта ғасырдағы ұйғыр ескерткіштерінде кездеседі.

Татар тілінде «*qazuq jilduz*» деген сөз қолданылады.

Түрік тілінде «*demirdirek* » (*direk* – тірек, сүйеніш).

Басқа түркі тілдерінде поляр жұлдызы мынандай аттарға ие:

– якут тілінде *xotugu sulus* (солтүстік жұлдызы);

– тофа тілінде *dēri özē* (аспан орталығы);

– чуваш *çурçёр çăлтăрĕ* (түн жұлдызы).

Көне ұйғыр астрологиялық жазбасында *Tirgäk jultuz* (тірек жұлдыз).

- ноғай, қарашай, балқар, башқұрт, кара қалпақ – Темірқазық;
- эзирбайжан – гутб улдузу;
- түрікмен – демір қазық;
- өзбек – темір қозық;
- алтайлықтар мен қырғыз – алтын қазық;
- якутша – хотугу сулус.

Жетіқарақшы

Тувалықтар «Жетіген – жеті ұл. Олар хандыққа таласып, жер бетіне сыймай, аспанға көтеріліп кеткен» дейді [*Metin Ergün. Türk Dünyası Efsanelerinde Değişme Motifi. II. Cilt. – Ankara, 1997. – 919 s.*].

Тува халқы жетіген жұлдызына табынады, оған арнайы айтатын алқышы (тілектер) бар. Демек, Жетіген жұлдызы тувалықтар үшін әлі де қасиетті деп саналады.

Тувада осы жеті ағайынды кейде Жетіген, кейде Үркер жұлдызына, ал олардың ғашық болып таласқан сұлу қызы Айға айналып кетеді.

Қырғыз халқында мынадай аңыз бар – «Аспандағы жеті жұлдыз – ағайынды алты жігіт пен оның қарындасы. Олар патшаның балалары. Жауыз патша перзентті боларда аңға шығып кетеді де, уәзірлеріне «қыз туса, төбетке беріңдер» деп бұйрық береді екен. Бірақ жетінші сәби қыз болады. Оны өлімге қимаған жандар бір кемпірге жасырып асыратады. Он алтыға толған қызды кемпір әкесіне алып келгенде, ол оны өлтіруге әмір береді. Оған наразы болған алты ұл жалғыз қарындасын өздерімен бірге алып, аспанға көтеріледі». Яғни мұнда алты ағайынды жігіт әділетті жақтаушы, зұлымдыққа қарсы күресуші ретінде кейіптелген [*Metin Ergün, 1997. – 919 s.*].

Өзбектердің бір сюжетінде Қызылқұм деген жерде жеті ағайынды жігіт жауыз патшаға қарсы соғысып, жеңеді. Бірақ зұлым әмірші қарындасын дуалап өлтіреді. Соған қайғырған жетейін құдай жұлдызға айналдырып жібереді.

Үркер

Қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен – Үркер

- өзбек – ұқыр немесе хүлкәр;
- башқұрт – өлкер;

- тува – үгер;
- татар – өлгәр;
- әзірбайжан – үлкәр;
- балқар мен қарашай – ілкер;
- чуваш – елкер;
- сахада – уөр немесе үргэл;
- алтайша – мечин.

Бұл мысалдар Г.Н. Потаниннің «Очерки Северо-западной Монголии» атты еңбегінен алынды. [Вып. 2. Материалы этнографические. – СПб, 1881. – 181 с.]

Түркі халықтарында атауы бір болғанымен, алтайлықтарға кейде тувалар мешін деп атайды екен. Ғалымдар түріктегі Үркер деген атауды *урку* деген етістіктен туындаған деген пайым жасайды. Ол туралы М. Исақов: «Белгілі түрколог ғалым С.Е. Малов оны бір үйір мал деп түсіндірді, дұрысы осы болуға тиіс. Үркердің түрікше екі нұсқасы «үгір», «үкір». «Шоғыр үркер жамбаста, үріккен қойдай», «Қасқырдың үйірі үркіп, бөлініп кетіпті» деген тіркестерде Үркер малдың шағын бір үйірі, тобы ретінде айтылады. Үркер туралы жұмбақтардың бірі мынадай:

*Қысырақ жоғалды жаз, кетіп жырақ,
Көп жүрдім, іздеп оны, елден сұрап.
Тұр екен дарияның ортасында,
Жете алмай, үйге қайттым, босқа бірақ», –*

деп жазады [Исақов М.О. Халық календары, 1980].

Үркердің қызы Үлпілдекті Жетіқарақшы ұрлаған, содан Үркер ұрыны қуып жүр немесе үркіп-қорқып тұр деген сюжет түркі халықтарына ортақ.

Мысалы, қазақтағы нұсқасы былай: «Үркер, негізінде, жеті жұлдыз екен, бұлардың жылтылдап көрініп тұратыны – алтау. Жетіқарақшы келіп шапқанда, бұлар үркіп, содан Үркер атаныпты. Оның арасындағы бәрінен жарқырағы қыз болған соң, Үркер қызын қорғаймын деп, оны көрсетпей, бір жерге жиналып, топталып тұрады, әйтпесе Жетіқарақшы ұрлап әкетеді».

Үркердің ауа райымен байланысы.

Қазақтағы нұсқасы: «Үркер көкке шығып, өрлеген сайын күн суытып, ол төмендеген сайын күн жылына береді. Халық-

тың «Үркерлі айдың бәрі қыс» дейтіні осыдан. Әсіресе Үркердің жануарлар үшін «жерге түскен» кезі жағымды. Үркер «жерге түскен» кезде (мамыр, маусым айлары) ол жерде жатып, көк шөпті айдап, шығарып жатады-мыс».

Бір аңызда *«Үркер басында он екі жұлдыз екен. сиыр жерге түскен Үркердің алтауын ғана басып қалып, қалған алтауы тұяғының арасынан шығып, аспанға ұшып кетеді. Міне, қыстың алты ай, жаздың алты ай болып қалғаны сондықтан. Егер жылқы тұғымен басса, онда Үркер түгел жерде жататын еді де, мәңгі-бақи жаз болар еді деседі. «Үркерден неге айырылып қалдың?» деп сұрағанда сиыр басқа хайуандарға «Ыстыққа шауып жүргеннен де сақылдаған сары аязда сықыр-сықыр басып жүргенім жақсы» деп жауап берінті».*

Түркі халықтарында сиырды суықпен байланыстырады. Мысалы, сахада қыс бұқасы бар, оның демі – аяз, мүйізі – мұз. Қаңтардың аяғында аспан перзенті алып бүркіт келіп шақырады. Соның даусынан қаһарлы бұқаның мүйізі шарт сынып, аяздың беті қайтады дейді олар. Сонымен бірге алғашқы сиыр көлден шыққан деген ұғым да бар [Эргис Г.У. Очерки по якутскому фольклору. – М.: Наука, 1974. – 402 с.].

Ал тува ұғымы да осыған жуық: «Көл бұқасы адамның көзіне көрінбейді, ызғарлы қарашада азанда, іңірде мөңіреп, ауық-ауық өкіреді, сол кезде өзен-көлдің мұзы толық қалыңдап қатады» дейді олар

Сахаларда да ауа райының суық болуына сиырды кінәлі санайтын сюжет бар: *«Тәңірі адамды алғаш жаратқан шақта «Қыс пен жаздың қайсысы ұзақ болсын?» деп сұрайды. Кісі «Оны менің серігім жылқы мен сиыр шешсін» дейді. Сол кезде бұқа «Менің танауым пысылдап ыстықтаймын, жаз қысқа, қыс ұзақ болсын» деген. Құдай соны орындаған. Бұған ашуланған жылқы сиырдың маңдай тісін теуіп жіберіп сындырады, сиыр да тек тұрмай, бүйірден сүзіп, жылқының өтін жарады. Содан сиырдың иегінде тісі кем, жалқы өтсіз болған»* [Г.У. Эргис, 1974].

Түркі халықтарында Үркер жұлдызын суықпен байланыстырады. Мысалы, тувада «Үркер сооқ иесі», яғни «Үркер суық иесі» деген түсінік бар. Ал терістік суық өлкеде өмір сүретін сахалар Үркер ғана емес, Кішіқарақшы (Малая Медведица) мен

Шолпан жұлдыздары ерте заманда өте үлкен болғандықтан жерге ызғар шашатын, оны бақсылар арбап, сындырып, кішірейткен деп ұққан [Г.У. Эргис,1974]

Үркер туралы мифтер уақыт өте келе бабалар айтатын өлеңге айналғандығы белгілі.

Венера планетасына қазақтар әр мезгілде көріну сипатына байланысты түрлі мінездеме беріп, *Шолпан, Зуһра, Керуен жұлдызы, Өмірзая, Тұлқатын* деп әркілы атаған [211-б.] (Исқақов М.О. Халық календары – Алматы: Қазақстан, 1980. – 318 б.). Түркі тілдерінде Шолпан планетасы былайша аталады:

- казак, қарақалпақ – Шолпан,
- қырғыз – Шолпон,
- ұйғыр – Чолпан,
- өзбек – Чулпан,
- татар – Чолпан,
- шор – Шолбан,
- телеуіт – Чолбон, Чолмон,
- түрік – Чолпан, Чолбан,
- түрікмен – Чулбан,
- башқұрт – Сулпан т.б.

Таң көрінгенде оған халық сүйсініп, таң хабаршысы – Шолпан, аздаң қой өргізетін сағатты білдіретін қойшының қоңыр жұлдызы – Шолпан немесе сапарға аттануға бағдар беретін Керуен жұлдызы деп, жақсылықтың нышаны еткен.

Сахаларда Чолбон (Шолпан) жұлдызын аязбен байланыстырады, жылқыны жаратушы – «Ақ Жаратушы Айыы Танара», жылқы иесі – Дьесгей тойон.

Шоқан Уәлиханов: «Жұлдыздар асыл тастан құралған үлкен таулар, олар біздің планетамыздан алыста тұрғандықтан бізге кішкентай ғана нүкте сияқтанып көрінеді.... Тағдыр сүйген бақытты адамды қазақтар «жұлдызы жоғары адам» дейді. Қазақтар жұлдыз адамның тағдырына әсер етеді деп сенеді», – деп жазған.

Түрікмен тілінде де ежелгі антропонимдер ретінде атмосфералық ылғал, күн, ай, флора мен фаунаға байланысты қалыптасқан есімдер көрсетіледі. Мысалы, Ягмур – (жаңбыр) XI ғ. түркменнің қолбасшысының аты. Түрікмен ономасты З.Б. Мұхаммедова: «древнейшими, на наш взгляд, следует считать имена,

восходящие к названиям атмосферных осадков, солнце, луны, растений, и животных», – дейді.

Өзбек антропонимісі Э. Бегметов: «Имена, Тангриберген, Тангриберди, Тангрикул, Куанышбек, Ойзада, Ойкон связаны с культом неба, солнца, и луны, являются ярким свидетельством поклонения и почитания людьми этих небесных и наземных «божеств», – дейді.

Бақылау сұрақтары:

1. Космонимдер және астронимдердің әртүрлі семантикалық және морфологиялық құрылымдарына мысал келтіріңіз.
2. Идеонимдер мен прагматонимдердің қандай шектері бар? Олардың ерекшеліктері қандай?

Оқуға ұсынылған әдебиеттер:

1. Никонов В.А. Космонимия Поволжья // Ономастика Поволжья. – Уфа, 1971.
2. Максютова Н.Х. Тюркские космонимы и связанные с ними легенды, поверья, приметы // Ономастика Поволжья. – Волгоград, 2002.

10-дәріс.

Түркі халықтарындағы зоонимия

Зооним (гр.zoo – «жануар»+онім. атау) – жан-жануар аттары. Ономастикада зоонимдер туралы қорғалған еңбек болғанмен, сатира мен юмор жанры тұрғысында ономастикада арнайы зерттеу еңбектері бар. Шетел, орыс лингвистикасында зоонимдерді гиппоним (жылқы), киноним (ит), орнитоним (құс), инсектоним (жәндік) т.б. деп жіктеп, арнайы зерттейді. Жан-жануар, аң-құс, құрт-құмырсқа атауларынан жасалған жалқы есімдер зоофорлық аттар (ЗА) деп аталады [Н.В. Подольская, 1988].

Әр халықтың ұлттық танымы әртүрлі. Грек есімдерінде антилопа, ара, аю, бобра, бұғы, маймыл, өгіз, пантера, тышқан, тасбақа, шегіртке т.б. аң-құс атаулары жиі кездеседі. Ал қазақтың төрт түлік малы – халықтың күнкөрісі, тұрмыс-тіршілігі: «кисе – киім, жесе – тамақ, ішсе – сусын, жүрсе – көлік» болған.

Жазушы М. Әуезов: «У казахов метафоры чаще всего связаны с животным миром (что так резко выражено в народном

орнаменте), а узбеки культивируют мотивы, связанные с растительным миром», – деп қазақтың ұлттық танымын ұлттық өрнектерден де байқауға болатынын айтады. Расында, төрт түлік мал халықтың барлық жан-дүниесін, ойлау жүйесін, психологиясын, тілін «жаулап алған». Халық жылқыны – желден, түйені – сордан, сиырды – судан, қойды – оттан жаралған деп есептейді. Төрт түлік мал қазаққа қандай қадірлі, қымбат болса, «бес саусақ бірдей емес» дегендей, сүйкімсіз адамның түсін, сиқын, жақсы-жаман мінезін, қылығын айқындап көрсету үшін, оны малдың мүшелерімен, мінезімен салыстырады, әртүрлі тенеулер жасайды.

«**Табиғат**» макротобындағы киелі сөздердің келесі тобын киелі жануарларды атайтын лексикалық бірліктер құрайды. Киелі лексиканың бұл этнолингвистикалық тобы «*Киелі жануарлар атаулары*» деп аталады.

Ш. Уәлиханов былай дейді: «Сондай құдіретті күші бар жан-жануарларды киесі бар дейді, ал олардың өзін киелі деп атайды. Жан-жануарлар мен заттардың киесін қадірлемеу киенің қаһарын туғызады. Киенің ашуы, қаһары – кесір деп аталады». Киелі жануарлардың магиялық күші қазақтардың емшілік ырымдық тәжірибесінде қолданылады: «Шайтан сескенетін жан-жануарлар да болады. Мысалы: түйе боталағанда, кірпі балалағанда, жын-шайтандар оларға жоламайды. Баланың бесігіне кірпінің тірнектерін байлап қояды. Нәресте дүниеге келерде әлгі кірпінің инелерін толғақ қысқан әйелдің бас жағына қыстырып қояды».

Қазақтарда төрт түлік малдың жебеуші пірлері *Ойсылқара*, *Зеңгі баба*, *Қамбар ата*, *Шекшек ата*, *Шопан ата* болып саналатыны белгілі. «Әр түліктің өз желеп-жебеушісі, қамқоршысы, иесі, пірі бар деп сенген қазақтар түйені – ұлық малы, түлік төресі немесе «түйе – байлық, жылқы – сәндік» деп бағалаған.

Академик Ә. Марғұланның пікірінше, жойқын күш иесі «Ойсылқара» пірі қола дәуірінің ғұн обаларынан табылған жартылай адам, жартылай хайуан бейнесіндегі қола құймаларына негіз болып, мифтік сюжет арқауына айналуы оның көшпенділер болмысындағы маңыздылығынан туындаса керек.

Гиппоним – жылқы атауы.

Түркі халқының – елін, жерін қорғап, ата жауымен алыс-қанда жолдасы, қысы-жазы көшіп, салтанат құрғандағы қызығы, күмбірлеген жылқылар. Даңқын аспандатқан кемеңгер қолбасшы Күлтегіннің Боз аты, Қара қыпшақ Қобыландының Тайбурылы, Алпамыс батырдың Байшұбары, Ер Тарғынның Тарланы.

Мәселен, «Ер Тарғын» эпосындағы Тарлан тұлпар атқа берген сипаттамасы:

От орнындай тұяқтым,
Омыртқаң бар отаудай.
Жауырынына болайын
Сыпыра шапқан тақтайдай.
Құйрығыңа болайын,
Қынаптан шыққан қанжардай!

Поэтикалық көркем мәтіндерден ортағасыр ескерткіші «Диуани лұғат ит-түрк» ескерткішінен: *Өзін өгініп урылады, Йарық йеріг қарылады, Атығ кемшіп урылады, Уфит болу, түбү ағды* [М.Қ., 301 б.]. Аудармасы: *Жау мақтанып, бесіп қалды, Жер жарығын өлшеп алды, Ат тебініп, ұран салды, Ұятты боп, тауға шықты* [М.С. Бейсенова, 55-б.].

I. Есенберлиннің «Көшпенділер» романында гиппонимдерді көптеп табауға болады. Адам есімін жылқымен байланыстырып қою жиі кездесетін құбылыс. Оның мәні жылқыны киелі, қасиетті деп санаудан туған. Сонымен бірге жылқы – байлықтың, сән-салтанаттың белгісі. *Тайшық, Жамантай, Тайжан* тәрізді антропонимдер, *Тайкеткен, Саумалкөл, Атбасар, Атмінгескен* тәрізді топонимдер мен гидронимдер бар. Шығармада кездесетін гиппонимдер: «*Ортеке*», «*Киікаяқ*», «*Киіккетпес*», «*Тарланкөк*», «*Тұлпаркөк*», «*Көксеңгір*», «*Көкдауыл*», «*Кертөбел*», «*Ақылақ*», «*Ақауыз*», «*Ақтанкер*», «*Ақжамбас*», «*Ақсирақ*», «*Ақбақай*», «*Жалынқұйрық*», «*Құмай төс*». Бұлар жылқының түр-түсіне, ерекше белгілері мен қасиеттеріне қарай қойылған. [Амангелді А.І. Есенберлиннің «Көшпенділер» романындағы жылқы атауларының этнолингвистикалық мәні, 2008].

Көшпенділер танымында, салт-санасында жылқы – интеллект (ақыл-ой) белгісі, ата-бабалар символы. Мәселен, батырлар жырында, жылқы көлік қызметін атқарушы ғана емес, ер қорғаны, ақылшысы ретінде көрініп, иесін қорғап-қоршап жүреді.

Жануарлар иерархиясында жылқы бірінші орын алады. Аркаикалық дүниетанымда күшті желдің және Күн нұрының шапшаң қимылына жылқының шабысы ғана тең келген. Жылқы – Тәңірінің сүйген түлігі, «эруақтар әлеміне киналтпай жеткізуші медиатор» [Токтабай А., Сейтқұлова Ж. Төрт түліктің қасиеті, 2005].

Орнитоним құс атауларын зерттейді. Қарға, құмай тәрізді ерекше сакральды құс атаулары туралы сөз қозғаймыз.

Қарға тамырлы қазақ

Бұл қанатты сөз «түпкі тамырымыз, арғы тегіміз ортақ» деп халықты бас біріктіруге, жұмыла іске кірісуге шақырады. Қарғаның бір кездері түркі халықтарында ортақ тотемдік мәндегі құс болғандығы жөнінде академик Ә. Қайдаров, ғалым А. Сейдімбек жазды. Қарғаның бейнесі салынған ерте замандағы шырағандар мен тіпті темір ақшалар болғандығы жөнінде археологтар мен тарихшылар деректері де баршылық.

Түркі әлеміндегі қарға бейнесінің мифтік негіздерін айқындаудың ерекшелігі мол. Ертедегі адамдардың дүниетанымында құс – жоғары әлемнің бейнесі. Аспан тәңірімен тілдесіп тұратын, көк пен жерді байланыстыратын күш ретінде қарастырады. Жоғарыдағы мәселелерді жинақтай келе, төмендегідей қорытынды жасауға болады. Қарға – түркі халықтарының тотемі, адамдар мен аспан арасындағы жалғастырушы күш.

Алтай халықтарында ең байырғы тотемді қарға деп есептейді. Этнограф америкалық ғалым Л.Г. Морган өзінің «Байырғы қоғам» атты еңбегінде үндістердің тотемі ретінде қасқыр, жолбарыс, аю, бұғы, қабылан, балық, сұңқар, құтан сияқты аң-құстардың санатында қарғаны да атайды. Солтүстік Америкадағы глинкаит, атапаяск тайпаларында «Ел» деген сөздің баламасы «Қарға» екен. Олар қарғаны жарық нұр мен тұщы суды, қара жерді, қызулы отты, т.б. игіліктерді жаратушы деп есептеп, жақсылықтың нышаны ретінде кие тұтқан.

Азиялық Сібірді тұрақ ететін халықтарда, олардың наным-сенімінде қарғаны күні бүгінге дейін кие тұтады. Сахалардың қаңғалас тайпасының және шор тайпаларының ішінде қарға руы бар. Қазақ арасындағы керей руы атауының «қара», «қарға» сөз-

дерімен тамырласы жөнінде Рашид ад-Дин, Г.Н. Потанин еңбектерінде генеологиялық аңыздар келтірілген.

Қарғаның қадір-қасиетіне қатысты деректер генеологиялық аңыздармен ғана шектелмейді. Манжұрлардың арасында қағанды өлімнен құтқарған қарға туралы аңыз бар. Бұйраттардың (бурят) наным-сенімі бойынша, құдіреті күшті Гучин-Гурбу-Гурбстен-ханның құрметіне шалған құрбандық малының етінен үш қарға шоқыса, аруақ риза болады екен. Ал мама ағаштың басына қарға қонса, аттары жүйрік болады-мыс. Бұл моңғолдар түсінігі мен кие тұтудағы сенімі.

Осы іспетті мысалдарды түркі-моңғол фольклоры мен этнографиясынан көптеп келтіруге болады. Ұшқанда қанатынан күн тұтылатын қарға, адам жегішке қарсы тұратын қарға, батыр бейнесіне енген қарға, мәңгілік өмір мен дәулеттің иесі қарға, өлілер дүниесінің әміршісі қарға т.б. түрінде айтылатын миф-аңыз мотивтері жиі ұшырасады. Ондай миф аңыздардың таралым аясы мейлінше кең және байырғы заманнан бастау алатыны айқын аңғарылады.

Уақыт өте келе қарға кие тегінің табы, сарыны түркі тілдес халықтардың наным-сенімінде, аңыз-әңгімелерінде, мақал-мәтелдерінде мифтік формулаға айналған.

Жыл құстарының ішінде ұзақ қарғаның ерте көктемде алғаш келетінін айтқан жөн, яғни қарға – көкек айының хабаршысы, күн мен түн теңесетін Ұлыстың ұлы күнінің ұлы жаршысы. Тәңірге табынған көшпелілер үшін қарға Тәңірдің елшісіне баланған. Башқұрттарда көктемнің шөбі шүйгін шығу үшін «қарға тойы» өткізілсе, бұйраттардың мифінде адамзаттың жаратушысы Бұрхан бақсының елшісі қарға мәңгілік өмірдің жауынын жаудырады [Г.Н. Потанин. Очерки северо-западной Монголии, 171 с.]

Лексикалық мағынаның негізгі бөлігі – денотаттық (лат. *denotatum* – таңбаланушы, белгіленуші [Тіл білімі сөздігі, 1998. – 99-б.]) компонент.

Тіл-тілдің өз байлығының бірсыпырасы ономастикасы мен топонимикасы да метафораға негізделген деуге болады.

Ғалым С. Талжанов Метафоралану, яғни еркін сөз тіркестері мағыналарының нақтылығы, олардың біріншілік – номинативтік мағынасында қолданылу жиілігінің жоғарылығы. Ғалым

В.П. Жуков тілде жиі қолданылатын адамның дене мүшелері аң-құс, мал, құрт-құмырсқа, құс, азық-түлік, киім-кешек, ыдыс-аяқ т.б. атаулары метафораланады дейді [175, 96-б.].

Қазақ иттің психологиясын анағұрлым көп біледі, «жеті қазынаның бірі санайды, итті ауызға бұрын алады, итке деген танымдық көзқарасы бөлек.

Тілімізде бейпіл ауыз адам туралы «аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты» дейді. Жыл туралы бір мәліметте ит жылының әр түсті иеленетіндігі жазылған: 1994 жылы – көк ит, 2006 жылы – қызыл ит, 2018 жылы – сары ит, 2030 жылы – қара ит.

Француз актрисасы Б. Бордо айтқан екен: «Адамдарды тани түскен сайын иттер туралы ойлаймын».

Ұлы ақын Абай өзі жақтырмаған нәрсесін «ит» деп атаған.

Қазақ есімдерінің тарихына жан-жақты этнографиялық талдау жасаған ономотолог-ғалым Т. Жанұзақов: «Қазақтың ен даласы – мәдениет пен тіл бірлігі, әдет-ғұрып, салт-сана тұтастығының негізі. Мындаған кісі аттары түрлі әдет-ғұрып, салт-сана, наным-сенім, жол-жоралғы дәстүрлерге байланысты қойылып отырған. Мысалы *Итбай*, *Итбас*, *Күшік*, *Барақ* деп ат қою дәстүрге айналған», – дейді.

Барақ есімінің алғашқы мағынасы көне түркі тілінде «саба-лақ, жүндес, аңшы ит» дегенді білдірсе, қазіргі тілімізде «барақ ит» деп сол күйінде қолданылады. Оның шығуы көне дәуірдегі тотеммен байланысты.

Алайда антропоним ретінде туынды мағынасы басты назарда ұсталады. Б. Досжановтың айтуынша, «Соңғы ғасырларда тарихта болған Би Барақ, Барақ хан, Барақ сұлтан, Көкжал барақ секілді адамдардың атағы басым түсіп, бұл аттың әуелгі ит мағынасы солғындап, жақсы мағынаға ауысқан» [Б.Ә. Досжанов, 2001, 9-б.].

Қазақ ұғымындағы «итжанды мықты, жаны сірі адам» деген түсінік ертеден келе жатқан ит атын қою ырымымен байланысты болса керек. Т. Жанұзақов мұның негізгі сыры итті тотем ретінде қастерлеуден туған болар деп түсіндіреді [Т. Жанұзақов, 1965. – 45-б.] және тіліміздегі адам есімдерінің атауының сырында ұлттық ғұрыптардың жатқанын дәлелдейді.

Қазақ сатирасында **Итжеккен** деген жер бар, семасын талдар болсақ, итжеккен «алыс, ұзақ жер» мағынасын білдіреді.

Сөздің пайда болуына Қиыр Шығыста, Чукоткада тұратын халықтардың көлік ретінде ит жегетіндігі уәж болса керек. Халық танымында *ит* семасы алыстықпен, қашықтықпен тікелей байланысты. «Жақсы ит өлігін көрсетпейді» деген мақалда иттің адам көрмейтін, алыс жерге кететіндігін білдіріп тұр. Тағы бір мағынасы «ит жеккенге айдалу» *жер аудару* немесе *жат жер* дегенмен пара пар. Қазақтың поэтикалық ұғымында – Солтүстік, Сібір халықтары тұратын жер.

Қазақ «түйеден құласа – шудасын, жылқы – жалын, сиыр – мүйізін, есек – тұяғын төсейді екен, есектен құлағанның емі жоқ» дейді. Есек – бойы аласа, құлағы ұзын, еті мен сүті арам, күші адал жануар, жалпы халыққа танылған негізгі қасиеті – етінен ет кесіп алса да селт етпейтін, қасарысқан қырсық мінезі. Адамның мінез-құлқына байланысты *есек дәме, есек құрты мұрнына түсу, зәңгі есектей аңқылдау* тәріздес тұрақты тіркестер тілімізде қолданылады. Ақылы келте, ойланбай іс істейтін ақымақ, топас кейіпкердің аты мен заты үндесіп тұр.

Қазақ ұғымында есекті *ақымақ, топас, шалдуар* деп менсінбей қараса, үнділер есекті қожасына берілген дос ретінде санайды. Есектің осындай жағымсыз жағы басым болғандықтан, қазақ баласына *Есекбай* деген есім қоймайды, бірақ сатирада есектің жоғарыда көрсетілген мінез-құлқына байланысты қойылған Ғ. Қабышұлының «Күлеміз бе қайтеміз» деген сықақ әңгімесінде *Есекбай* деген кейіпкер аты бар. «Әдебиеттен тілді бөле қарау «ала қойды бөле қырку» тәрізді ғой. Бұл екеуі бірінсіз бірі күн көре алмаса керек. Сондықтан да біз әдеби әсерді айтқанда, тілге тіреліп, ал тіл қорын зерттегенде, әдеби туындыларға сілтеп отырамыз», – дейді С. Талжанов.

Құмай атауын көктүріктік *Ұмай* есімімен байланыстырып жүргендер зерттеушілер бар. Бүкіл түркі жұртында **жер-ана Ұмай** – шаңырақтың киесі деп ұғынылады, М. Қашғариде «Ұмайқа табынса, оғул болур» деген мақал кездеседі.

Қырғыздарда *ұмай* деп аталған ою-өрнек үлгісі бар, мұндағы ою-өрнек құс бейнесін елестетеді екен. Расында да, қырғыз танымында *Ұмай* – ертегілік құс. Мифтік құмайдың түп ана сипатына ие болуына қарағанда, оның Ұмаймен сабақтас болуы жоққа шығарылмайды.

Ал түрікпендердегі *Хумай* – өзінің көлеңкесі түскен пендесіне құт-бақыт әкелетін мифтік құс. Парсы фольклорындағы

Хумаюн, көне орыстық кітаби фольклордағы гамаюн құстарының бейнелері мен есімдері *түркінің құмай бейнесі мен сөзінен өрбіген болар* деп шамаланады [Мифы народов мира. 1980. – 123-б.]. Парсылар да құмайдың көлеңкесінің қасиеті бар деп санайды.

Халық даналығын жақсы білетін сықақшы қаламгерлер ат беру мәселесінде аң-құстарға тән мінез-құлықты өз кейіпкерінің болмысы мен бітіміне сай аттар таңдай білген. ЗА-дың лингвоментальді қабаттарын зерттегенде, тотемдік, мифологиялық, этнографиялық мәнін ескердік.

Жан-жануар әлеміне қатысты тілімізде сақталып келген түрлі ұғымдар, түсініктер, салт-дәстүрлер, аң-құсқа біткен ерекше қасиет, кимыл-әрекет, түр-түс, тұлға, дыбыс, мінез халықтың да дүниетанымында, болмысында қалыптасқан.

Халық аузында:

*«Түйе сеніп бойына,
Қалған ұмыт жылдардан.
Жатпа қарап, мойыма,
Тайма, именіп ділмардан», –*

деген шумақ жатталып қалған.

Мұндағы: *түйе* – тышқан, *сеніп* – сиыр, *бойына* – барыс, *қалған* – қоян, *ұмыт* – ұлу, *жылдардан* – жылан, *жатпа* – жылқы, *қарап* – қой, *мойыма* – мешін, *тайма* – тауық, *именіп* – ит, *ділмардан* – доңыз. Міне, осылайша халық жыл қайыруды білген және есте тұтқан.

Халық сенімі бойынша, жыл қасиеттеріне байланысты адамдар да сондай қасиетке ие болады.

«Тышқан жылы туғандар белсенді өмір сүреді, байлық-бақытқа ие болады. Сиыр шыдамды, еңбекқор болады. Барыс жылында туғандар бірбет, өркөкірек мінезді болады. Қоян – жігерсіз, ұстамсыз. Ұлулар – байсалды, шешімді, мақсатына жету жолында қайтпайтын қасиетке ие. Жылан жылғылар – көреген, кеменгер, жігерлі. Жылқылар – қызу қанды, тыз етпе, шатақ мінезді. Қой – момын, көнгіш, қарапайым. Мешін – ұқыпты, кейде сараңдыққа бейім болады. Тауық жылғылар – еңбекқор, жайдары. Ит – мейірбан, ынталы. Доңыз жылында дүниеге келген-

дер ұшқалақ, жеңіл мінезді болады» [Ұ.Б. Әділбаева, 2001. 20-б.] деп айтылады.

Ертеде түркі көсемдері қадірлі де ұлы қолбасшының бойынан аңдарға тән он түрлі қасиеттің табылуын талап еткен екен. Ол қасиеттер: бөрі, көкжал, арыстан – батылдық, қабан – қажырлы, аю, түлкі – қу, бит – қан сорғыш, жылан – улы, піл – күштілік.

Бақылау сұрақтары:

Он екі ай мен жыл маусымдарын адам өмірімен байланыстыруға бола ма?

Оқуға ұсынылған әдебиеттер:

1. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы, 1985.
2. Қашғари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы, 1990.

11-дәріс.

Түркі халықтарына ортақ юморонимдер

Тіл-тілдегі лексикалық байлықтың бір алуаны – кейіпкер аттары. Кейіпкер аты, алдымен ол – жалқы есім, яғни жалпы есімге барлық жағынан (грамматикалық, семантикалық, функциялық қызметі) қарама-қарсы ұғым мен категория. Жалқы есімдер (ЖКЕ) кез келген тілдің сөздік қорының біршама бөлігін құрайды да, ономастикалық универсалийдің бірі болып табылады, өйткені олар тарих айнасы ретінде халықтың көптеген мәдени құндылықтарын сақтаған.

Жалпы есімдер (ЖПЕ) лексикалық мағынаға ие болса, жалқы есімдерде бұл қасиет жоқ, олар тек атауыштық қасиетке ғана ие. Олай болса, кейіпкер аттары жалпы есімнен жасалғанымен, жалқы есімге айналғанда, бастапқы ұғымынан, мәнінен, нәрінен айрылады. Ономастикон (жалқы есімдердің жиынтығы) өз құрамына жалқы есімдердің басқа да түрлерін қамти отырып, адамзат қоғамының қызмет аясы мен мәдениет саласының көптеген өрістерімен байланысты болады.

Ауыз әдебиетінің барлық үлгілеріндегі күлдіргі, аты ерекше аталатын фольклорлық аттар, ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиеттен (Б. Майлин, Ж. Аймауытов, І. Жансүгіров, Қ. Тайшықов т.б.), М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов туындыларынан, қа-

зақ драмалық шығармаларынан, қазіргі қазақ сатирасы мен юморлық жанрында жазылған туындылардан, «Ара» журналы (1959–2007) мен мерзімді баспасөз беттеріндегі сын-сықақ мүйісінде жарияланған аты ерекше, күлкілі, тосын қойылған сатиралық және юморлық кейіпкер аттары алынды.

Негізгі мақсат – халық ауыз әдебиетінің қай түрінде болсын, оның құрамында кездесетін антропонимдердің бәрін қамту емес, яғни мифтік бейнелер тарихи тұлғалар мен қасиетті пірлер, әулие аттарының тарихтан мәңгілік орын тебуіне себепкер факторлар мен уәжділікті анықтау; есімі жалпыға айналып кеткен аттар сырын, яғни, «есімі ерекше», «сөйлеп тұрған», «айқайлап тұрған» эмоциялы-экспрессивтік аттарды ұлттық болмыспен сабақтастыра қарастыру, тіл құпиясының адам есімдерінде мол деректің көзі екенін этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу.

Егер сөз бір адам жайында болса, алдымен оның адами қасиеттерінен бұрын есімі еске түседі, әңгіме бір көркем туынды туралы болса, әлбетте, кейіпкер аты ауызға бұрын ілігеді.

Әр халықтың сүйікті кейіпкері болады. Мысалы В.И. Дальдің зерттеуінде *«Ертегілерде поп Иван, Иван ханзада, Ивашка, ақ көйлекті Ивашка, ақымақ Иванушка бірінші орынды иеленді»* [В.И. Даль, 1998].

Алдар көсе, Қожанасыр және Тазша бала жайлы күлдіргі әңгімелер мен ертегілер тек қазақ халқына ғана емес, түркі тектес халықтардың көбіне ортақ мұра. Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі Алдар көсе, Қожанасыр күлдіргі әңгімелері мен Тазша бала ертегілеріне тарихи-мәдени типология, генетикалық типология тұрғысынан да өзара ұқсас болып отырады. Осы топтағы әңгімелердің жанрлық сипатындағы бір-біріне ұқсамайтын өзгешеліктері Анадолы түрік халқының нұсқаларында да толық сақталған. Демек, қазақ халқымен түбі бір түрік халқының әдебиетіндегі Алдар көсе, Қожанасыр және Тазша бала жайындағы күлдіргі әңгімелер, ертегілер, әлеуметтік-сатиралық, адамгершілік-тұрмыстық тұрғыдан дамыған деуге болады.

Жазушы М. Әуезов: «Қожанасырдың өз басы қазақ емес және әңгімелері де әуелде қазақ ортасында туған әңгіме емес... Қожанасыр әңгімесі – көршілес өзбектен ауысып келген «қыдырынды әңгіме». Әңгіме көбінесе Қожа Насырдың шаһарда тұратындығын айта отырады» дейді.

Демек, академик М. Әуезов отырықшылық, қаламен байланысты туғандықтан, Қожанасыр қазақтікі емес деп отыр. Қожанасыр – өзбек, тәжік, әзірбайжан тәрізді түркі халықтарына ортақ кейіпкер. Оның іс-әрекеті, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы күлдіргі болса да, әңгімелері ғибрат-үлгі, сабақ аларлықтай. Қазіргі қолданыста оның аты апеллятивтенген, аңқаулау немесе сөз тапқыш адамды, «өзі бір жүрген Қожанасыр екен» дейді.

Қожанасыр бейнесі түрік тілдес халықтар арасында пайда болғанымен, сөзінің өткірлігі арқасында араб, парсы т.б. халықтардың ортақ әдеби қаһарманына айналған. Қожанасыр атымен байланысты күлдіргі әңгімелер қазіргі заманда құнды мұра болып сақталған. Сондықтан да оны әр халық, солардың бірі қазақ халқының да иемденуі, тіпті өз жерінде оған ескерткіш салуы да түсінікті (Қазақстанда үлкен Жібек жолының бойында, Сырдарияның жағасында бір кезде Қожанасырдың күмбез-бейіті болған деседі. Күмбез-бейіт дарияға қарай қисайта салынған және сыртынан суға қарай итере тіреу қойылған. Күмбезді көрген адам күлмей өтпейтін болған).



Алайда осындай қиыншылықтарға қарамастан, Түркияда көптеген ғалымдар Қожанасырдың ешқандай да фольклорлық кейіпкер болмағандығын, оның XIII ғасырда Селчук / Селжұқ империясы кезінде өмір сүргендігін дәлелдеп жатады. Ол дәлелдер мыналар:

Біріншісі, ол Акшехир қаласының Қожанасыр ауданында, солтүстіктен Текке суы, оңтүстік шығысы мен батыстан Йалвач пен Коньяға баратын жолдармен қоршаулы тұрған кесене, 80 гектарлық жерді алып жатқан моланың ішінде орналасқан. Кесененің қай уақытта тұрғызылғаны жайында ешқандай мәлімет жоқ. Бірақ Қожаның бас жағына кейіннен қойылған мазар тасында Хижра 386 (Милади 996) жазуы бар. Ал бұл уақыттарда Түріктер әлі Анадолыға қоныс аудармаған болатын. Сол себепті жазуды теріс оқу керек. Сонда ғана біз Қожанасырдың Хижра 683 (Милади 1284-85) жылында қайтыс болған.

Қожанасыр қабірінің кітапшасында былай деп жазылған: *«Хазихи'т-Тюрбетю эл-мерхум / Эл мағфур ила-абдихи/ Эл гафур Насру'д- дин / Эфенди рухуна Фатиха сене 386»* (Бұл төбеде жатқан марқұм және кешірімшіл Қожанасыр Әпенді рухына фатиха. 386-жыл).

Түркия ғалымдарынан Қожанасыр бейнесін терең зерттеген И.Х. Данишменд, Исмаил Хаккы Коньялы, Фуад Көпрүлү, Абдулбаки Гөлпынарлы, тарих зерттеушілері Мукремин Халил-Йынанч пен Сайт Сунгур; Гюнай Кут, Рыфкы Мелюл Мерич, Мухаррем Баяр, Ибрахим Алааттин Говса, Феридун Нафыз Узлук, музей директорлары Наджи Кум, Осман Ферид және Абдулкадир Ердоған, Мехмет Чайырдағ, доктор Мустафа Ышык, Микаил Байрам, зерттеуші-жазушы Абдуллах Сатұлы мен Мухсин Ильяс Субашы, тарихшы ғалымдар профессор Тунжер Байкара мен Ахмет Яшар Ожак, Шүкрү Курган, Сайм Сакаоғлы, Фикрет Түркмен сынды тұлғаларды атап өтуге болады.

Дүниежүзінің 25-ке жуық елі Қожанасырды өздерінің тарихымен байланыстырып, өз ұлтының өкілі санайды. Бұл жағынан ең алдында тұрғаны – түріктер мен өзбектер.

Кәдімгі есекке мінген Қожанасырдың шымшыма әзілдері әлем халқының барлығында бар. Арабтар Қожанасырды – Джуха, тәжіктер – Мушфих, ұйғырлар – Саяй Чаккан және Зайдин молда, түркімендер – Кемин, болгарлар мен Югославия халқы – Петр қу секілді от ауызды, орақ тілді кейіпкерлерінен өз «Қожанасырларын» жасап алған. Өйткені бұл – түркі тілдес барлық ұлтқа ортақ тұлға.

Кейде қу, кейде аңқау, бірақ жаны таза, әулиедей суреттелетін Қожанасырды қайсыбір зерттеушілер өмірде шын болған, тарихи тұлға деп қараса, өзгелері оның есімін аңыз-әпсаналармен байланыстырып, әңгімелерін халық фольклоры қатарына жатқызады. Расында, Қожанасыр әңгімелері қай заманға жатады? Дүниеде ондай кісі болған ба, болмаған ба? Оның әңгімелері шамамен орта ғасырларда дүниеге келген сияқты. Бәлкім, мұндай күлдіргі әңгімелер одан да бұрын туған шығар.

Өзбек ғалымы Төремырза Джаббаровтың деректеріне сүйенсек, Қожанасыр Бұхарада туған. «Бұхаралық құмырашы Шермаметтің ұлы жоқ болатын. Бір күні құмырашының әйелі құдайға жалынып, бір перзент сұрайды. Ертеңіне Шермамет базарға апарып сататын құмыраларын түгендеп жатып, үлкен бір құмыраның ішінен бір нәресте тауып алады. Бұхара қаласының заңдарына сәйкес олар 90 күн бойы баланың ата-анасына іздеу салады. Бірақ ата-анасы табылмаған соң Шермамет пен әйелі нәрестені өздері асырап алады. Бала ақылды, зерек болып өседі, әкесіне көмекші болады. Оның жүрегінде әділетсіздікке қарсы жеркенушілік пен наразылық туады; жетімдерге қол ұшын береді» [Cabbarov T. «Nasreddin Noca Dūnya'nın oğlu», 1990].

Халықтың сүйікті бейнесі Қожаның кесенесі Акшехир қаласында «Қожанасыр Кесенесі» деп аталады. 1905 жылы жөндеу жұмыстарына дейін бұл кесененің үсті ашық, қоршалмаған болатын. Қожаның кесенесінде үлкен бір қақпасы және қапада бір ғана құлып болғаны айтылады. Кесенеге 1905 жылы Конья губернаторы Фаик мырза заманында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, сырты алты бағанмен кеңейтіледі. Ашық есіктің үстінде ілулі тұрған қара құлып, әркімді күлдіртіп, ойландырады.

XV ғасырда өмір сүрген ақын Синан Пашаның (Қожа ұрпағынан) Эюп мешітінің ауласындағы мазар басындағы таста бір шежіренің барынан және шежіреде Қожанасырмен байланысты бөлімнің өшіріліп қалғандығы айтылады [N. Sevin, 1965].

Қазақ фольклорына келер болсақ, қазақтың әдебиетші, тілші, тарихшы ғалымдары күлдіргі әңгімелерге ерекше көңіл бөліп, оларды ел ішінен жинап, баспасөз беттерінде жариялап отырған. Осы күнге дейін Т. Әбдірахманов «Қожанасыр әңгімелері» (1965), «Қожанасыр хикаялары» (1977), профессор Б. Кенжебаев «Тымпи» (1981), К. Сейдеханов «Өлген қазан» (1985),

Б. Адамбаев, Т. Жарқынбеков «Ел аузынан» (1985) атты жинақтарды құрастырып, жарыққа шығарды. «Қазақ ертегілері» деп аталатын үш томдық жинаққа енген Алдар көсе, Қожанасыр, Тазша бала есімдеріне байланысты қазақтың күлдіргі әңгімелері мен әзіл-шыны аралас әңгімелердің мол енгізілгенін атап айтқымыз келеді.

Түркі халқының прецедентті есімдерін Г.А. Қажығалиева, Г.Б. Мадиева, Г.К. Исанғалиева, С.К. Иманбердиевалар зерттеді. Орыс тіл білімінде Ю.Н. Караулов, Ю.А. Сорокин, В.Г. Костомаров, И.В. Захаренко т.б. зерттеулері бар.

Н.С. Смирнова Алдар көсе бейнесі жайлы: «Алдар, Тазша, сказочные воры – яркие социальные типы поборников справедливости в сатирической сказке... Будучи, по всей вероятности, образами древними, восходящими к древним дуальным мифам, они перекочевали затем в волшебную сказку (есть волшебные сказки о Тазшах и Алдар-Косе, где они являются оборотнями, схватываются с Жалмауыз-кемпир и т.д.) и, наконец, стали основными героями сатирической сказки», – дейді [Н.С. Смирнова Казахская народная поэзия].

Қазақтың күлкі атасы *Алдар көсенің* қулығы, қазақы қалжыңдары, іс-әрекеті ел арасына кең таралғаны сонша, «қазақ лингвомәдени социумінде стереотипті кейіпкер ретінде қолданылады» [Мадиева Г.Б., 2004. 168 б.]. Ел арасынан қуақы, күлдіргі, жылпос, алдампаз адам шықса, Алдар деген атты берген. Оның себебін ғалым Б. Адамбаев «халық өзінің шығармаларында белгілі адамның бейнесін ғана өзгертіп қоймайды, оның ең алдымен, ісін, сөзін қалауынша ел тілегіне бейімдеп өндеп, өзгертіп жібереді» [Мадиева Г.Б., 2004], – деп түсіндіреді.



Алдар аталуының уәжі, себебі көп. Алдар айналасындағы күлкі екі жағдайдан көрінеді: бірі персонаждың кейпінде, бетіне маса тайып жығылатын жылмағай, жалтыр иекті жылпостың *көсе* атануы болса, екіншісі *Менің атым Алдар* деп айғайлап тұр, өйткені сөздің түбірінде етістік алдау бар. Халық жек көрген

адамдарынан *Алдар* аты арқылы өшін алған, «Алдар қу, Алдардың арбамайтыны, жалмамайтыны» жоқ деген сөз ел аузында мәтелге айналып кеткен. Оның себебін академик М. Әуезов былай түсіндіреді: «Алдар аты – күлкі аты, күлкіге өлім жоқ. Күлкі – өлмес елдің өшпес күші».

Бүгінгі қолданыста жақсы, қуақы, қызықты әңгіме болса, шық бермес Шығайбайдың сараңдығын сынайтын өткір мысқыл болса, Алдар көсе сияқты екен деп қаламыз. Демек, Алдар жинақталған, апеллятивтенген кейіпкерге айналып кеткен. Алдардың аты башқұрт, татар, қырғыз, ноғай, т.б түркі тілдеріне кең тараған.

Қазақ арасында туылып өскен Алдар көсе бейнесі туысқан өзбек, түрікмен ауыз әдебиеті арқылы ертегідегі Жібек жолымен тілі бөлек, Иран мемлекетіндегі парсы тіліне қосылатын халықтар ауыз әдебиетіне «*Алдар*», «*Көсе*», кейде «*Аяр*», «*Шум бала*» (Тентек бала) атымен жетіп барғанын көруге болады. Мысалы, «Персидские сказки»-де Алдар мен Көсенің аты бір қолданбай, жеке-жеке кейіпкер есебінде аталынаатынын көреміз. Алдар да, Көсе де, Аяр, Қу бала да өзінше түрлі-түрлі мазмұн мен пішінді бейнелейді. Бірде өмірден безіп дуана, дервиш пішінінде, кейде ақылды, данышпан, мәртебелі ұлы адам бейнесінде көрінсе, «*Қырық көсе*» аңызында сиқырлы, залым кісі, жағымсыз кейіпкер бейнесінде беріледі.

Қожанасыр мен Алдар көсе – күлдіргі бейнелер. Бірақ екі бейненің халық танымында сомдалуы мен күлдіруінде айырма бар. Халық Алдар әңгімелерінде басқаларды Алдар арқылы мазақтатып, өшін алып отырады. Қожанасыр әңгімелерінде өзі аңғал, аңқау, әпенде болып көрінеді. Қожанасырдың аңқаулығының ар жағында тапқырлық пен қуақылық, ащы мазақ пен мысқыл тұрады.

Түркі халықтары мәдениетіне ортақ бейнелердің ішінде Тазша бала бейнесін атап айтуға болады. Бұл ортақ бейненің әр түркі халықтарында өз атауы бар, мысалы, түріктерде Келоғлан, қазақтарда Тазша бала; әзірбайжандықтарда Кечел, Кечел Мехмед, Кечел Жиен; керкүкте Кечелоғлан; түрікмендерде Келдже Батыр; Қырымда Тазбала; Алтайда Тас, Тастарақай сияқты аттары бар. Сонымен бірге грузиндер «*Таз басты қаз шопан*» атауы осы Келоғлан бейнесіне қатысты қолданған. Немістерде

«Гриндкопф»/»Голденер» деген кейіпкерлердің Келоғланмен кейбір ұқсастықтары байқалады.

Тазша бала – басы таз (айна тақыр) жасөспірім. Тазша дегенде көз алдымызға басында тақиясы бар көзге қораш, елеусіз-деу шынашақтай баланың кейпі елестейді.

Тазша бала тапқыр, қу-айлакер кейіпкерлер қатарына жатады. Халықтың оны тазша деп атауында тұрмыстық мән жатыр, өнебойы мал соңында жүрген баланың басына жара түсіп, таздануы физиологиялық құбылыс. Тазша бала «Қырық өтірікте» мұздың үстіне құрығын, камшысын, пышағын, пышағының қынын шаншып, биіктетіп, жан-жаққа қарайды. Оның үстіне тебен инесін шанышқанда, Темірқазықтың ар жағында жайылып жүрген құлынын көреді. Ғажайып фантазияның, тебеннің арқасында Тазша бала өз дегеніне жетеді. Тебен – магнит екенін Тазша бала қалай білді? Бұл жерде халықтың физикалық құбылысты ертеден аңғарғанын байқауға болады.

Профессор А. Машанов осы фантастикасының құдіретін былай деп түсіндіреді: «Ол фантазия – тебенде. Тебен – магнит. Ал магниттің қандай құпия қасиеті барын қазіргі ғылымның өзі әлі күнге дейін толық шеше алмай отыр». Ғалым А. Машанов Тазша баланың бұл әрекетіне қулық, айлакерлік деп қарамайды, ақылды, дана деп қарайды.

Тазша балаға қатысты өз ойын фантаст – жазушы Абдул-Хамид Марқабает: «Бізге керегі – атам заманда қазақтың көрер көзге қораш бір баласының аузынан бүгінгі таңдағы, ғылым мейлінше шарықтап өсіп, қарыштап кеткен заманда адамды ойландырып тастай фантастикалық идеяның шығуы. Осыған қарап, мен қазақтың тұңғыш фантасы – осы Тазша бала дер едім», – деп түйіндейді.

Сонымен Тазша – қуақы, күлдіргі, тапқыр, бала ғана емес, магниттің, тебеннің қасиетін білген кейіпкер деп атауға болады. Қарабайыр айлакер-қулықтың астарында ежелгі мифтік данышпандық жатқанын ескерсек, фольклорлық кейіпкер Тазшаның құпия да киелі танымға ие пенде екендігін анықтауға болады.

Ғалым Б. Тілеубердиев Тазша концептісінде «қазақ халқының дүниетанымдық, мифологиялық, этникалық танымдары мен көзқарастары сақталған» деген қорытынды жасайды.

Алдар Көсе, Жиренше, Қожанасыр туралы ертегілік аңыздардың Қарақалпақ нұсқалары кездеседі.

Удмурд ертегілерінде **Алдар Иван, Алдар ағай, Иван Алдаров** дейтін персонаждар бар. Ал түрік фольклорында Алдар көсе бейнесі жоқ.

Мұндай күлдіргі бейнелер қатарына шор халқының пор Мукалай деген кейіпкерін алуға болады. Пор (вор) сөзі шор тілінде ұры мағынасынан басқа, қу, ұятсыз, суайт мағыналарының синониміне айналып кеткен екен. Мысалы, пор сөзі **пор Мукалай** «қу» (тау иесі және аңшы) деп кездеседі.

Бақылау сұрақтары:

1. Прецедентті атаулардың критерийлерін атаңыз.
2. Қожанасыр қай халықтың төл кейіпкеріне жатады ?

Оқуға ұсынылған әдебиеттер:

1. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – 34 б.
2. Мәдиева Г.Б. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы, 2016. – 160 б.

12-дәріс.

Түркі халықтарындағы фалеронимдер және идеонимдердің символдық мәні

Фалеронимдер – кез келген қызмет аясы, әскери істегі ерекше белгілі бір оқиғаларға байланысты ескерткіш ретінде тағылатын белгілер (орден, медаль, белгі).

Медаль (фр. *medalle*, итал. *medaglia*, лат. *metallum* металл) – қайсыбір даңқты оқиғаның, көрнекті қайраткердің, жердің құрметіне шығарылатын екі жақты (кейде бір жақты) бейнеленген металл белгі. Әдетте медалдың алдыңғы беті **аверс** артқы беті **реверс** және қыр жағы **гурт** деп аталады.

Әдетте медаль дөңгелек, тік бұрышты, кейде көп бұрышты, сопақша немесе басқа пішінде шығарылады.

Медальдар Ежелгі Римде мәлім болды. Алыс жорықтардан оралған жауынгерлерді ерекше белгімен марапаттау дәстүрлі болатын. Аталған белгіні олар кеудесіне немесе киімінің бұры-

шына тағатын. Жезден немесе күмістен жасалған арнайы белдіктерді фалера деп атады.

Медаль соғу өнері XIV–XV ғасырларда Италияда, Византияда кеңінен тарала бастады.

- Қазақстанда «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат».
- Ғылым, мәдениет, экономика саласындағы жетістіктері үшін, мысалы, Нобель сыйлығының лауреаттарына, халықаралық конкурстардың жеңімпаздарына медальдар тапсырылады.
- Башкортостан «Ана даңқы».
- Чувашия «За заслуги перед Чувашской Республикой»
Ноғайларда «Махаббат пен адалдық үшін».
- Қырғызстанда «Ак Шумкар», «Кыргыз Республикасының Баатыры».
- Өзбекстанда «Жасорат», «Шухрат».
- Түркменияда «Gaurat», «Edermenlik», «Watana bolan soygusi usin».
- Хакасия «Трудовая доблесть Хакасии», медаль Н.Ф. Катанова, медаль «Родительская доблесть Хакасии».
- Шорияда «Золотая Шория».

Орден (*лат.* ordo сап, дәреже, топ) – Рим папасы бекіткен (VI ғасырдан) ерекше жарғы бойынша қызмет еткен монахтық, діни-рыцарлық бірлестіктер, кейбір құпия ұйымдардың атауы, мысалы, масон ордені. Діни-рыцарлық ордендер Батыс Еуропада XII ғасырдан құрыла бастады. Палестинада крест жорығы кезінде (Иоанниттер, Тамплиерлер, Неміс Ордендері), Испания мен Португалияда арабтармен күрес кезінде (Калатрава, Алькантар Ордендері) пайда болды. XIII–XIV ғасырларда Батыс Еуропада ордендер саны күрт көбейді.

Олар бастапқыда христиан дінін тарату, қасиетті жерлерді қорғау және ұлт-азаттық мақсатта құрылған Рим папасына бағынышты діни-әскери ұйым болып саналып, оның мүшелері монах антын қабылдады. Мүшелері бір түсті әрі бірдей нысанда крест тігілген айрықша киім киді. Олар бара-бара жер кеңейту, баю жолына ауды. Кейінірек Ордендер мемлекет басшыларының билігіне көшіп, XIV–XVI ғасырларда ақсүйектерді ынталандыру

қызметін атқарған сарай ордендері құрылды. Мұндай ордендердің де ерекше көркем киімі және айырым белгісі болды. Сол айырым белгілері келе-келе мемлекеттік сыйлық сипатын алды.

Мемлекет және қоғам алдындағы айрықша азаматтық және әскери қызметі үшін берілетін құрмет белгісі.

- Қазақстан ордендері тәуелсіздік алғаннан кейін пайда болды «Алтын қыран», «ҚР Бірінші президенті Нұрсұлтан Назарбаев», «Даңқ», «Айбын», «Парасат», «Достық», «Құрмет», «Барыс», «Еңбек даңқы», «Алтын алқа», «Күміс алқа».
- Татарстан: «Татарстан Республикасына еңбегі сіңгені үшін», «Дуслук».
- Қырғызстан: «Манас», «Баатыр эне», «Данакер».
- Чувашия: «Чуваш Республикасына сіңгені еңбегі үшін».
- Якутия: «Полярная Звезда».
- Хакасия «За заслуги перед Хакасией».
- Түркияда: «Türkiye Cumhuriyeti Devlet Nişanı».
- Гагаузияда: «Гагауз Ери».

Идеонимдер – тілдік интеллектуалды, идеологиялық және көркемдік қызмет салаларының, өнер және әдебиет шығармаларының атаулары.

Ою-өрнек немесе орнаменттер

Ою-өрнек, орнамент (лат. ornamentum – әсемдеу, сәндеу) – әртүрлі заттарды (үй-іші мүліктері, тоқыма бұйымдар, еңбек құралдары, қару-жарак), сәулет ғимараттарын әшекейлеуге арналған, жүйелі ырғақпен қайталанып отыратын әрі үйлесімділікке құрылған өрнек-нақыштар. Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортаң атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе ою-өрнек деп қосарланып айтыла береді.

Қазақ халқының ою-өрнек, нақыштары

Байырғы скиф-сақ заманынан бастап өмір шындығын ою-өрнекпен бейнелеуге машықтанған көшпенділердің нысандық мәні бар қолөнер дәстүрі қазақ арасында айқын сақталған. Сондай қолөнерлерде «қарғатұяқ» оюы да кездеседі. Қарғатұяқ оюы көбінесе құт-берекенің қорғаны ретінде қолөнер мүлкін көмкеруге, жиектеуге қолданылады. Сондай-ақ қазақ даласында жартастар суреттерінде, әсіресе құлыптастар мен балбалтастардағы қарға суреті жиі ұшырасады. Алтайдың оңтүстігінен қазылған қорғандардан қарға бейнесінде құйылған ат ауыздықтары табылған. Ал Алтын Орданың хандары қарға бейнесі салынған тиындар шығарып отырған [С. Янин. Монеты Золотой Орды, 1970].



Қазақ халқының ою-өрнек өнерін жан-жақты зерттеуге ғалымдар мен өнертанушылар, тарихшылар мен этнографтар ат салысты. Ал Еуропа, орыс өнертанушы ғалымдары бұл туындыларды XVIII ғасырға дейін зерттеп, көптеген ғылыми еңбектер жазып қалдырды. Төл өнерімізді зерттеуге В. Вансолов, А. Хедона, саяхатшы Джен-Кинсон, Р. Карутц, С. Дудин, В. Радлов, В. Баргольд, Е. Шнейдер, М.Ф. Рындин т.б. сол сияқты көптеген орыс және Еуропа ғалымдары мен жиһанкездері елеулі үлес қосты.

Қазақ оюлары мазмұны жағынан, негізінен, 3 түрлі ұғымды бейнелейді: мал өсіру мен аңшылықты, жер-су, көшіп-қону

көріністерін, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді.

- «Жұлдыз» – өрнек геометриялық сынық сызықты тұспалдайды. Жұлдыз бейнесі композицияланған ою-өрнектердің ортасында кездеседі.
- «Жұлдызгүл» – бес бұрыш жасап, гүлмен өрнектеліп, бес тармақтан тұратын гүлді тұспалдайды.
- «Күн» – ою-өрнегі күнді меңзейді.
- «Мүйіз» – мүйіз оюдың ең көне мәнері.
- «Қосмүйіз» – малдың екі мүйізін бейнелейді. Кейде «ырмақ», «ілемек» деп аталатын оюларды «қосмүйіз» дейді.
- «Арқармүйіз» – бұл элемент «қошқар мүйізге» ұқсас, бірақ оған қарағанда шиыршықтанып, тармағы одан көбірек болып келеді.
- «Сыңар мүйіз» – қошқармүйіздің бір жақ сыңарын бейнелейтін өрнек.
- «Қырықмүйіз» – біріне-бірі жалғаса, тармақтала қосылған көп мүйізден тұрады. Негізінен, мүйіз бейнеленген оюлардың барлығының символдық мәні бақыт-береке, байлық, мал-жанының көбеюі.
- «Төртқұлақ» – өсімдік тектес оюларға жатады. Бұл Пазырық қорғанынан табылған ең көне оюлардың бірі. Кесте өнерінде батырлар шапанының жауырынына, шалбардың тізе тұсына салынған.
- «Үшжапырақ» – өсімдік тектес оюларға жатады. Ертедегі сәулет өнері ескерткіштерінде кездеседі.
- «Түйемойын» – түйенің мойнына ұқсаған мүйіз оюына жатады.
- «Ботагөз» – әшекейлі композиция ортасына салынады.
- «Тіс» – малдардың, аңдардың тістеріне және шахмат тақтасына ұқсайтын ою-өрнек.
- «Таңдай» – мал таңдайының бедерін бейнелеуден шыққан.
- «Құсқанаты» – қанатын жайып ұшып келе жатқан құсты бейнелейді.
- «Шет ою» – өрнектің бір элементі шексіз қайталана берді. Сырмақ, киім-кешектердің басқа да үй жиһаздарының жиектерін кестелеуде, сәулет өнерінде қолданылады.

- «Ирек», «ирексу» өрнектері бешпеттің, қамзолдың, шапан мен тақияның жиектеріне салынады.
- «Гүл», «жапырақ», «қоза» өрнектері – барлық гүл түрін тұспалдайды. Бұл өрнектер қолөнердің барлық саласын қамтиды.
- «Су өрнегі»

Алтындап тігуде, көбінесе, бедерлі, бедерсіз тігу әдісін қолданады. Алтындап тігу кестесіне маржандап тігуді де аралас жүргізеді. Алтын жіппен тігу – түркі халықтарының бәріне тән өнер. Алтын кестелі тон, шапан, айыр қалпақ, кемер белбеу, сал шалбар, қамзол, сәукеле әдемілік әшекейінің ең асылы және бағалысы болып есептеледі.

Башқұрт халқының ою-өрнектері – тұрмыстық, әшекей, қару-жарақ, тоқыма бұйымдарын, безендіруге арналған геометриялық, өсімдік немесе зооморфты элементтерді қайталауға және ауыстыруға негізделген үлгі. Башқұрт ою-өрнектерінің симметриялы болып келуі осы этностың әлемді қабылдауын көрсетеді. Онда қарама-қарсы құбылыстар бар: ақ-қара, күндіз-түн, жақсы-жаман, жарық-қараңғылық, ер-әйел, оң-сол және т.с.с.

Кестелерде әртүрлі гүл үлгісімен сипатталады: қызыл, сары және жасыл көп қолданылады. Контраст түс ретін пайдаланады. Ою-өрнектегі спираль тәрізді өрнектер мата қолдануға және тоқу мен контур тәрізді кесте үшін «қиғаш торлы», гауһар пішінді және х-пішінді өрнектермен кесте үшін қолданылады. [Башкиры: Этническая история и традиционная культура, 2002].



Татар халқының ою-өрнектерінің мотивтері

Татарлардың ұлттық оюлары «Татар мили бизәкләре» деп аталады. Татар дизайнерлары мен әшекейлерінің 3 түрі бар: геометриялық, гүлді және зооморфты. Керемет сипаттамасы – олардың контурлық аяқталуы, бұл адамдарға, ең алдымен, қайта туылу символы. Қызғалдақ Татарстанның туында, екіншіден, қызғалдақ мұсылман әлемінің діни көзқарасымен тығыз байланысты. Гүл Аллаһтың атымен байланысты. Араб тіліндегі өсімдіктің атауы мұсылман әлемінің құдайы атымен бірдей әріптерден тұрады.



Чуваш халқының ұлттық ою-өрнектері

Кесте (тӗӗ) – бұл чуваш халқының мақтанышы. Онымен әрбір чуваш қыздары айналысқан. Чуваш ұлттық ою-өрнектерінің түстері қызыл, ақ және қара түстер жиі кездеседі. (Искендеров Ф.В. Азбука чувашских орнаментов и эмблем / перераб. и доп. изд. Ф.В. Искендеров, И.Ф. Искендеров, Е.Ф. Костина. – Ульяновск, 2008. – С. 4.).



1. *Йёпкён – контурлық тігіс немесе кескіндеме*
2. *Чърмалла – бірқалыпты тегіс жік *
3. *Хантәс – кішігірім қисық тігіс*
4. *Асма хантәс – жоғарғы тігіс*
5. *Хуралла – жиынтық немесе жоғарғы жиегі*
6. *Эрехле – жай крест*
7. *Майралла – мордовалық крест*
8. *Шулам – қисық тігіс*
9. *Чёпчёрке – қақпаның шетіне шығыңқы*
10. *Касман шәйтәкла – шырша тәріздес*
11. *Хәю – сабақты тігіс*
12. *Екіжақты тігіс*
13. *Чёнтёр*
14. *Йёп ум – тамбур*
15. *Сиктеряллё – жинақ*
16. *Шяркени – қабаттасу тігісі*
17. *Ухмахтёрё – жеңіл-желпі тігіс*

Сәндік кілем композицияларының элементтері ұлттық рәміздер болып есептеледі және олардың кескінөрнектері таңғалдырады. Кілемдер Шығыста ұзақ уақыт бойы бағаланып келеді, Түрікменнің кілемі тек интерьер және өнер туындысы ғана емес, сонымен қатар түркмен халқының тарихы, оның жаны мен мәдениеті: халықтық символына айналды және рухани- материалдық мәдениеттің маңызды элементіне айналды.

Кілемдер Шығыста ұзақ уақыт бойы бағаланады, тек түркімендер тек халықтың жарқын символына айналды және рухани және материалдық мәдениеттің маңызды элементі болды.



Геортоним – мереке, мейрам аттары.

Алтайлықтардың «Тяжылдыр» мейрамы

Алтай тілдес халықтардың ең басты мейрамы «Тяжылдыр» / «Жасыл жапырақтар» деп аталады. Ол мейрам жаздың басталғанын білдіреді. Бұл мейрам орыстың «Троиц» мейрамына ұқсайды. Мейрам маусым айында, ай туғанда тойланады.

Күз айында «Саарылдыр» / «Сары жапырақтар» мейрамын атап өтеді. Бұл кезде алтайлықтар қыстың жайлы болуын сұрайды. Екі жылда бір рет Таулы Алтайда Эл-Ойын деп аталатын ұлттық ойындар мейрамы өткізіледі. Бұл мейрамға Алтай ауданының (аймақтарының) барлық өкілдері, Моңғолиядан, Тывадан, Қазақстаннан келіп қатысады. Әртүрлі сайыстар, спорттық жарыстар, концерттік бағдарламалар, ұлттық киім көрмесі сияқты іс-шаралар өткізіледі.

Якуттардағы Ысыах күн мерекесі.

Кангалас якуттарының аты аңызға айналған аталары Эллей Ысыах мерекесін алғаш ұйымдастырған адам болып саналады. Ол қайыңнан соғылған үлкен ураса шатырының ішіне көтеріңкі пеш орнатып, от жақты. Көктал жапырақтарымен пештің үстін жауып, қалғанын урасаның есігінің алдына шашты. Аулаға дөңгелене жас қайың көшеттерін отырғызды. Урасаның Күннің шығысына (солтүстік шығыс) бағытталған есіктері ашық болды, ураса ішінде ру ақсақалдары мен үлкендері жиналатын еді. Олар беттері шығысқа қарап тұратындай қалыпта отырды.

Барлық дайындық тәмәмдалған соң, атақты Эллей чоронға қымыз құйып, оның үстіне бір түйір май тастап, ат терісінен жасалған төсемеге аяғымен тұрып, жүзін шығысқа қарай бағыттап, қолындағы ыдысын жоғары көтерді. Алдымен ол құдайлардың арасындағы ең бастысы Юрюнг Айыы Тойонаға: «Сен сыйлаған аспен сені ардақ тұтамын, жанымның қуанышын саған жеткіземін!» деп, қымызды аз-аздан үш рет отқа тамызып, бас құдайға дәм татқызуын осылайша білдірді.

Одан кейін күннен біраз бұрылыңқырап, қолындағы ыдысын Хомпоруун Хотой Айыы (Айыы құдайы – құстардың қорғаушысы) құрметіне үш рет қымыздан тамызды. Біраз оң жаққа қарай бұрылып Дьёсегей Айыы Тойона (айыы құдайы – аттар-

дың ата-бабасы) құрметіне қолындағы тостағанын көтерді, одан кейін Иэйэхсит Хотун (айыы әйел құдайы) құрметіне, одан кейін Аан Алахчын Хотун (иччи құдайы – Жер иесі), оған қоса Аал Уот Иччитэге (иччи құдайы – от иесі) арнап қолындағы тостағанын көтерді. Рәсімді орындаушы діни алғыс әнін орындап жатқанда, кіреберісте жүздерін шығысқа қаратып тұрған екі бозбала қолдарында чоронның жоралғы үшін қажет ыдысын ұстап тұрды. Құдайлар мен қорғаушы күштерге мадақ айтып болған соң, ол тізерлеп осы ыдыстағы нәрсені ішті және айналасындағыларға ішкізді. Ішіліп болған соң, барлығы бірауыздан «Уруй!» деп жар салды. Бұл рәсім кезінде әйелдерге ураса ішінде болуға тыйым салынатын.

Бақылау сұрақтары:

1. Түркияның наградаларына классификация жасаныз.
2. Орнамент пен декоратив сөздерінің мағынасын түсіндіріңіз.

Оқуға ұсынылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан»: ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1997. – 6 т.
2. Медальдардың пайда болуы, http://medali.org/istoria_vozniknovenia.html
3. «Қазақстан»: ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1998. – 7 т.

3-тарау

ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК: ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДЕГІ ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

13-дәріс.

Пареомиология: мақал-мәтелдер құрамындағы жалқы есімдер

Ономастикалық атаулардың толық жинағын белгілеу үшін ғалым В.Н. Топоров «ономастикалық кеңістік» терминін қолданды. Бұл ғылыми термин бізге ономастикалық кеңістіктің көлемі, оның құрылымы, оның құрамдас бөліктерінің сыныптары, тілдегі көп немесе аз көрінісі туралы, ономастикалық сөздік санаттарының құрылымы туралы және т.б. туралы айтуға мүмкіндік береді. В.Н. Топоров ономастикалық кеңістік әрқашан бетон екенін дәлелдеді. Әртүрлі мәдениеттерге, аумақтарға, дәуірге жататын адамдарда ономастикалық кеңістікте өзгеше мазмұн бар. Бұл жағдайда әртүрлі көзқарастар бар. Ономастикалық кеңістік белгілі бір уақытта белгілі бір адамдардың өкілдігінде бар әлемнің үлгісімен анықталады, бірақ онда бұрынғы дәуірдің элементтері үнемі сақталады.

Ономастикалық кеңістік, яғни адамның жеке атауын қоршаған әлем, нақты жердегі немесе жердегі кеңістікте аталған объектілермен бірге орналастырылған, сондай-ақ көркем немесе гипотетикалық кеңістікте өзгеретін түрлердің үздіксіз сериясы болып табылады.

«Мың өліп, мың тірілген» түркі халқының талай ғасырларды тамсандырған ұшқыр ойы мен даналығынан туған бай ауыз әдебиеті, шежіре тарихы, рухани байлығы, мәдени мұрасы, тіпті саясаты да жалқы есімдердің қатысымен жасалған, халық даналығынан қандай да бір тарихи оқиғаның, құбылыстың бейнесі ашық көрініс тапқан.

Антропоцентристік пареомиология «Тіл төңірегіндегі адам» деген принципіне негізделген мақал-мәтелдердің құрамында жалқы есімдердің кездесуі.

Пареомиологияда мақал-мәтелдер мен фразеологияны теориялық тұрғыдан қарастыру – әлі де болса шешімін таппаған мәселе. Мақал-мәтелдерді фразеологияның құрамында қарастыруды В.Л. Архангельский, С.Г. Гаврин, В.Н. Телия еңбектерінен кездестіреміз. Біз фразеологияның құрамында мақал-мәтелдерді қарастырған тілші ғалымдардың (Ө. Айтбаев, Г.Х. Ахунзянов, В.В. Виноградов, Б. Дина, Р. Сәрсенбаев, В.Н. Телия, Н. Уәлиұлы, т.б.) еңбектеріне теориялық-әдістемелік негіз ретінде сүйенеміз.

«Мақал» сөзі араб тілінен енген. 1889 жылы Н. Исәнбеттің «Татар халық мақалы» жинағының бірінші томында берілген мысалдарда, арабтарда «мекели меканын мекал» – «әр іске лайық сөз бар» деген мақал бар көрінеді. Сонда «мақал» деп жүргеніміздің о бастағы мағынасы «орынды сөз», яғни «тиісті жеріне дәл айтылған сөз».

Әр тілде мақал сөзінің әртүрлі берілгенімен, олардың берер семантикалық мағынасы бір. Мысалы, өзбектерде – *мақал*; әзірбайжандарда – *аталар сөзі*; чуваштарда – *ваттисам калани* (*қариялардан қалған сөз*) десе, басқа да түркі тілдес халықтарда мақал мен мәтел қосарланып жүреді. Қырғыздарда – *мақал мен лақаптар*, түрікмендерде – *нақылдар ве аталар сөзі*, ұйғырларда – *мақал вә тәмсил*, татарларда – *мәкаль һәм әйтәм* деген терминдерді қолданады.

Демек, қай халықтың болмасын, мақал-мәтелдерді қатты қадірлейтінін, әрі олардың өзара айырмашылығын, мәнін терең түсініп, тірлігіне қажет еткендігін аңғарамыз. А.А. Потемня мақал-мәтелдердің семантикасы туралы зерттеуінде, шағын образды мәтелдер «ой тұтастығы» нәтижесінде тұрақты тіркеске айналуының екі түрлі жолын көрсетеді: а) аңыз желісі қысқара келе, оның тұтас желісі ойда сақталып, қажет болса, бірден ойға оралып, тіркес тиянақтауға дайын тұрады; б) аңыз, мысал әңгімелер мәтіннің тұтас бейнесі, мазмұны мақал-мәтелге айналады. Ұзақ әңгіменің қысқарып мақал-мәтелге айналуы – адам ойы мен ойлау қабілеті жетістігі, – дейді

Түркі халықтарының мақал-мәтелдерінің бастау көзі сонау Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастау алады.

ХІІ–ХІІІ ғасырлардан бізге жеткен жазба ескерткіштердің тілінде мақал мен мәтелдер баршылық. Мысалы: Орхон жазбаларында: «Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген» («Күлтегін»), «Өлімнен ұят күшті» («Тоныкөк») деген мақал-мәтелдерді кездестіреміз.

Махмұт Қашқаридің «Дивани лұғат-ит түрік» сөздігінен: «Ұлық болсаң, кішік бол, халық үшін бәлік бол», «Құдатғу біліктен»: «Біліп сөйлеген білекке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр» дейтін мақал-мәтелдерді байқауға болады.

Бұл деректерге сүйене отырсақ, мақал-мәтелдердің бастауы сонау көне ескерткіштерден бастау алғанына көз жеткіземіз.

Халық даналығының құнарлы да ауқымды саласын мақал-мәтелдер құрайды.

Мақал мен мәтелдердің түркі тілдерінде 3 түрлі қолданысы байқалады.

1. Атаулардың көне баламасы

- қазақ тілінде – «аталар сөзі», «аталы сөз»
- түрік тілінде – «ata sozii // darbimesel»
- түрікменше – «аталар сөзи»
- башқұрт тілінде – «тапқыр һуз»
- тува тілінде – «үлегер домақ» // «чечен домақ»
- алтай тілінде – «кёп сбс»// «укаа сбс» т.б. қолданылады

2. «Мақал» мен «мәтел» бөлек қолданыста:

- татарша – мәкаль, әйтем
- түрікменше – накыл
- өзбекше – мақол, матол
- қырғызша – мақал, матал т.б.

3. Қос сөз арқылы:

- қазақ тілі – мақал-мәтел
- қырғыз тілі –мақал-матал
- ұйғыр тілі –мақал-тәмсил
- әзірбайжан тілі – зәрби-мәсәл.

«Мақал», «мәтел» атауларын төркіндетіп қарасақ, екеуі де араб тілінен ауысқан сөздер. Олар араб тілі мен арабтармен ертеден жіті араласқан иран (ауған, парсы, тәжік т.б.) халықтарының тілдерінде де қолданылады. Мысалы, араб тілінде: maqal – 1) «айту»; 2) «сөз»; 3) «мақал», «мәтел»; 1) «үлгі», «өрнек»;

2) «мақал», «мәтел» [Рустемов Л.З. Казахско-русский словарь арабско-иранских заимствованных слов, 1989].

Сонымен, қазақ (мақал-мәтел), қырғыз (мақал-матал), өзбек (мақол-матол) т.б. Орта Азия халықтарының тіліндегі бұл атаулар оларға ауған, парсы, тәжік т.б. иран тілдерінен ауысқан деп жорамалдауға болады. Мысалы, «Тәжік-орыс тілі сөздігінде» бүгінгі тәжік ауызекі тілінде: матал – «ертегі, аңыз, мысал» деп алынған, ауған тілінде: матал – «мақал, мәтел» [Русско-афганский словарь (пушту), 1973].

«Мақал» мен «мәтел» терминдері – «аталар сөзінің» баламасы деп те қарастыруға болады.

XIX ғ. 30-60 жылдары түркі мақал-мәтел жанрын зертеп жазылған көптеген жинақтар пайда болды. Фольклор жанрына көп үлес қосқан ғалымдардың бірі И.М. Снегирев, С.В. Максимов, М.И. Михельсон А.А. Потебня осы жанр бойынша үлкен жинақ топтастырады. Саха тіліндегі мақалдар бір немесе екі сөйлемнен құралады.

Мысалы: *Ким улэлээбэт, ол аһаабат // Кім жұмыс істемесе, сол ас ішпейді.*

Саха тілінде мақалға өзінің құрылыс жағынан мәтел жанры жақын. Мәтел де саха фольклорында айрықша орынға ие.

Үлэ уксэ, тыл агыйага учугэй / Көп іс – аз сөз.

Бій-күн ыһыаһа онгордо// *Мен мұны Күн мен Айдың құрметіне арналған мерекедегідей жасадым.*

Көктемде құдайлардың құрметіне өткізілген мерекеде ойындар өткізіледі: сүт өнімдерін пайдаланады. Нақыл сөз біреу азық-түлікті есепсіз және үнемдемей таратқанда пайдаланылады.

Бій-Күн курдук алтыһы ахпыт // Бір кезде Ай мен Күн табысса, біз де табысамыз.

Қырғызша.

Ай толгонун билбейт, жигит болгонун билбейт // Ай толғанын байқамайды, жігіт өскенін байқамайды (ересек болғанын түсінбейді).

Айдың жартысы қараңғы, жартысы жарқын (қайғы-қасірет бар, қуаныш та бар). Өмірде ақ және қара жолақ бар .

А.А. Потебня ММ-дің семантикасы туралы зерттеуінде, шағын образды мәтелдер «ой тұтастығы» нәтижесінде тұрақты

тіркеске айналуының екі түрлі жолын көрсетеді: а) аңыз желісі қысқара келе, оның тұтас желісі ойда сақталып, қажет болса, бірден ойға оралып, тіркес тиянақтауға дайын тұрады; б) аңыз, мысал әңгімелер мәтіннің тұтас бейнесі, мазмұны мақал-мәтелге айналады. Ұзақ әңгіменің қысқарып мақал-мәтелге айналуы – адам ойы мен ойлау қабілетінің жетістігі.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде адам есімдер кездеседі:

*Түгел сөздің түбі бір,
Түп атасы – Майқы би.*

*Аяз би, әліңді біл,
Құмырсқа, жолыңды біл.*

*Қырықтың бірі – Қыдыр
Мыңның бірі – Уәли.*

*Құт қонған елде
Қыдыр қыдырып жүреді.*

Қыдыр дарыған адамның қара суы да ұйып қалады.

*Қыдырдың қасында болғанша
Бұлақтың басында бол.*

Этнонимдік мақал-мәтелдер.

«Татар» ұғымы, атауы әртүрлі кезеңдерде өзара байланыссыз этнологиялық қауымдастық пайда болды. Орта ғасырдың батыс еуропалық мәдениетінде орыстарды татарлар деп атау үрдісі болған. Татар концептісінің сол кездегі орыс әскерлері Алтын Орданың ықпалында болуынан осындай тұжырымдаманың пайда болуына фактор болды. Тартар деген атау осы кезде пайда болды деуге негіз бар.

Паремиологиялық бірліктерде «татар» түсінігі айқын көрінеді: «Татардың камшысы өте мықты», «Садақтың оғы татарға атылмайды». Олардың көпшілігі оң бола бермейді: «Ал күш бар, бірақ ерік жоқ».

Поэтикалық ономастика – әдеби көркем туындылардағы жалқы есімдерді (поэтонимдер) зерттейтін ономастиканың бір тармағы пайда болды. Бұл терминді алғаш рет өз зерттеулерінде

орыс антропонимистері Ю.А. Карпенко, Э.Б. Магазаник, В.М. Калининдер т.б. қолданды.

Ономапозтика немесе поэтикалық ономастика көркем әдеби туындылардағы жалқы есім атаулыны (кісі есімі, жер-су аты, аң-құс аты, өсімдік атаулары, планета аттары т.б.), олардың құрылым принципін, мәнерін (стиль), мәтіндегі қолданысын зерттейтін, оқырманның қабылдауы мен қаламгердің эстетикалық-идеялық көзқарасын білдіретін, мақсатын айқындайтын ономастиканың бір тармағы.

Ән мәтіндерінде кездесетін поэтонимдер

Қазақ әндері қай жағынан алып қарасақ та мұхиттай терең, көркемділігі жағынан аса нәзік те күрделі болып келеді. Мәтіндерде жалқы есімдердің антропоним, топоним т.б. түрлері кездеседі.

«Қамажай» – түркі тілдес халықтары арасында кеңінен таралған қазақ халқының «Қамажай» атты әнінен биленетін би. Әннің аталуы қыздың есімінен алынған. Қазіргі тілдік қолданыста қамажай көйлек деген кездеседі. Зерттеуші Қондыбай Серікбол осы сөздің астарында қазақ халқының 5000 жыл бұрынғы тарихи болмысының бір сәті сақталып қалған дейді. «Қам – ежелгі дей-түркілердің мифологиялық дәстүріндегі жылан кейпінде суреттелген ұрғашы тәңір иелердің бірі. Оның жыланша ирелендеген кейпі мен қимыл-қозғалысы бидің негізін құрады» деп тұжырымдайды.

«Қамажай»

*Басында Қамажайдың бір тал үкі,
Айрылып Қамажайдан болдым күлкі.
Айрылып Қамажайдан отырғанда,
Келеді қай жағымнан ойын-күлкі.*

Әнші Мұса Байжанұлының (1835–1929) жаяу аталуының бірнеше жағы бар. Баянауылдың аға сұлтаны Мұса Шорманов оның астындағы атын аударып алып, жаяу қалдырады, екінші жағынан аға сұлтан оның өзімен аттас болғанын жақтырмайды, сөйтіп ол Жаяу Мұса атанды.

«Жаяу Мұса»

*Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса,
Жарасар қамзол сұлу, белін буса.
Шорманның Мұстапасы атымды алып,
Атандым сол себептен Жаяу Мұса.*

Қожаберген жыраудың «Елім-ай» өлеңі қазақ халқының басына түскен зобалаң символындай болып халық жадында қалды: жоңғар басқыншыларының басып кіруі, әскери қақтығыстар, ойран салу, қырып – жою, талап-тонау, аштық, ауа көшу.

«Елім-ай»

*Қаратаудың басынан көш келеді.
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айырылған жаман екен,
Екі көзден мөлдіреп жас келеді.*

Башқұрттардың халық әндері / Башқорт халық йырзары

«Ақбозат», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Күсәк бей» секілді эпикалық поэмалар – башқұрт тарихының түрлі кезеңдерін бейнелеген кесек туындылар. XVII–XIX ғасырда әуезді, сырлы, шерлі, әнмен айтылатын «Салауат», «Азамат», «Орал» сияқты тарихи жырлар, «Зұлхиза», «Шаура» секілді аңыздары бар. Башқұрт халқының әзіл әндері өте көп «Алты егет», «Закария-камая», «Загара», «Менің Гюль-кайым», «Гульназира, Ямиля» т.б.

АҒИЗЕЛ

*Ағизелкәй кайза? Ай, тугайза.
Ағизелкәй һымак һыу кайза?
Ағым һыу, Ағизел буйзары.
Ағизелкәй һыузың, ай, буйзары,
Йәмле сағы уның язғы айза.
Ағым һыу, Ағизел буйзары.*

Қарашай-малқарлардың әндері.

Халық арасында мынандай мәтел тараған: «Джырны этилгени Къарачайда, джырланнганы Басханда, эштилгени Чегемде» // «Ән Қарачайда жазылады, Басханда айтылады, Чегемде естіледі». Бұл сөздің шығу себебі әннің ең соңында өзгеріске түсіп, бастапқы нұсқадағы колориттен айрылып қалатыны.

Алғашқы қарашай-балқар поэмасы – «Каншоуби и Гуашагаг». Сюжеті нақты оқиғаларға негізделген. Өлеңнің кейіпкерлері – XVII ғасырдың құжаттарында белгілі ханзада Бекмұрза Қырымшамхалов пен оның ұлдары Елбұзық, Камгутби, Каншоуби және Ғилястан, сондай-ақ Крымшахаловтардың Гуашагагтың келіні туралы. Олардың есімдері Балқария мен Қарашай топонимиясында көрініс тапты:

*– Кел, Къарачач,
Къара Таиха барайыкъ,
Жиляй, жиляй Къара Таины узунуна жарайыкъ.
«Мен да жарылама, сен да жарыл,
Къара Таи!» – деп, жиляйыкъ.
– Кел, Къарачач, Къара Таидан
Тебен таргъа къарайыкъ,
Къанишаубийим келе эсе,
Жюрюгенлеге сорайыкъ,
Келмей эсе, жиляй-жиляй турайыкъ...*

XIX ғасырдың көркемдік әдісі қарашай-балқар жыршылары сүйіктісінің аты-жөнін еске түсірмеу үшін есін түрлі теңеулермен ауыстырып кеңінен қолданылған:

*Аталгъан атынг – Анисат,
Атагъан атым – Акътамакъ,
Эй! Айбатлыкъ атынг – Акъбулут,
Селешалмайма, тутулуп,
Талпытхан атынг – Таумарал.
Тансыкълыкъ атынг – Алтынджол.
Шериат атынг – Джан нохчукъ,
Кертилик атынг да – Нюр чохчукъ.
Сюймеклик атынг – Сурахай,
Арицудукъ атынг – Толгъанай.
Эй, тазалыкъ атынг – Акъбабуш...*

Сахалардың халық әндері / Сахалыы ырыалар

Олонхо – якуттардың байырғы эпостық өнері. 2005 ж. ЮНЕСКО олонхоны «адамдардың ауызша және материалдық емес құндылықтарының бірі» деп таныды. Олонхоны ғалымдар «солтүстік Илиадасы» немесе «якут Одиссеясы» деп атайды. Олар көп жағынан эллиндердің және басқа да көне халықтардың мифіне ұқсас. «Болған жағдай» деген мағынаны беретін «олонхо» деген сөзбен, бүкіл эпос, сонымен қатар оның 10-нан 40-қа дейінгі жолынан тұратын жекелеген үзінділері де атала береді. Ең ұзақ олонхоны олонхо-айтушы ертекішілер үзіліссіз жеті күн, жеті түн айтқан.

Якуттар үшін олонхо барлық уақытта да тек көңіл көтеру ғана емес, сонымен қатар әлемді, адамзатты тану құралы болған. Олонхо ең алғаш рет XIX ғасырдың 40-шы жылдары орыс ғалымдары жазып алған. Олонхоның атауы «Нүргүн бутур», «Эр Состох», «Джирим бине жирлата» және басқалар. 2005 жылдың 25 қарашасында ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік ұйымы Якут Олонхо «Нюргюн Бутурдың құлшынысы» адамзаттың ауызша емес материалдық емес мұрасының шежіресі ретінде танылды. Сахалар халық әндерін көмеймен орындайды [Илларионов В.В. Искусство якутских олонхосутов, 1982].

Бақылау сұрақтары:

1. Антропонимдер түрлерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қандай белгілері бойынша анықтауға болады?
2. Антропоним классификациясына қандай ережелер негіз болды?

Оқуға ұсынылған әдебиеттер:

1. Жапаров Ш. Киргизская антропонимия. – Алма-Ата, 1989.
2. Кыргыз эл ырчылары / баш сөзүн жазған жана түзгөн Батма Кебекова. – Бишкек: Адабият жана искусство институту, 1994. – 180 б.

14-дәріс.

Түркі халықтарындағы табу сипатты аттар

Әр халықтың дәстүрлі атау беру үрдісі бар, яғни семантикалық моделі болады. Табу және эвфемистік сипаттағы аттар

адам, қоғам өміріндегі әлеуметтік, наным-сенім, салт-дәстүр нормаларының тілдегі орныққан көріністерінен туған. «Табу мен эвфемизмдер – кез келген халықтың тілінен орын алған ауқымы кең этнографиялық лексика. Сондықтан да оларды этнография мен лингвистиканың шектес аймағын зерттейтін этнолингвистика ғылымының объектісіне жатқызған жөн» деп профессор Ә. Ахметов тілдегі этнолингвистикалық құбылыс ретінде қарайды. Ғалым оның себебін дәстүрлі наным-сенім, миф, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, қоғамда қалыптасқан этикалық нормалармен байланыстырады.

Табу мен эвфемизмдердің этнолингвистикалық құбылыс екендігінің белгісін лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте берілген анықтамадан да байқауға болады: Табу (полинезиялық) – белгілі бір сөздерді, өрнектерді немесе тиісті аттарды қолдануға тыйым салу. Табу феномені тілдің сикырлы функциясымен байланысты, яғни тілді қолдану арқылы әлемге тікелей әсер ету мүмкіндігіне сену. Табу тұжырымдамасы эвфемизм тұжырымдамасымен тығыз байланысты.

Табу ерте замандардағы адамдардың мифтік танымына сәйкес кейбір заттардың аттарын тікелей айтуға қорқып, тыйым салынуынан қалыптасқан. Бұл құбылыс әдетте *табу* деп аталады. Бұл проблеманың қазақ және түркі тілдегі табиғаты, тілдік көрінісі Ә. Ахметовтің еңбегінде арнайы зерттелген. Солардың нәтижесінде оның дәстүрлі мәдениетпен сабақтастығы, оның генезисі анықталады.

Қазақ – халқының салт-дәстүріндегі бір ерекшелік, жақсы дәстүр жалғастығы – кішіпейілділік пен сыпайылық танытуды көздеген ат тергеу салты. Қазақ әйелдері ат тергеуде кім болса, соны тергемейді, әсіресе күйеуі жағының жақын туыстарының атын атамаған немесе келіндер ерекше тапқырлықпен қайын жұртындағы адамдарға мәнерлі, қызықты аттар қояды.

Ертеде бір атаның балалары *Өзенбай, Қамысбай, Қойшыбай, Қасқырбай, Пышақбай, Қайрақбай* аталған екен. Қойға тиген қасқырды үйіне былай деп хабарлайды:

*Сарқыраманың ар жағында,
Сылдыраманың бер жағында,
Маңыраманы ұлыма жеп жатыр,
Жанымаға сүйкемені әкел.*

Тілші-ғалым Ә. Хасенов эвфемизм мен табу құбылысын лексиканың қалыптасып баю барысындағы тарихи тұрғыдан семантикалық тәсіл қатарында қарастырып, нақты антропонимдерге қатысты былай деп көрсетеді: кісі аттарына байланысты эвфемизм мына сықылды болып келеді: ауылдағы үлкен кісінің аты *Жаман* болса – *Соқпақ жол*, *Сүттібай* болса – *Желінді уыз*, *Бұқабай* – *Сүзербай*, *Өгізбай*, *Қарабас* – *Боран шеке*, *Сарыбас* – *Шикіл шеке*, *Сары* – *Шикіл*, *Бейсембі* – *Күн жұма аттас*, *Көжекбай* – *Қоян ата*, *Үзікбай* – *Дөдеге*, *Жамантай* – *Жайсыз тай*, *Ақбай* – *Қылаң ата*, *Тұңлікбай* – *Қайырма*, *Қозыбақ* – *Кене*, *Жусанбай* – *Сыбақ*, *Қойлыбай* – *Жандық ата*, *Қамшыбек* – *Ат жүргіш*, *Бүйенбай* – *Жуан ішек*, *Еламан* – *Халық есен*, *Асаубай* – *Тарпаң*, *Асыл* – *Бекзат ата*, *Ақылбай* – *Ой ата*, *Мергенбай* – *Атқышыл*, *Жылқыбай* – *Туар* т.б.

Әлем халықтарының көпшілігінде, оның ішінде түркі халықтары тілінде де жалқы есімдердің көбі табуға айналған. Ш. Саадиевтің айтуы бойынша, әзірбайжанда күні бүгінге дейін шын аттар жасырын болған. Түркіменстанда «әр баланың чын ады – шын аты және ямен ады – жасырын аты бар». Сібірдің солтүстігінде ер адамдарда екі ат болады, оның бірі – шын ат, ол сирек қолданылса, ал екіншісі күнделікті қолданыстағы ат болып саналған [Саадиев Ш.М. Основные правила выбора имен для новорожденных (по азербайджанской антропонимии, 1970)].

Қазақ жалқы есімдерін – антропонимдерді зерттеуші Т. Жанұзақ былай дейді: «Запрет некоторых слов (табу) имел свое влияние и в сфере лично-собственных имен. Казахские замужние женщины давали свои имена *Төрем*, *Шырақ*, *Жарқын*, *Тетелес*, *Мырзажігіт*, *Шырайлым*, *Бикеш* и др.

Оңтүстік Сібірдегі түркілердің дәстүрлі дүниетанымын А. Самойловичтен кейінгі зерттеушілер күйеуі мен оның туыстарының атын айтуға тыйым салу некелік қарым-қатынастың сипатына байланысты деп есептейді. Әйел басқа тектен (әлемнен) болғандықтан күйеуінің жағында оған бірқатар сөздік тыйымдар салынады: «Большинство запретов, которыми было окружено ее поведение во время сватовства и свадьбы, постепенно снимались, но оставался минимум символов, который на протяжении всей ее жизни на земле мужа подчеркивал особый статус женщины – пришельцы, единственного существа «со сто-

роны», находившегося в роде. Она не имела права произносить в слух имена своих старших родственников. Для нее их имен словно бы не существовало, равно как имена мужа [Самойлович А.Н. Заветные слова в языке казак-киргизской замужней женщины // Живая старина. – Петроград, 1915. – С. 151].

Жалқы есімдерді қолданған кезде мұндай сөздік тыйымдар (табу), жоғарыда атап өткендей, қазақ әйелінің де сөздік ғұрпында болған. Қазақ әйелінің сөзіндегі табуға айналған жалқы есімдер эвфемизмдермен алмастырылған. Профессор Т. Жанұзақ былай деп жазады: «Жеке атаулар белгілі бір жүйеде жалпы атаулармен ауыстырылды. Күйеуінен үлкен ер адамдар «қайны» деп аталды. Тыйым салынған кезде белгілі бір тұлғаның жеке аты бұрмаланған түрде пайдаланылған, мысалы, Али-Сали, Тұрсын-Мұрсын. Некедегі әйелдер үшін жалқы есімдер табу болып саналады» [Жанұзақов Т. Лично-собственные имена в казахском языке, 1960].

Акад. А.Н. Самойлович XX ғасырдың бас кезінде-ақ бұл проблеманың әлеуметтік, этномәдени аспектісіне мән беріп, түркітанудың болашағы өзекті мәселелерінің бірі ретінде мән берген: «исследователи разных тюркских народов обратили особое внимание на личные имена, о том, что следовало бы составлять полные алфавитные списки личных имен, как мужских, так и женских, по отдельным народам и племенам с подробными указаниями, в каких случаях, в какую историческую эпоху, кому и почему давалось то или иное имя, что в последствии позволило бы произвести весьма интересные в культурно-историческом отношении сравнительное исследование личных имен всех тюркоязычных народов» [Никонов В.А. Имя и общество, 1974].

Табу мен эвфемистік сипатта сатира мен юморлық шығармаларда кездесетін кейіпкер аттары: *Итжеккенов* < ит жеккен ~ алыс жер, *Көзжұмбаев* < көзжұмбай ~ бүркемелеу, *Қаңқусөзұлы* < қаңқу сөз ~ алып қашты сөз, *Қаптесеров* < каптесер ~ тышқан, *Көкжалов* < көкжал ~ қасқыр, *Саққұлақов* < сақ құлақ ~ естігіш, *Науқасбай Сырқатұлы Кеселов* < науқас, сырқат, кесел ~ ауру, *Сұрпақбай* < сұрпақтау ~ сұғанақтап сора беру, *Албасты* < жексұрын, *Мыстанқыз* < мыстан қыз, тым пысық қыз.

Магиялық танымға байланысты тыйым немесе табу эвфемиздердің қалыптасуына әкеп соғады. Магия – әлемге кеңінен

тараған наным түрі. Магиялық наным бойынша, табуды өсімдіктерден де, жан-жануарлардан да, адам тілінен де табуға болады.

Бұл секілді мифтік культуремалардың қазіргі қолданыста қарғыс не балағаттау, сөгу түрінде айтылуы халық санасында мифтік, магиялық түсініктің берік орын тепкенін көрсетеді.

1849 жылы О.Н. Бетлингтің жазбасында **Ытым обото** – *менің күшігім* деген есім кездеседі. Саха отбасыларында бала тұрмаса, жаңа туған нәрестеге ит деген сөзі қолданып, ат қойған, бір мезгілде иттеріне баланың атын қойған. Бұл дәстүр балаларды зұлым рухтардан қорғаудың түрі ретінде басқа түркі халықтар арасында бар болды.

Радлов былай деп жазды: *«Если первые дети умирали после рождения, у алтайцев мальчику давалось такое имя, как ит ködön (собачий зад), а также называли детей такими плохими именами, как Ийт Кулак (Собачье Ухо), Ийт Куйрук (Собачий хвост) и т.д. У телеутов был обычай давать плохое имя новорожденному, если умирали предыдущие дети например, Чочко (свинья), Ит (собака) и т.д.»*

Солтүстіктегі Чуваштар арасында, егер әйелдің туған баласы анасы тірі қалмаса **Моҥка** «қара ит» деп ат берген, бұл атымен ұл аман қалады деп есептелді. Бұл әдет-ғұрып, шамасы, жаңа туған нәрестенің қамқоршысы ретінде иттің рөлімен байланысты.

Жоғарыда айтылғандай, якут тілінің фразеологизмдері бір уақытта саха халқының мәдениетін анықтайтын ұлттық шындықты бейнелейді, осылайша проф. Б.А. Ларина бұл фразеологизмдер «әрдайым халықтың көзқарасын, әлеуметтік тәртібін, өз дәуірінің идеологиясын жанама көрсетеді.

Хакастар он екі жылдық циклдің уақытымен баланың есімін анықтаған. Әр жылды жан-жануармен атайды: 1-жыл – тышқан, 2-жылы сиыр, 3-жыл барыс, 4-жыл қоян, 5-жыл айдаһар, 6-жыл жылан, 7-жыл жылқы, 8-жыл қой, 9-жыл маймыл, 10-жыл тауық, 11-жыл ит, 12-жыл доңыз.

Доңыз жылында туылған нәрестелер Алтай мен Хакасияда зұлым рухтармен ұрлануы мүмкін деп есептелді. Зұлым рухтарды қорқыту үшін адамдар оларды нашар есімдермен атады: Көң, Ірің, Шірік, Иттің құлағы. Бұл аттар қойылса, балалар тірі қала-

ды деп есептелді. Хакастарда әйелі егде жастағы күйеуі мен отбасындағы үлкендерді атауға тыйым болған.

Бақылау сұрақтары:

1. Табуланған аттар деген не, эфемизмнен айырмашылығы қандай?
2. Хакастардағы әйел тілі деген қандай тіл?

Оқуға ұсынылған әдебиеттер:

1. Бегметов Э. Антропонимика узбекского языка. – Ташкент, 1965.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977.
3. Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алма-Ата: Наука, 1989.
4. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988.
5. Самойлович А.Н. Заветные слова в языке казак-киргизской замужней женщины // Живая старина. – Петроград, 1915.

15-дәріс.

Ономастикалық фразеология: фразеонимдердің тілдік-мәдени қызметі

Ономастикалық фразеология ономастикада көркем әдебиет пен фольклорлық онимдердің фразеологиялық қызметін, қолданысын зерттейді. Көркем шығарма мәтіндеріндегі барлық жалқы есімдердің қолданылу ерекшеліктерін әдеби ономастика зерттейді.

Халықтың рухани творчествосының жемісі тілдің ажарын кіргізетін, оның құдіретін арттыра түсетін, ойды бейнелеп, астарлап, өзінің нақышымен жеткізетін, ата-бабадан мұра ретінде келген сөз қазынасының дайын қолданылатын үлкен саласы – фразеологизмдер этнос тілінің құрамдас бөлігі болғандықтан оларға этнолингвистикалық талдаудың ғылым үшін құндылығы ерекше. Адамзат тарихын өз бойына сақтаған халықтың фразеологиялық қорында философиялық ойлары, дүниені танып білуі, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық мәдениеті көрініс тапқан.

Фразеологияланған ЖқЕ-ді зерттеуші ғалымдардың бір тобы (Б.В. Бабаева, Б.Ф. Захаров, Т.В. Лиходидова, Г.В. Манушина, Л.М. Пенковская, Н.И. Ройзензон, И.И. Толстой) ЖпЕ сияқты семантикалық процеске түсіп өзгеретінін дәлелдейді.

Лингвомәдениеттанушылар тұрақты тіркестерді мәтін ретінде қарайды. Зерттеуші В.А. Маслова: «Всякий фразеологизм, с нашей точки зрения, – это текст, т.е. хранитель культурной информации», – деп атап көрсетеді. Жалқы есімдердің түрлі топтарының фразеологиялық оралымдар құрамында қолданысы зерттеушілердің, әсіресе орыс ономаст ғалымдарының назарынан тыс қалған жоқ. Соған байланысты онтропонимдердің характерін ашу мәселесіне айрықша көңіл аударылып, сөзсіз қызығушылық туғызады.

Қазақ лингвистикасының көшбасшылары А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, І. Кеңесбаев, А. Ысқақов сынды біртуар ғалымдарымыз адам есімдеріне байланысты біраз мәселенің басын ашып беріп кетті. Қазақ ономастикасының негізін қалаушылар Ә. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев, Ғ. Қоңқашбаев, Т. Жанұзақов, В.Н. Попова, Қ. Рысбергеновалардың ғылыми зерттеулерінде қазақ ономастикасына арналған кешенді, центристік тілдік талдаулар жасалды.

Тарихшы Қ. Халид: «Менің өте таң-тамаша болатыным, қазақ оқымаған халық деген лақап айтылады. Ал, жағрафия, астрономия сияқты арнаулы пән оқымай білуге қиын соғатын жердің белгілерін айырып, соған дәлме-дәл ат қойып сөйлейді» деп жазуында үлкен мән бар.

- Мифтік бейнелер: *Адам Ата, Хауа Ана, Әзірает Әлі, Бабай түкті шашты Әзіз, Әзірейіл, Үш пайғамбар (Дәуіт, Мұса, Сүлеймен), Қаңбақ шал, Қыдыр ата, Нұқ пайғамбар* т.б.
- Ел аузындағы есімдер: *Алаша хан, Асан қайғы, Аяз би, Жиренше иешен, Қара қыпшақ Қобыланды, Құмырсқа батыр, Қорқыт ата, Тау көтерген Толағай*, т.б.
- Қасиетті пірлер мен әулиелер: *Арыстан бап, Бекет ата, Бибі Фатима, Мұхаммед пайғамбар, Қожжа Ахмет Йасауи, Ұмай ана, Төрт түліктің иелері мен киелері (Зеңгі баба, Қамбар ата, Ойсылқара, Шопан ата, Шекшек ата)*, т.б.
- Тарихта болған тұлғалар: *Абылай хан, Әз Жәнібек, Әбілхайыр хан, Есім хан, Қасым хан, Тәуке хан, Майқы би, Мамай батыр, Есет батыр*, т.б.

- Басқа халықтан ауысқан аттар: *Аплатон, Атымтай жомарт, Ескендір Зұлхарнайын, Қарынбай, Наушаруан, Ұлықпан хакім*, т.б.
- Әдеби мәтінде кездесетін персонаждар: *Дайрабай, Мырқымбай, (Б. Майлин), Қоңқай (Ғ. Мүсірепов, Ш. Смаханұлы), Судыр Ахмет (Ә. Нұрпейісов)*, т.б.
- Лақап аттар: *Алтай, Жамал, Көшік, Қамбар, Қақбай, Қарабай, Шығайбай, Тоңқылдақ, Шиңкілдек, Тайқарбай, Дегенбай*.

Нақыл сөздер немесе афоризмдер, қанатты сөздер – терең өте дәл жеткізетін ойы кең, қысқа айтылатын мағыналы сөздер. Ол – көп қырлы, түйіндеуге бай, көркемдік дәрежесі жоғары саладағы, қанатты сөз ойшылы данышпан ақыл, ой көзі айқын көрінетін сөз жасаушы ұлы шебердің мүсіндеуімен шыққан, іші алтын, сырты күміс сөз төресі. Олар мақал-мәтелдермен қатар туып отырады. Қанатты сөздердің бірден-бір айырмашылығы олардың белгілі бір авторы болады.

Пареоним (грек. *опита* «ат, атау, есім») – нақыл сөздер, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер. Сократтың *«Платон – менің досым, бірақ шындық одан да қымбат»*, Б. Майлиннің *«Даудың басы – Дайрабайдың қасқа сиыры»*, А.С. Пушкиннің *«Бәріміз де Наполеонға ұқсағымыз келеді»* немесе *«Бәріміз де Гогольдің «Шинелінен» шықтық»* деген сөздер қанатын кең жайып, нақыл сөзге айналып кетті.

Б. Момышұлы, Ә. Нұршайықов, Қ. Мырзалиев, А. Сүлейменов сияқты ақын-жазушыларымыздың арнайы жазған қанатты сөздері мен нақыл сөздері әдеби орта мен ғылыми ортаға кеңінен таныс.

С. Төлешовтен – *«Жұт – жеті ағайынды, Гитлермен – сегіз»*, Ш. Смаханұлынан – *«Абайды оқымай, ұлы ақын болғысы келеді, Ана тілін білмей, роман жазғысы келеді»*, *«Әр ауылдың өз Қоңқайы бар»*, *«Жұрттың Ыбырайы – Ыбырай, Біздің Ыбырай – сұмырай»*, *«Елпекбай, атқа жеңіл Телтекбай»*, Қ. Мырзалиевтен – *«Әмірдің де Тәңірі бар»*, *«Жалқауды Жаратқан да жаратпайды»*, *«Еншіні әке берер, көршіні Құдай берер»*, *«Қиын еді Спартактың гасыры, біздің гасыр одан гәрі қиындау»*, Ш. Мұртазадан – *«Абай, Жамбыл, Мұхтарсыз қазақ елі – шын жетім»*.

Ю.Н. Тыняновтың айтуынша, көркем туындыларда сөйлемейтін кейіпкер жоқ, барлық атаулар «сөйлейді». Поэтонимдердің қызмет ерекшеліктерін зерттеу В.И. Супрунның еңбегінде жан-жақты баяндалып, ол негізгі үш қызметін атап көрсеткен: «1. Маңызды мәтін қызметі – басты кейіпкерді атау; 2. Ономастикалық ая жасайды; 3. Қосымша таным белгісі ретінде қолданылады» [В.И. Супрун, 1997].

Татар тілінде *Гали кылычы кебек* /Гали семсері /қылышы сияқты. 1) өте өткір пышақ; 2) кері мағынада өтпейтін құралға (пышақ) немесе адамға қаратылып айтылады. Семсердің атауы – Зулфикар (Фикар) (араб), ол мұсылман мифологиясында Мұхаммедтің семсері кейін Әлиге өтіп, одан кейін халифтерге беріліп отырған. Жоралғылардың көмегімен семсерге сиқырлы күш берілген.

Ал татар аңыздарында Ғалидың семсері көптеген соғыстардан кейін де өткірлігін жоймаған. *Гали батыр долдоле* (Ғали батырдың дүлдүлі) фразеологизмі халық әндері мен аңыздарындағы «мифтік қанатты ат» деген мағынада қолданылады.

Татар тілінде *Ғали*, *Вәли* есімдері көп аталады, татар халқында тұрақсыз, сенімсіз, жауапкершілігі төмен адмадар туралы ұғымдарды жеткізуде *Ғали*, *Вәли* есімдерін жиі қолданады. Мысалы, *Вәли да хатынлы булган, эт тә койрыклы болган* «бір кездерде бізде де бәрі болған», *Ғали Вәлигә, Вәли Ғәлигә аудара* «бірі-біріне сілтеу», *Ғәли кылычы кебек* «өтпес пышақ», *Ғәли батыр дөлдөлә* «өлімші ат» т.б.

Ал *Мөгәйдине көргәннән ишеткен яхшырак* фразеологизмі қазақ тіліндегі *молданың айтқанын істе, істегенін істеме* фразеологизміне сәйкес келеді. Демек, татар халқының тарихында Мөгәйдін есімі сөзі мен ісі бөлек адамның келбеті ретінде есте қалғанға ұқсайды.

Сол секілді *Хәсрәт Хасан* «Асанқайғыға салыну», *авызына Хазыр төкергән* «ақылды, шешен» *Абдулла биясе мыш* «тез ұйықтайтын адам», *Әмәк белән Шәмәк* «өте ұқсас» деген мағынада қолданылатын оралымдарда да тарихта қалған тұлғалардың күлкілі мінез-қылықтары жатыр. Мұның өзі татар халқының аса бір көңілді, әзіл-қалжыңға бай халық екенін танытса керек.

Мысалы, татар және башқұрт халқының бастан кешкен тарихи оқиғаларға қатысқан Мамай заманында атақты Мамай хан

есімі сақталған. 1380 жылы 8 қыркүйекте Мамай хан Куликова даласындағы әйгілі шайқаста жеңіліс тапқан болатын. Соған қарай туындаған фразеологизмдерде бар. Сол секілді *Қырым сиреуләй, дарыны коро тотоу* «дайын тұру, қаруын сайлап тұру» секілді оралымдар да тарихтағы осы бір жаугершілік, соғыс кезеңдерінің тілдегі көрінісі.

Татар тілінде қолданылатын *Әндрәй казынасы, Әндерей әбете* секілді тұрақты тіркестер тарихта болған тұлғалардан хабар береді. З.Г. Ураксин татар, башқұрт тілдерінде кездесетін осы бір тіркестің шығуын тарихта болған жеке тұлғамен байланыстырады: *«Татарско-башкирский Эндери происходит от имени Уфимского воевода начала XVIII века в Андрей Жихарев отличавшиеся особым усердием по облажению башкир новыми подаяниями» деп келтіреді* [З.Г. Ураксин. Фразеология башкирского языка, 1975].

Түркі тілдерінің орыс тілімен тікелей араласуының, тығыз қарым-қатынастың нәтижесінде орыс тіліндегі жекелеген сөздер түркі фразеологиясы құрамына енгені анық.

«Токтогулдай ырчы бол, Толубайдай сынчы бол»

Қырғыздың өткен замандағы жақсылары мен жайсаңдары туралы сөз қозғалғанда тілге тиек болатын, бүгінде мәтелге айналып кеткен «Токтогулдай ырчыны айт, Толубайдай сынчыны айт» деген екі ауыз өлең жолы қырғыздың «көмейіне бозторғай ұя салған» қос Тоқтағұлының үлкеніне арналған.

Бұл Тоқтағұлдан қалған мұраның көлемі біршама. Қырғыз рухының бір баламасы саналатын төкпе ырчының өлеңдері былайша өріледі:

*Жалты түрктө сайраган,
Булбул элем Токтогул.
Чарчабаган аргымак,
Дулдул элем Токтогул.
Тартынбаган ар иштен,
Қургур элем Токтогул.
Качырганын кайсаган,
Тунжур элем Токтогул.
Толубайга жапжакын,
Тууган элем Токтогул.
Топту бузып туу жыккан,
Будан элем Токтогул.*

[Кыргыз эл ырчылары / баш сөзүн жазган жана түзгөн Батма Кебекова. 1994].

Элдин тарыхында аты кылымдардан кылымга унутулбай, өмүр жолу, аткарган кызматы, кылган иштери алгач эл арасында аңыз сөз катары тарап, бара-бара легендага айланып кеткен инсандар болот.

Ошондой адамдардын катарына акылман-сынчы Толубайды кошууга болот. «Токтогулдай ырчы бол, Толубайдай сынчы бол» деген лакаптын калышы да, алардын өнөрүн жогору баалаган элдин урмат-кадырлоосунан жаралгандыгы шексиз. Жеке кыргыздар эле эмес, түрк тилдүү бир катар элдердин оозеки чыгармаларында легендарлуу сынчы катары Толубайдын ысмы же ага байланышкан кыргыз легенда-уламыштарына абдан окшош, үндөш сюжеттер учурайт.

Мис., өзбек, түркмөн, казактардын «Короглы» (Көр уулу Султан) эпосторунда жылкычы Толубай, Толубек аттуу персонаж учурайт. Бир кездеги Алтын ордонун (12-14-к.) составында болгон элдердин көбүнүн легенда-уламыштарында жолуккандыгына караганда, Толубай ошол доордо жашаган тарыхый инсан болгон деп болжошко толук негиз бар.

Алсак, Толубай сынчынын сокур болушу жөнүндөгү уламыштын чыгышына 14-кылымдагы тарыхый окуя себепчи болгон. «Короглы» эпосу башкалардан эл арасында популярдуу легенданы өзүнө ылайыктап пайдаланган дешке толук негиз бар.

Анткени, эпостун башкы каарманы Короглы (сокурдун уулу) аталышы мына ушуну талап кылган. Ал кичинекей деталдан чоң жыйынтык чыгарган акылман. Мис., ал бала кезинде, кан тулпарын сынатканда Толубай бир күн кечке минип: «Тулпардын тулпарыгы анык экен, бирок, эки кемчилдигин байкадым. Тулпар туулганда эшектин сүтү менен оозантылып, уйдун сүтү менен өскөн экен», – дейт.

Классик акын А. Осмонов элдик легендадан алып «Толубай сынчы» аттуу эң сонун поэма жараткан. Анын поэмасына Ы. Абдракманов жазып тапшырган материал негиз болгон. Поэманын тескери каарманы Азиз кан болуп берилет. Акын мында Жаныбектин элде айтылган «Азиз» эпитетин анын аты катары пайдаланган. Кыргыз киночулары да «Толубай сынчы» аттуу мультфильм жаратышты. Демек, Толубай сынчынын нускалуу

өмүрү, үлгү аларлык аткарган иштери бүгүнкү күндө да элдин рух дүйнөсүнө таасир этип, өзүнүн тарыхый жашоосун татыктуу улантууда

Үйүндө кашык айран жок, кызынын аты Жууратбек»

Сез еммо мааниде айтылууда. Жуурат – сүттөн уютулган айрандын оте коюу туру. Андан сузмо куюлат, курут кургатылат. Жууратбек – негизи эркек балдарга энчиленуучу ат. Кызынын атынын Жууратбек аталышындагы кайманалык, демек, ичээрге, жээрге эчтекеси жок туруп, дымагынын өйдөлүгүн какшыктоо менен көрсөтүүсү. Болгон-до да кызынын ысмын эркек балдарга теңеши аркылуу туюндуруу мыскылдын кучу болуп эсептелет.

Кейбір тилдерде, орыс, ағылшын, неміс, француз ТТ-де 1000-нан астам ЖкЕ-дер ұшырасады екен. Бұл көрсөткіш халык тилинде ЖкЕ-дің көп кездесуінің өзі сол халықтың болмыс-бітімін танытады.

Бақылау сұрактары:

1. Жалкы есімдер аркылы қандай ақпарат алуға болады?
2. Жалкы есімдердің ассоциативтік аясы бар ма?

Оқуға ұсынылған әдебиеттер:

1. Антропонимика // Сборник статей. – М., 1970. – С. 178.
2. Кыргыз эл ырчылары / баш сөзүн жазган жана түзгөн Батма Кебекова. – Бишкек: Адабият жана искусство институту, 1994. – 180 б.
3. Ураксин З.Г. Фразеология башкирского языка. – Уфа, 1975.

СЕМИНАР ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Ономастикалық кеңістік: оның компоненттері.
2. Теориялық және қолданбалы ономастика.
3. Мажар ономастикасының зерттелуі мен дамуы.
4. Гагауыз, қарайымдардың ономастикалық жүйесіндегі ерекшеліктер.
5. Саны аз түркі халықтары: салар, тоба, үрім ономастикасының зерттелу жайы.
6. М. Қашғаридың еңбегіндегі онимдерді саралау.
7. Түркі ономастикасы қалыптасуының негізгі кезеңдері.
8. Мифонимдер: зерттелуі, лексикографияда көрініс табуы.
9. Теонимдер және этимология мәселелері.
10. Аймақтық ономастика: салар, сары ұйғырлардың есімдері мен жер-су аттары.
11. Аймақтық зоонимия: иппонимдер, фелионимдер, кинонимдер.
12. Халықтық фитонимдер, фольклордағы бейнесі.
13. Түркілік антропонимиканың этнографиямен байланысы.
14. Ономизациялану: жалпы есімдердің жалқы есімдерге ауысу үрдісі.
15. «Кодекс Куманикус» (XIV ғасыр) ескерткішінде кездесетін жалқы есімдер.

РЕФЕРАТҚА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР

1. Көне түркі ескерткіштеріндегі ономастикалық атаулар.
2. М. Қашғаридың «Дивани лугат ит-турк» еңбегіндегі онимдер.
3. А. Ясауидің «Дивани Хикмет» еңбегіндегі есімдер.
4. Түркілік ономастиканың әлемдік ономастикадағы орны.
5. Мәтіндегі жалқы есімдер.
6. Түркі тілдеріндегі ономастикалық сөздіктері.
7. Ғаламтор желісіндегі ономастикалық дереккөздер.
8. Мифонимдер, теонимдер, экклезионимдер мәселелері.
9. Аймақтық зоонимия: иппонимдер, фелионимдер, кинонимдер.
10. Халықтық фитоним.
11. Түркілік антропонимика; оның этнографиямен байланысы.
12. Түркілік этнонимика, тарихпен байланысы.



СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫ (СӨЖ)



№1. Түркі ономастикасы бойынша ұсынылған еңбектермен (Ә. Бегметов, Г. Саттаров, А. Идрисов, Г. Гарипов, Ш. Саадиев т.б.) танысып, оның қандай түрлері туралы баяндалғанын жазыңыз (29 балл).

№2. В.У. Махпировтың «Имена далеких предков» атты кітабымен танысып, көне түркі антропонимдер мен топонимдердің семантикалық және құрылымдық модельдерін анықтаңыз. Қазіргі модельдерімен салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетіңіз (29 балл).

№3. Мадиева Г.Б., Супрун В.И. «Теоретические основы ономастики: учебное пособие» атты еңбегіне сүйене отырып ономастиканың ғаламдық бейнесі дегенді түсіндіріңіз (20 балл).

№4. А.В. Суперанскаяның және Т. Жанұзақовтың еңбектерін оқып, танысып, жалқы есімдердің жалпы есімдерге ауысатынын түсіндіріңіз: *Қарабай – қарабайшылық, Қожанасыр – қожанасыршылық, Обломов – обломовщина, Хлестаков – хлестаковщина, Манилов – маниловщина, Геркулес – геркулес (күш иесі), Кашемир – қала, кашемир – мата, Джерси аралы – джерси (мата).*

Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М., 1973. – 113-122 сс.;
Жанұзақов Т. Очерк казахской ономастики. – Алматы, 1982. – 99-103 сс.
(20 балл).


№ 5. Түркі тілдері бойынша жалқы есімдерге байланысты мақала дайындаңыз. (20 балл).

Ескерту.

№ 1, № 2 СӨЖ-ге 29 баллдан беріледі

№ 3, №4, №5 СӨЖ-ге 20 баллдан беріледі

Суретте көрсетілген еңбекті оқып, ұнаған фрагменттерді теріп жазу.



Суретте көрсетілген кітапты тауып, онім түрлерін теріп жазу

Суретте көрсетілген еңбектен Орта Азия антропонимдерін теріп жазу



Суретте көрсетілген кітапты тауып, онім түрлерін теріп жазу

Midterm

1. Ономастика ғылымы, зерттеу нысаны мен пәні.
2. Түркі ономастикасы: зерттелу күйі және болашақ бағыттары.
3. Мақал-мәтелдердегі космонимдердің тілдік көрінісіне мысал келтіріңіз.
4. А.Х. Халиковтың «500 русских фамилии булгаро-татарского происхождения» атты еңбегін оқу.
5. Түркі ономастикасы: зерттеу нәтижелері мен ғылыми ұстанымдары.
6. Поэтикалық ономастика ұғымы және оның бөлімдері.
7. Жалқы есімдердің жалпы есімдерден басты айырмашылығын атаңыз.
8. «Көптің түсін білгенше, бірдің атын біл» деген халық даналығын қалай түсінесіз.
9. Жалқы есім туралы анықтамаларды талдаңыз.
10. Жалқы есімнің негізгі қызметтері.
11. Жалқы есімдердің Ұлттық және мәдени ерекшеліктері.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ОРЫНДАЙТЫН ЖҰМЫСЫ (СОӨЖ)

№1 тапсырма. Антропонимдерді сәйкестендір

№	Тілдің атауы	антропоним
1	Қазақ тілі	Иржи
2	Чех тілі	Ежи
3	Поляк тілі	Джордж
4	Ағылшын тілі	Жорж
5	Якут	Жагор
6	Орыс тілі	Егор, Юрий
7	Француз	Дьөгүер

Хрематоном – оним түрі; материалдық мәдениет заттарының атауы, соның ішінде қару-жарақ, музыкалық аспап, зергерлік заттар т.б. атаулары.



Бұл қылыштың шығу тегінде де сиқырлы күш, мифтік діни ұғым бар. Бұған мына жолдар дәлел бола алады:

*Жәбірейіл жәннаттан
Алып келген 4 қылыш.
Бірінің аты – Хам-хам,
Бірінің аты – Сәм-сәли.
Бірінің аты – Зұлқыжа,
Бірінің аты – Зұлпықар*

[Күржіманұлы Қ. Ақберен. – Алматы, 1972. – 198 б.].

Күш-қайраты белінде, иман-жады тілінде,

Зұлпықары қолында құдай шері Ғали дүр.

Асыл алмастан соғылған қылыш «Зұлпықар» деп аталған.

Зұлпықар – арабша Зу-л-фикар. Пайғамбардың күйеу баласы Хазірет Әлі ұстаған *Зұлпықар сілтегенде ұзарады* деген түсінік бар.

№2 тапсырма. Ребусты шеш

Суда *Соләйман*



Бер кечкенә Камилә
Кат-кат туннар киенә

ЫРНИҮТМ

Ғик ашағи, ғик yukarı,
ғик afika Mustafa aға

АЛОПКИКЛ

Зил-зил, Зилешкә,
Зилә моя кубышка

№3 тапсырма. Кестені толтыр

№	Антропоним	Кім эпитет	Қайда өмір сүрген	Қай шығармадан алынған	Қай ғасырдың мұрасы
1	Аристотель				
2	Алып Ер Тоңға				
3	Тұмар				
4	Ширақ				
5	Елжау				
6	Тонұқұқ				
7	Елтеріс				
8	Күлтегін				
9	Қорқыт				
10	Алып-бамсы				
11	Банушешек				
12	Ораз				
13	Домбаул				
14	Бисат				
15	Гильгамеш				
16	Оғыз				
17	Қат				
18	Бумын				
19	Заратуштура				
20	Айтолды				
21	Күнтуды				
22	Өгдүлміш				
23	Өдгұрмыш				
24	Зылиқа				
25	Лұқман				
26	Ұмай				
27	Кир				
28	Зарина				
29	Дарий				
30	Афрасияф				
31	Анахарсис				
32	Атилла				
33	Үрім				
35	Мөде				

№5 тапсырма. Мақал-мәтел, тұрақты тіркестерде кездесетін жалқы есімдер: этномәдени мазмұнын анықта.

**«Кәделі елде қаңлы бар»,*

**«Қаңлыдан хан сайла»*

**Қарға тамырлы қазақ*

**Түрікмен төрін бермес*

**Қазақ қайың сауғанда,*

Қырғыз Ысар кірген

40 сан қалмақ, 92 баулы өзбек

Қара жердің қадірін ойда-қырда сарт білер

**Өзбек – өрістес ел,*

Қырғыз – қоныстас ел,

Қарақалпақ – қарындас ел,

Түрікмен – тамырлас ел.

**Өзбек байыса – там салар,*

Қазақ байыса – қатын алар

**Қазақ қартайса – түйе бағады,*

Қарақалпақ қартайса – томар қазар.

**Қазақтың айраны көп,*

Орыстың мейрамы көп.

**Өзбектің кигенін ал,*

Қазақтың мінгенін ал.

**Қазақтың «осы жер» дегені көш жер.*

**Түбі бір түркіміз,*

Ұраны бір қазақпыз;

**Киіз туырлықты қазақпыз;*

**Орыс болаяк болсан, бастеп қазанғы бол //Орыс болғың келсе, әуелі қазандық бол (татарин)*

**Татар атасын сатар.*

Болгар узене сатар.

**Болгар телен болгар, эшен эилэмэс*

**Урус булса атан – Билендя булсэн балтан //Если твой отец урус – держи топор за спиной.*

**Мишьярь-душманнэн башен тишьярь // Мишары не щадят врагов.*

**Татар буолан татар быттааг'ар*

**Саха буолан сахсыйбытым ордук*

**Қазақ байыса қатын алады, өзбек байыса там салады;*

**Қазақ қырғыз бір туған, өзбек сартты кім туған;*

**Қазақ – жүрген жерің азап;*

**Түйе мінген қазақ төрт ауыз өлең біледі;*

**Абайға тоқтамаған қазақ, құдайға да тоқтамас;*

** Қазақ жаманы сарт болар,
сарт жаманы порт болар;*

**Қазақ жаманы орыс болмас;*

**Қарқалпақты деңгене құртады, қазақты «мен сенен кем бе» құртады
(деңгене – ортақтасып мал сойып жейтін дәстүр);*

**Мың өліп, мың тірілген қазақ;*

**Қазақтан көңіл сұрасаң, көйлегіне жамау сұрайды;*

**Қоссыз қазақ болса, доссыз қазақ болмаған;*

**Қазақтың өлгенінің жаманы жоқ, тірісінің өсектен аманы жоқ;*

№6 тапсырма. Мәтін тілін анықта, аудар. Салыстырмалы-лингвомәдени талдау жасаңыз.

***ҚАЙДА БАРМА, МАМАЙДЫҢ КӨРҮ**

«Қайда барба, Мамайдың көрү». Бұл – әң эски макалдардан. Мында оор турмуштун запкысы тууралуу сез болууда. Сягы улуу-лардын божомолдоолорунда Мамайдын бейитинин оозу ачылып ка-луусунан улам ушундай түшүнүк келип чыгуусу тийиш. «Қайда бар-саң жокчулук, кедейлик-кембагалдык сени күтүп турат». «Эмгектен качсаң дөңгөккө», «Эмгектүү кулда чарчоо жок» – сымал макалдар буга үндөшүп турат.

***ӨЛДІҢ МАМАЙ, ҚОР БОЛДЫҢ**

Тірі болдың, зор болдың,
Өлдің Мамай, қор болдың

А. Байтұрсынұлы құрастырған қазақтың Жоктауында Мамайдың шешесі Қараүлек *Орағым, жалғыз қалдың, қарағым және Өлдің, Мамай, қор болдың, Қарадан туып, хан болдың* деп жоқтаған. Тарихта Орақ-Мамай батырлар болған. Егер бұл сөз осы Мамайға қатысты болса, ол XVI ғасырда өмір сүрген ноғайлының батыры, Едіге бидің нәсілінен шыққан.

Мамайдың Алтын Орданың қолбасшысы және Әбілқайырдың немере інісі болғандығы туралы дерек бар. Мамай батыр Руське аттанған жорықтан, яғни әйгілі Куликово шайқасында (1380.) жеңіліп, Қафаға (қазіргі Феодосия) қашады, сол жерде ажалы жетіп, дүниеден өтеді. Тірісінде ел билеп, батыр атанып, жалғанды жалпағынан басқанымен, көзі жұмылғасын аты да, атағы да өшеді. Бұл мақал басында Мамай батырға байланысты туғанымен, келе-келе адамзат баласының бәріне де қатысты мәнде жұмсалып келеді, адам атының да, затының да мәңгілік емес екендігі, «көзден кетсе, көңілден кетеді» деген пәлсапалық тұжырым жатыр.

***ҚАЙДА БАРСАҢ – ҚОРҚЫТТЫҢ КӨРІ**

Мақалдың мәні – «әуре-сарсаңға түскен, бейнеті көп, жолы болмаған шаршаған сәтсіз» адамдардың психологиялық халі туралы.

Қорқыттың есімінің өзі адамды үрейлендіреді, есімінің өзінде магиялық мән бар. Өлімнен қорқу, одан қашу шамандық аңыздарда сақталған.

Қорқыт жайындағы аңыз-әңгімелердің бірінде оның ылғи түс көріп, түсінде «Қорқыттың көрін қазып жатырмыз» деген адамдарды көретіндігі жайында айтылады. Сөйтіп, Қорқыт өлімнен қашып, өмірді сүюді өшпес өнерден табады, қобыз тартумен ғұмыр кешеді. Ол күй тартқанда ұшқан ұс, жүгірген аң, барлық тіршілік иесі тұра қалып тыңдайды екен. Тіпті өлімнің өзі жақындай алмапты-мыс. Аңызда Сырдарияның ортасында қобыз тартып отырып, қалғып кетеді. Ажал жьылан боп келіп шағады. Күй тілімен мәңгілік өмір жолындағы күрес оның басты философиясы болды.

Қорқыт барлық ақын-жыраулардың, жырышлардың, күйшілердің, бақсылардың ұлы ұстазы ретінде саналған. Ол – қара қобызды бүкіл түркі жыр-

тының аруақты аспабына айналдырған ұлы күйші, музыка өнерінің негізін қалаушысы. Бұл туралы құнды мәліметтер көптеген тарихи кітаптарда сақталған.

Қазақ философиясы тарихында Қорқыт ата – ел бірлігін нығайтқан кеңесер қайраткер, түркі дүниетанымының негізін жасаған ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өзіндік орны бар философ-гуманист ретінде де көрінеді. Қорқыт ата жайындағы аңыздардан оның бойындағы үш түрлі өнер ерекше айқындалады. Бірінші, ол, оғыз қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы, абыз. Екіншіден – күйші, қобыз сарынын алғаш туындатушы өнерпаз. Үшіншіден – әйгілі жырау, оның жырлары оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-тарихи мұра. Қорқыт – атақты ақын, асқан күйші, ойшыл, ән-күй өнерінің атасы, VIII–X ғасырлар арасында өмір сүрген. Қазіргі кезде Қорқыттың 15-тен астам күйлерінің аты белгілі, бірақ нотаға түсіріліп жеткені 11 күй. Арада сан ғасырлар өтсе де, атадан балаға мұра болып қалған Қорқыт күйлері ел арасында сақталып, біздің дәуірге жеткендігі ерекше құбылыс.

***ЖАМАН ИТТИҢ АТЫ – БЕРУБАСАР, ЖАМАН АДАМДЫҢ АТЫ КЫДЫР-НАЗАР**

Арийне, жақшы тилекте, илгери үмүттө адамдар ар кандай энчилүү аттарды кое беришет. Кеп атында эмес, затында дейт. А мында етмо мааниде, атына карата заты болсо? өндүү ойду айткы-лары келишет.

***ЖАМАН ИТТИҢ АТЫН БӨРІБАСАР ҚОЯДЫ**

Бұл мақалдың мәні: атына заты сай болмау. Қазақ иттің психологиясын басқалардан анағұрлым көп біледі, итті ауызға бұрын алады, итке деген танымдық көзқарасы бөлек. Ертеде түркі көсемдері қадірлі де ұлы қолбасшының бойынан аңдарға тән он түрлі қасиеттің табылуын талап еткен екен. Ол қасиеттер: бөрі, көкжал, арыстан – батылдық, қабан – қажырлы, аю, түлкі – қу, бит – қан сорғыш, жылан – улы, піл – күштілік.

Ұлы ақын Абай өзі жақтырмаған нәрсесін «ит» деп атаған. Белгілі киногер Б. Бордо айтқан екен: «Адамдарды тани түскен сайын иттер туралы ойлаймын». Тілімізде бейпіл ауыз адам туралы «аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты» деген сөз бар. Иттің жоғарыда аталған жақсы қасиеттерінен басқа жаман жақтары да бар. Иттің бәрі аң алмайды. Қасқыр алу, бөріні басып алу кез келген итке тән емес. Қасқырды қазақ атын атауға қорқып, бөрі атаған. Бөрібасар деген сөз қасқыр алу ұғымымен пара-пар.

***БИБИ ФАТИМАНЫҢ ҚОЛЫ**

Әу, тәу, тәу, Сыламақ менен,
Қатып қалмақ сенен.
Менің қолым емес,
Бибі Фатима, Бибі Зухра қолы!
Ұмай ана, Қамбар ана қолы!

Айша биби жайлы деректер көп жагдайда бизге аңыз түрінде жеткен. Ал аңыз оны төрт түліктің бірі сиыр малының атасы деп есептейтін Зеңгі бабаның кызы еді дейді. Сол аңыздың айтуынша Айша биби жорыкка жүрген Қараханмен көңіл қосып, өмірлік серік болуға уағдаласады.

***УМАЙ ЭНЕНИН КОЛУ**

Жер шарында жашаган калктардын көпчүлүгүндө энелерди жана жаш балдарды коргогон, дайыма руханий жактан колдоого алып турган аял кудайлары, пайгамбарлары, легендарлуу ыйык энелери болгон. Маселен, египеттиктер де «Исида», вавилондуктарда «Иштар», финикиялыктарда «Астарда», байыркы Индиянын жергиликтүү калктарында «Аи» ыйык энелердин ролун аткарган. Ал эми Борбордук Азияда, Түштүк Сибирде жана СаянАлтай аймактарында жашаган байыркы түрк калктарында бул сыяктуу касиеттүү эне «Умай» (Умай эне) деп аталган. Эгер де биз этнографиялык материалдарга көз чаптырсак, анда «Умай эне» жөнүндөгү түшүнүктөр жана аны менен байланыштуу аткарылган ырымжырымдар байыркы кыргыздардын үйбүлө турмушунда кенен орун алгандыгын көрөбүз.

Маселен, жаңы төрөлгөн баланын куймулчагындагы баса көк такты кыргыздар «Умай энеси уруп кетиптир» дешип кубанышып, жакшылыкка жорушкан. Жаш баласынын бетин эртең менен жууп жатканда айрым энелердин: «Мурунку убакта балдар түнүчүндө уктап жатканда Умай энеси келип жууп койчу эле», деген сөздөрүнөн касиеттүү эненин балдар жөнүндөгү камкордугун байкоого болот. Умай эненин жардамына, айрыкча, боюнда бар аялдар, төрөт мезгилинде, балдарды оорудан жана башка ар кандай кырсыктардан сактап калуу үчүн өткөргөн ырым-жырым дарында кайрылышкан.

***УМАЙ ЭНЕҢЕ ТАПШЫРДЫМ**


Балдарды бир жакка жөнөткөндө энелери: «Умай энеңе тапшырдым», деп сөзүн аяктаган. Умай эне жөнүндөгү түшүнүктүн өзүнчө тарыхы бар. Этнографиялык материалдарга караганда Умай эне жөнүндөгү уламыштар, ырымжырымдар жана ал жөнүндөгү терминдер биздин замандын алгачкы этаптарында эле түрк тилинде сүйлөгөн Батыш Сибирь калктарында орун алгандыгын көрөбүз. VI VIII кылымдарга таандык болгон байыркы түрк руникалык жазууларынан да Умай эненин ысмы аталгандыгын көрүүгө болот. Маселен, таш жазуусунан мындай сүйлөмдү жолуктурабыз:

«Түрк эли жок болбосун деп Каган атамды, Умай энемди Теңир колдоду, Теңир өзүмдү хандыкка отургузду»

№7 тапсырма. Хакас тіліндегі антропонимдерді үлгі бойынша толтыр

Антропоним	Әйел есімі	Ер есімі	Мағынасы	Қазак тіліндегі нұсқасы	Баска қай тілде кездеседі
Артик		+	Артық	Артық	Түрікмен
Чибек	+		Жібек	Жібек	
Паға					
Хозан					
Кабрис					
Чохырай					
Хазах					
Алтай					
Арамзар					
Мамай					
Наран					
Чахайах					
Ызырга					
Хурчу					
Коче					
Малта					
Айас					
Чюстюк					
Пызылах					
Соян					
Хулун					
Саасхан					
Мылтых					
Нымырт					
Чама					
Тюлгю					

№8 тапсырма. Сөзжұмбақты шеш



1. XIII–XV ғ. басында Шығыс Дешті Қыпшақ жерінде қандай мемлекет өмір сүрді?
2. Астана қаласының бұрынғы атауы
3. «Көшпенділер» трилогиясының авторы
4. Күй атасы – ...
5. Қазақтың соңғы ханы
6. «Жеті жарғы» заң жобасын жасаған қазақтың ұлы ханы
7. Қазақстандағы жер көлемі бойынша ең үлкен облыс
8. «Айғай құм» атты атақты құмды төбе қай облыста орналасқан?
9. Қабанбай батырдың шын есімі
10. Қазақтар жаңа жылды қай айда тойлайды?
11. Қазақстанның тұңғыш президенті
12. Үш жүздің басын біріктірген хан
13. Қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер
14. Қазақстан Республикасының туының авторы
15. Маңғыстау облысының орталығы
16. «Қазақстанның Швейцариясы» атанған қала
17. Әлемдегі ең ірі ғылыми ғарыш полигоны









№9 тапсырма. Қай халықтың фалеронимдері бейнеленген және не үшін берілгенін түсіндіріңіз, орден-медальді толықтырыңыз

















№10 тапсырма. Чуваш халқының орнаменттеріне зер салып, символдық мәнін анықта

Символ	Мағынасы	Символ	Мағынасы
	Күн, үндестік, келісім		Жарық, Жылулық, ошақ, өмір жылуы
	Біз отбасымыздың ұлылығын көрдік және Көре береміз		Бірлік
	Туыскандық көмек, Ынтымақтастық		Намыс, Еркіндік,
	Рухани және рулық байланыс		Талант, Табыс, Тағдыр, Жазмыш
	Құдайдың көзі – Тур, аспан, Бейбітшілік, Рухани жаңғыру		Шындық, заң, гуманизм, әділеттілік
	Дүниенің жаратылысы, бірлік, реквием		Ағаш, сиқырлы орын, табиғатқа Арнау
	Ашу-ызадан сақтайтын тұмар		Жарыс, тайталас, жарық пен қараңғылық
	Келісім, татулық		Бейбітшілік, одақ, келісім
	Намыс, ерлік, парыз, адалдық		Көк, аспан әлемі
	Көктің жермен байланысы		Шынды бағындыру

	Қозғалыс, эволюция		Ой, білім
	Еңбекқорлық, Шыдамдылық, тіршілік		Қалқан, бірліктің амулет, әнұран
	Жақындарға камқорлық		Сенімділік үміт
	Тұрғын үй, баспана, шаңырақ		Жиын, көмекке шақыру

	Бір отбасының ұрпақтары, бір үрім-бұтақ жалғасы		Отбасының көбеюі
	Өзара түсінудің		Махаббат, өзара сыйластық
	Адамзат, интеллект, күш, денсаулық, рухани сұлулық		Жақын туыстар, жерлестік
	Ұрпақ жалғастығы, Мықты отбасы		Адалдық, өгей әкемен байланыс
	Достық, ортақ іс, қолдау, сенім		Өмір ағашы, өмір салтанаты, даналық
	Ұлттық қадір- қасиет, өзіндік мүдде		Равенство, понимание, согласие
	Қамқорлық, қайырымдылық,		Жақын туыстар, достық

	Отбасы, ошақ мейірімділік		Отбасының жанашыры
	Адалдық, бірлік, махаббат		Рулық күш, Ұлт рухы
	Өріс, астық		Шекара, бөлісу
	Өлшем бірлігі		Дәуір, кезең, уақыт
	Күнә мен қайырымдылық өлшем ыдысы		Өмір мен өлім
	Өмір жолы, сүрлеу		Рухани өсу, ар-ұждан, ерік
	Қайырымдылық		Сұхбат, кеңес, диалог

№1.

ПАРЕОМИОЛОГИЯДА КЕЗДЕСТІН ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕР

СКИФ АНАХАРСИС ОСЫЛАЙ СӨЙЛЕДІ

Анарыс (Анахарсис) – б.з.б.VII–IV ғасырларда өмір сүрген сақ ғұлама-сы. Анарыс жөніндегі деректерді Геродоттың «Тарих» және Платонның «Мемлекет» деген еңбектерінен табуға болады, мысалы «Протагорда» әлемдегі жеті ғұламаның (Фалес, Солон, Периандр, Питтак, Биант, Хилон, Клеобул, Анахарсис) бірі деп таниды. Анарыс Афинада Солонмен жақын дос болған. Еуропа-лықтардың сақтарды скиф деп танығандықтарынан *Скиф Анахарсис* аталған. Кеменің зәкірін, шығырлы дөңгелекті Анарыс ойлап тапқан деседі. Анарыстың басты ерекшелігі өте шешен кісі болған және көптеген афоризмдер, яғни на-кыл сөздер қалдырған.

Афинада зиялы қауым арасында оның шешендігін, кеменгерлігін мойын-дап, *Скиф Анахарсис осылай сөйледі* деген мәтел тараған.

Анарыс Афинада әйгілі кеменгер Солонмен жақын дос болған. Оның есі-мі Аристотельдің «Аналитикасының» 2-кітабында, «Никомах этикасында» да аталады. Анарыс туралы мол мағлұмат Лукианда да беріледі.

Анарыстың көркем бейнесін Плутарх жасаған. «Жеті ғұлама сауығы» аталатын еңбегінде Фалес, Солон, Периандр, Питтак, Биант, Хилон, Клебул-дармен қатар оның да есімі аталады. Анарыс есімі Мишель Монтеннің «Тәжі-рибелерінде» екі жерде аталып өтеді. Диоген Лаэртскийдің «Атақты философ-тардың өмірлері, ілімдері, нақыл сөздері» аталатын кітабында «Анарыс айтты» деген афоризмдер келтіріледі.

Анарыстан қалған: *Басқа бәле тілден,, Татымсыз мың достан адал бір дос артық, Базар – адамдардың бірін-бірі алдап арбап, ұрлап-жырлауы үшін әдейі жасалған орын, Элладалықтар қызық осы, мұнда сөзді ақылдылар ай-тады да, ал мәселені ақымақтар шешеді* секілді т.б. даналық сөздері бүгінге жетіп отыр. Кемелерді жасайтын материалдың берік болуына мән беріп: «өмір мен өлімнің арасы төрт-ақ елі» деген сөз Анарыстан қалған. «Ең қауіпсіз кеме қандай?» деген сұраққа, оның: «қайранда тұрған кеме» деген жауабы да тарихта сақталып қалды. Өз елінде көз жұмған Анарыс ақтық дәмі үзілерде: *Элладада менің ақылым сақталса, туған жерімде қызғаныш құрбаны болдым* деген екен.

Анарыстың шешендігін мойындаудың белгісі ретінде афиналық зиялы қауым арасында *Скиф осылай сөйлейді* деген мәтел тараған.

***КӨКТЕ КҮН ЖАЛҒЫЗ
ЖЕРДЕ ҒҰН ЖАЛҒЫЗ**

Бұл мақалдың беретін мағынасы: бүкіл Еуразиялық жазықтықта Ғұн им-периясы аспан астындағы елді жалғыз бір өзі билеп-төстеген еді.

Осы мақалдың ұйғырша басқа баламасы «Көктә күн ялғуз, йәрдә – һун». Мағынасы ғұндардың сымбатты келбетті, көрікті сипаты туралы мәнге ие. Ұйғыр мақал-мәтелдерінің ішінде ғұндардың, Ғұн империясының соғысқұмарлығын, шапқыншылық саясатын паш ететін, қазақ тіліндегі осы мақалмен мағыналас, ұқсас балама мақал да қалыптасқан: Һүн йоқимиғунчә жаһан тинжимас. Қазақша аудармасы: Ғұн жоғалмай жаһан тынышталмас.

Қазақ халқының тарихын қамтитын түркі өркениеті ғұндар тарихынан бастау алады. Ғұндар түркі қағанаттарына бөлінді, Батыс түркі қағанатын құрған оғыздар батысқа кетіп қалды. Ал қазақтар мен татарлар Шығыс түркі қағанатының негізін салды.

***ЕСКЕНДІРДІҢ ҚОС МҮЙІЗІ**

Бұл тіркес *іште жатқан шер, құпия, сыр* ұғымында жұмсалады. Бұл жұрт Ескендірді біле ме екен» (Абай) дегендей, ежелгі дүниенің аса ірі қолбасшыларының бірі II Филиптің ұлы, Аристотельдің шәкірті, Шығыста Ескендір Зұлқарнайын (араб. Екі мүйізді) атанған, есімі Низами поэмасы арқылы мәшһүр болған Александр Македонский. Оның «екі мүйізді» деп екі тұлымы не тәжінде екі мүйіз болғандықтан, не Египет патшасы қос мүйізді Амонға ұқсатуынан алынған деген жорамал бар.

Александрдың Ескендірге айналуының мынандай сыры бар: *ал* – араб артиклі, көпке танымал аттардың алдында тұрады: әл-Коран, әл-Жазир, әл-Беруни т.б. Кірме сөздерде, мысалы гректің *элексир* сөзін арабтар иксир деп қолданады. Сол секілді *Александр* сөзі алдымен *ал* буынын жоғалтады, да *ександр* сөзі қалады. Кейін айтылу барысында *к* мен *с* дыбыстары орнын ауыстырады, яғни *ескандр* түріне келеді. Ары қарай *д* мен *р* арасына *а* дыбысы түседі де *скандар* болып шығады. Сонымен *Александр* – Иксандр – Искандр – Искандар – Ескендір болып өзгерген. Ғалым Орынбай Бекжан көне құнқ тіліндегі *темір мүйізді өгіз* деген ұғымға сәйкес сөз дей келе былай талдап түсіндіреді: *өкүс кенк дүр > үкіскендір > кіскендір > іскендір*. Мұндағы өкүс – өгіз, кенк – темір, металл, дүр // дор // дар // бар // мар – мүйіз мағыналарын білдіретін сөздер.

Аңызда Ескендірдің шашын алған шаштараздың басын алып отырғандығы баяндалады. Күндердің бір күнінде бір шаштараз «ешкімге айтпаймын» деп ант-су ішіп, тірі қалады да, бірақ құпия ішіне симайды. Бір күні қамыстың арасына барып: «Ескендірдің қос мүйізі бар», – деп сыбырлайды. Бұл құпия кейін сол жердегі қамыстан жасалған сыбызғыдан елге тарап кетеді. Шығыс халықтарының түсінігінде: адамға біткен мүйіз – аса бір ерекшеліктің, бақыттылықтың айғағы іспетті. Осыған байланысты қазақта «қане, шыққан мүйіздің» деген тіркес қалыптасқан, ол «артықшылығың қандай» деген ойдың баламасы ретінде осы күнгі қолданыстан шықпай, айтылып келеді.

***ҚАЗЫҒҰРТТЫҢ БАСЫНДА КЕМЕ ҚАЛҒАН,
ОЛ ӘУЛИЕ БОЛМАСА НЕГЕ ҚАЛҒАН...**

*Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол әулие болмаса неге қалған...
Жетім бота үстінде жатып қалып,
Ойсылқара жануар содан қалған.
Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол «әулие» болмаса, неге қалған?
Қыршаңқы тай үстінде жатып қалып,
Қамбар ата жануар содан қалған.
Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол «әулие» болмаса, неге қалған?
Тышқақ тана үстінде жатып қалып
Зеңгі баба жануар содан қалған.
Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол «әулие» болмаса, неге қалған?
Қотыр тоқты үстінде жатып қалып,
Шопан ата жануар содан қалған...»*

***КҮЛТӨБЕНІҢ БАСЫНДА КҮНДЕ ЖИЫН**

Мәтел күнде мәжіліс құрып, ешнәрсені шеше алмай бос жинала бергенді суреттеу үшін қолданылады. Бұл мәтелдің шығуы туралы ел аузында мынадай аңыз бар. Тәуке хан тұсында қазақтың би, болыстары Түркістан маңындағы Күлтөбе деген жерге (Ордабасы) күнде жиналып кенеседі екен. Онда елге тиген жауды қалай да жеңіп шығу, халықтың мал-жанын жауға талатпау жағы сөз болады. Бір күні олар күндегі әдеті бойынша төбе басына жиналып, әңгіме дүкен құра бастағанда, Қаратау жақтан жау келіп қалады. Сөзге жомарт, іске нәмәрт билер жауға төтеп бере алмай, өз бастарын сауғалап қаша жөнеледі. Сонда жаудың соққысына жығылып азап көргендер хан мен билерге ыза болып: «Күлтөбенің басында күнде жиын, ақыры бұл жиынның болды қиын» депті. Қазіргі тілде бұл сөздердің тек бірінші бөлімі ел арасына кеңінен таралып, мәтел ретінде жоғарыда көрсеткен мағынада қолданылып жүр.

***АБЫЛАЙДЫҢ АСЫНДА ШАППАҒАНДА,
АТАҒЫҒЫҢ АСЫНДА ШАБАСЫҢ БА**

